

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

С.М. Нурбекова
Г.Ж. Тенгебаева
А.М. Адилова
М.А. Шокубасова
Г.К. Султанова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

3



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ17

Қ17 Нурбекова С.М. т.б.
Қазақ тілі. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім / Нурбекова С.М., Тенгебаева Г.Ж., Адилова А.М., Шокубасова М.А., Султанова Г.К. – Астана: «Арман-РВ баспасы», 2026 – 144 бет.

ISBN 978-601-201-493-8
ISBN 978-601-201-492-1

Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жазылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-201-493-8 (жалпы)
ISBN 978-601-201-492-1 (1-бөлім)

© Нурбекова С.М.,
Тенгебаева Г.Ж.,
Адилова А.М.,
Шокубасова М.А.,
Султанова Г.К., 2026
© «Арман-РВ баспасы», 2026

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер



– Тыңдалым



– Оқылым



– Айтылым



– Жазылым



– Шығармашылық тапсырма



– Жұптық тапсырма



– Топтық тапсырма



– Ойла, ойна



– Есіңе сақта! Ереже



– Аудио, бейнематериалдар

Ескерту

Жұлдызшамен берілген сөздердің (мысалы, інжу*) мағынасы 136–138-беттердегі түсіндірме сөздікте берілген.

Алғы сөз

Қымбатты дос!

Қолыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы – тіліміздің байлығын танып, дұрыс сөйлеуге және жазуға баулитын сенің сенімді серігің.

Бұл пән арқылы сен қазақ тілінде еркін сөйлеп, өз ойыңды анық жеткізуді, мәтінді түсініп оқуды және сауатты жазуды үйренесің.

Оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысында ауызша және жазбаша тіл байлығыңды дамытасың. Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларыңды жетілдіресің.

Әр бөлімде табиғат, әдептілік, достық, уақытты тиімді пайдалану, еліміздің мәдениеті мен сәулет өнері сияқты қызықты әрі өмірмен тығыз байланысты тақырыптар қамтылған.

Оқулықтағы QR-код арқылы аудио және бейнематериалдарды көріп, тыңдай аласың. Сондай-ақ түрлі интербелсенді тапсырмаларды орындап, біліміңді толықтырасың.

Оқулықпен бірге электрондық оқулық та ұсынылады. Онда қосымша материалдар, қызықты интербелсенді тапсырмалар берілген.

Қазақ тілін сүйіп үйрен! Өйткені қазақ тілі – халқымыздың бай мұрасы, ұлттың рухы мен жүрегі.

Саған табыс пен сәттілік тілейміз!

Ізгі тілекпен, оқулық авторлары.



1-БӨЛІМ

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

Бұл бөлімде:

- тіл және сөйлеу туралы түсінік аласың;
- жазбаша және ауызша сөйлеуді еске түсіресің;
- мәтін түрлерін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайсың;
- сөйлеу мәдениетіне жаттығасың.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің не туралы екенін анықтауды және автордың не айтқысы келгенін түсінесің;
- мәтіннен тірек сөздерді белгілеуді үйренесің.



1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы. Тірек сөздерді белгіле.

Тіл – адамға берілген ең үлкен байлықтың бірі. Ал сөйлеу – тілді қолданудың негізгі жолы. Біз тіл арқылы ойымызды айтып, сезімімізді білдіреміз. Егер тіл болмаса, біз бір-бірімізді түсіне алмас едік.

Әр адамның анық, дұрыс әрі сыпайы сөйлей білуі маңызды.

Әдепті болуды, үлкенді құрметтеуді, бір-бірімізді сыйлауды үйренеміз. Сауатты сөйлеу – мәдениеттіліктің белгісі. Қазақстан Республикасының Конституциясында (Негізгі заңында) қазақ тілі мемлекеттік тіл деп белгіленген. Сондықтан ана тілімізді құрметтеп, көркем әрі дұрыс сөйлеуге ұмтылуымыз керек.

Г. Сұлтанова

- Мәтін не туралы?
- Автордың не айтқысы келді деп ойлайсың?

- Мәтін не туралы? → **Тақырып**
- Автор не айтқысы келді? → **Мәтіннің негізгі ойы**



2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Адам тіл арқылы Тіл – Әдепті адам

Қажетті сөздер: сөйлейді, қарым-қатынас құралы, мәдениетті сөйлейді.



3-жаттығу. Суретке қара. Сөйлем құра.



- Сөйлеудің қай түрі жүзеге асты?
- Ауызша және жазбаша сөйлеу түрін ажырат.
- Сен қай сөйлеу түрін жиі қолданасың? Неліктен?



4-жаттығу. Топта кестедегі сұрақтарды талқыла. Тірек сөздерді пайдалан.

Сөйлеу не үшін қажет?	Қандай сөйлеу түрлерін білесің?	Жазбаша сөйлеуге не жатады?	Ауызша сөйлеуге не жатады?

Тірек сөздер: жазбаша, пікір алмасады, кеңеседі, ауызша, жазу, айту, оқу, тыңдау.



5-жаттығу. Нақыл сөзді көшіріп жаз. Оның мағынасы туралы достарыңмен ой бөліс.

Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз.

Ж. Баласағұн



6-жаттығу. «Менің тілім – ...» деп басталатын, 3–4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жаз.

Бүгін сабақта:

- мәтін тақырыбын және негізгі ойды анықтауды үйренесің;
- мәтінді көркем, қатесіз көшіріп жазуға жаттығасың.



7-жаттығу. Суретті қара. Сурет бойынша диалог құрыңдар. Әдепті, сыпайы сөздерді қолданыңдар.



- Егер сен алманы жегің келмесе, қалай әдепті түрде бас тартар едің?
- Балалар сөйлеудің қай түрін жүзеге асырды деп ойлайсың?



8-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Адам баласы сөйлесу арқылы бір-бірімен түсініседі. Көркем сөйлеу – үлкен өнер. Сөйлеу барысында дауыс ырғағы, сөздің анық айтылуы, әдептілік маңызды.

Сөйлеуді үйрену үшін көп оқу, тыңдау және әңгімелесу керек. Көркем әдебиетті оқу тілді байытады, сөздік қорыңды көбейтеді.

Әдепті сөйлей білсең, жұрт саған құрметпен қарайды.
Сондықтан әрбір адам сөйлеу мәдениетін меңгеруі қажет.

- Мәтінге тақырып қой.
- Автор не айтқысы келді? Негізгі ойды анықта.



9-жаттығу. Сөйлемдерді көркем, қатесіз көшіріп жаз.

Тілді қадірлеу дұрыс сөйлеуден басталады. Адам мәдениетінің алғы шарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білген де өнер.

Ғ. Мұсірепов



10-жаттығу. Мақалдардың басы мен жалғасын сәйкестендіріп жаз.

Тіл қаруы – сөз,

Көре-көре көсем болар.

Сөйлей-сөйлей
шешен болар,

Білімдінің сөзі жібектей.

Білімсіздің сөзі
білектей,

Сөз қаруы – ой.

- Мақалдардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.



11-жаттығу. QR-ды ашып, бейнебаянды көр. Ертедегі адамдар өз ойын қалай жеткізген екен? Ойыңмен бөліс.



12-жаттығу. Үш беттен тұратын шағын кітапша жаса. Әр бетке тақырып қой. Кітапшаңда көркем сөйлеудің маңызын көрсет.

Әдепті сөйлеу
туралы 1 мақал
жаз.

Көркем сөйлеу
қандай болады?
2 сөйлем жаз.

Көркем сөйлеу
үшін не істеу керек?
3 сөйлем жаз.

Бүгін сабақта:

- дауыс ырғағы арқылы тыңдарманның назарын өзіңе аудартасың.



13-жаттығу. Сөйлемді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Айым қай кезде ренжіп қалуы мүмкін?



– Айым, міне, ұста! Саған ұнаған жапырақ осы ма?



– Айым, міне, ұста! Саған ұнаған жапырақ осы ма?



14-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Сөйлескен кезде балалардың дауыс ырғағы қандай болды? Олар бір-біріне қандай сыпайы сөздер айтты?





15-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы. Дауыс ырғағына мән бер.

Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
Жерге інжу* шашқандай,
Күміс моншақ шық түсіп.

Бұтақты бүге балбырап,
Көз тартады, көріңіз.
Алма піскен албырап,
Маужырап барқыт қоңыр күз.

Қайың, терек басынан
Сарғылт тартып жапырақ.
Жерге түсіп шашылған,
Жел үрсе тек қалтырап.

Кемедей кешіп комбайн*
Алтын дария егінді,
Сүзіп жүр маржан бидайын,
Күзіміз неткен көңілді.

Т. Жароков

- Өлеңге тақырып қой.
- Өлеңнің негізгі ойын анықта.
- Өлеңде күздің қай кезі (күздің басы, ортасы, соңы) суреттелген? Дәлелде.



16-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Күз дегеніміз – байлық, молшылық: астық, жеміс-жидек, көгөністер. Осының бәрі күзде пісіп-жетіледі. Өне, қараңдаршы! Дала да, егін де, тоғай да – бәрі де сап-сары. Сондықтан да халық күзді «алтын күз» дейді.

Ә. Табылдиев



17-жаттығу. 15 және 16-жаттығудағы өлең мен мәтіннен күздің белгілерін тауып, топта талқылаңдар. Кесте бойынша жазыңдар.

Өлең	Мәтін	2-еуіне ортақ белгілер



18-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырманы орында.

- Сөйлемдерді әр мамандық иесінің сөйлеу мәнері мен дауыс ырғағына салып оқы.



Бүгін сабақта:

- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысасың;
- тыныс белгісіне қатысты қателерді түзетуге жаттығасың.



19-жаттығу. Жағдаятты оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Атасы, әжесі, немересі бақшада жұмыс істеп жүр. Немересі досынан көмек сұрамақшы болды. Ол досына қалай айтуы керек?

1. Көмектесші, өтінемін.
2. Досым, көмектесші.
3. Маған жылдам көмектес!

- Қай сөйлемдер сыпайы естіледі?
- Қай сөйлемде сөйлеу мәдениеті сақталмаған?



20-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Мәтін не жайлы?
- Неліктен еңбек адамға қуаныш әкеледі?
- Мәтін мазмұны бойынша жұптасып диалог құр.



21-жаттығу. Сөйлемдердің тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Күзде адамдар бау-бақшада жеміс-жидек тереді диқандар егін орады малға қысқы азық дайындайды күзде оқушылар мектепке барады.



22-жаттығу. Жағдаятты оқыңдар. Сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогті жалғастырыңдар.

Күз келді. Мектепте сенбілік ұйымдастырылды. Оқушылар мектеп ауласын тазалап, жапырақ жинап, ағаштарға күтім жасауда. Сен де жұмыс істеп жүрсің.

Бір кезде сенің сыныптасың шаршап, жұмысын тоқтатқысы келді. Ал сен жұмысты соңына дейін аяқтау керек деп ойлайсың. Осы жағдайда екеуің өзара сөйлесесіңдер.

- Сәлем, сен шаршап қалдың ба?
- Иә, біраз шаршадым.
- Кел, мен саған көмектесейін, тезірек бітіреміз.
- ...



23-жаттығу. Өлеңді оқы. Өзің тұратын жердегі күздің көрінісімен салыстыр.

Алтын, сары, қызыл, көк...
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
Күн шуаққа маужырап,
Жатыр еді атырап.

Ағаштардан жамырап,
Үшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді жатып ап.

Қ. Шаңғытбаев



24-жаттығу. Ұйқасын тауып, жаз.

Күзде бақта ... ,
Жемістердің
Еңбектенген адамның
Жайнай берсін



Керекті сөздер: көп түрі, көңілі, молшылық.

Бүгін сабақта:

- мәтін және оған тән белгілерді есіңе түсіресің;
- тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрайсың.



25-жаттығу. Екі бағандағы жазбаларды оқы. Салыстыр.

Орман. Ағаштар.
Құстар ұшады.
Жасыл. Таза ауа.
Қорғау керек.

Жер де, жануарлар да жасыл желексіз*
өмір сүре алмайды. Оның ішінде орман-
тоғай алқаптарының ел мен жер үшін
маңызы үлкен. Орман ағаштарының
емдік қасиеті де аса зор.

«Egemen Qazaqstan» газетінен

- Қайсысы мәтін? Неліктен?
- Сөйлемдер бір-бірімен байланысқан ба?



26-жаттығу. Сызбаға мұқият қара. Мәтін белгілерін есіңе түсір.





27-жаттығу. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін сөйлемді алып тастап, көркем жаз.

Орман – көптеген жан-жануардың баспанасы. Мұнда қояндар, түлкілер, бұғылар, түрлі құстар мекендейді. Кешкісін автобус тұраққа тоқтады. Орман оларды суықтан, жауыннан қорғайды, қорекпен қамтамасыз етеді.



28-жаттығу. Суретке мұқият қара. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрап жаз.



Тірек сөздер: күз, қысқы азығын, жаңғақтар, шырша бұрларін, інін дайындайды, ағаштан ағашқа, кепкен жемістер.

- Құраған мәтініңе тақырып қой.
- Үй жануарлары өздеріне қорек дайындай ма?



29-жаттығу. Мәтінді оқып, белгілерін анықта.

Орман – табиғаттың маңызды бөлігі. Орман ауаны тазартады, топырақты қорғайды, ауа райын реттейді. Сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету ортасы. Орманды қорғау – біздің басты міндетіміз.

- Мәтін не туралы?
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Мәтінде қандай қорытынды жасалған?

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспар бойынша мәтін құрауды үйренесің;
- тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілейсің.



30-жаттығу. Берілген сөйлемдерді ретімен орналастыр.

Сондықтан ағаш отырғызу керек.
Өсімдіктер ауаны тазартады.
Өсімдік – біздің байлығымыз.

- Қай сөйлем бірінші тұруы керек деп ойлайсың? Неге?

Мәтіннің басы, негізгі бөлігі, қорытындысы болады.



31-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Тірек сөздерді жаз.
- Мәтінге қандай тақырып қоюға болады?
- «Жасыл желек» деген тіркестің мағынасын түсіндір.



32-жаттығу. Жоспар бөліктерін оқып, ретімен жаз.

Жоспар:

1. Табиғатты қорғау – әркімнің міндеті
2. Мектеп ауласында
3. Жасыл желекке күтім




33-жаттығу. Мақалды аяқтап жаз.

Отансыз адам –
... ..
Жаңбыр бір жауса,
... ..
Ағаш жапырағымен,
... ..
Жел дауылды шақырады,
... ..

Керекті сөздер: терек екі жауады, ормансыз бұлт-
бұлт, бұлт жауынды шақырады, жер топырағымен.



34-жаттығу. Суретке қара. Суретке байланысты 5 сөз айт.



- 5 сөзді пайдаланып, шағын мәтін жаз. Мәтінді «Мен табиғатты жақсы көремін, өйткені...» деген сөйлеммен баста.
- «Таза Қазақстан» акциясына қатысып жүрсің бе? Табиғат неге ластанды деп ойлайсың? Оны қорғау үшін не істеу керек? Сөзіңнің соңында табиғатты қорғауға қалай атсалысатыныңды айт.

Бүгін сабақта:

- мәтін түрлерін және оның бөліктерін анықтауды үйренесің;
- сызба, кесте арқылы мағлұматтың маңызды тұстарын анықтайсың.



35-жаттығу. Сызбаға сүйене отырып, мәтін түрлері туралы білімді есіңе түсір.





36-жаттығу. Берілген үш мәтінді түсініп оқы. Салыстыр.

I. Сексеуіл

Сексеуіл – ағаш тұқымдас өсімдік. Оны құмды шөлдің қорғаны деп атайды.

Елімізде ақ, қара және зайсан сексеуілі деген үш түрі кездеседі. Ақ сексеуіл құмды төбелерде өседі. Қара сексеуіл жазықтарда кездеседі. Оның тамыры 10–11 метр тереңге кетеді. Ақ сексеуілге қарағанда жуан болады. Биіктігі 7 метрге дейін жетеді. Тамырын тереңге жаяды. Осы екеуіне тән ерекшеліктер зайсан сексеуілінде де бар.

Сексеуіл ерекше қорғауға алынған.

Н. Бисүгіров, орман қорықшысы

II. Ерекше ағаш

Сексеуіл – шөл мен шөлейт жерлерде өсетін ерекше ағаш. Оның тамыры жердің терең қабатына дейін кетеді. Сексеуілдің жапырағы болмайды, тек ұсақ бұтақтары бар. Ол ыстыққа да, суыққа да төзімді.

Сексеуілдің жас бұтақтарын түйелер мен қойлар құмартта жейді*.



Б. Әзірханов

III. Шөл патшасы

Жазушы Мұхтар Әуезов сексеуілді «шөл патшасы» дейді. Сексеуіл өскен жерде құмды жел айдап кете алмайды. Жаққан кезде қызуы мол, шоғы ұзақ сақталады. Сондықтан отынға пайдаланылған. Қазір кесуге тыйым салынған.

Т. Болсынбек

- Мәтін түрлерін ажырат.
- Мәтіндерден алған ақпаратты кесте бойынша қорытындыла.

Тақырыбы	Өсетін ортасы	Табиғаттағы ерекшелігі	Адамдарға пайдасы

- Пайымдау мәтінін көшіріп жаз.



37-жаттығу. Сексеуілдің пайдасы туралы 1 минуттық бейнебаянға арналған мәтін құраңдар.



Сексеуіл

Сексеуілдің
пайдасы

Оны қалай
қорғаймыз?



38-жаттығу. Жұмбақты оқы. Шешуін тап. Жатқа жаз.

Шөлде гүлдейді, құлпырады,
Суда өмірі қырқылады.

(...)



39-жаттығу. Суретке қарап, әңгімелеу мәтінін құрап жаз.



Бүгін сабақта:

- әңгімелеу мәтінінің құрылымдық бөліктерін анықтауды үйренесің;
- қателерді тауып, түзетуге жаттығасың.



40-жаттығу. Кестеге қара. Әңгімелеу мәтіні туралы ереже құра.

Мәтін түрі	Сұрағы	Нені баяндайды?	Бөліктерін ата
Әңгімелеу мәтіні	Не істейді? Қайтеді?	Бір нәрсе туралы хабарлайды	Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды



41-жаттығу. Мәтінді оқы.

Күз келді. Ағаш жапырақтары сарғайып, жерге баяу түсіп жатыр. Қаздар жылы жаққа бет алды.

Әйгерім мен Әділ мектептен келе жатып, ұшып бара жатқан құстарға ұзақ қарап тұрды. Әділ:

– Қаздар неге бұлай тізіліп ұшады? – деді.

– Олар сыналай ұшып*, артындағы жолдастарының ұшуына жеңілдік туғызады. Белгілі бір уақыттан кейін ең алдындағы құс артқа өтеді. Оның орнын арттағы құс басады екен, – деді Әйгерім.

– Қаздар нағыз ұйымшыл, бір-біріне қамқор тіршілік иелері екен ғой! – деп қорытындылады Әділ.

Э. Исабаева

- Мәтіннің қай түріне жатады?
- Негізгі ойын анықта. Тақырып қой.
- Мәтінді бөліктерге бөл (басы, негізгі бөлім, қорытынды).



42-жаттығу. Өлеңді оқы. Қатесін тауып, дұрыс нұсқасын жаз.

Күз келді, жапырактар сарғайды,
Менің жаным кереметті қалайды.
Аспанда адемі ушқан бір топ құс,
Жылы жакқа мені кимай барады.

Е. Саболов



43-жаттығу. Мәтінді оқып, оған тақырып қой.

Әлемде тырналардың 15-ке жуық түрі белгілі. Олардың көбісі Қызыл кітапқа енген. Тырналар жұмыртқаларын басқан кезде қанаттарына балшық жағып алады екен. Бұл әдіс жыртықштардан қорғануға көмектеседі.

- Өзің тұратын жерде тырналар кездесе ме?



44-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырманы орында. Жасырынған құс аттарын тап.



45-жаттығу. Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, 3–4 сөйлемнен тұратын әңгімелеу мәтінін жаз.



Тірек сөздер: күз, құс, аспан, жылы жақ, қанат, отырықшы құс, қимастық.

Бүгін сабақта:

- сипаттау мәтінінің құрылымдық бөліктерін анықтауды үйренесің.



46-жаттығу. Кестеге қара. Сипаттау мәтіні туралы ереже құра.

Мәтін түрі	Сұрағы	Немі баяндайды?	Бөліктерін ата
Сипаттау мәтіні	Қандай? Қай?	Адам, табиғат, жануарлар сипатталады (түрі, сипаты, ерекшелігі)	Кіріспе, негізгі бөлімі, қорытынды



47-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Бүркіт – жыртқыш құстар ішіндегі ең ірі, ең күшті өрі айбынды*, жылдам ұшатын қыран құс.

Бүркіттің денесі өте мығым*, ірі. Оның ұзындығы 95 сантиметрге дейін жетеді. Салмағы 3 килограмнан 6 килограмға дейін болады. Қанаттарын жайғанда ұзындығы 2 метр дерлік. Қауырсындарының түсі біркелкі қара қоңыр. Желкесі мен мойнының сырты сәл сарғыш-жирен түсті болады. Тұмсығы төмен қарай иілген, ұшы үшкір, өткір.



Қазақ халқы бүркітті ежелден қастерлейді. Оны еркіндіктің, қайсарлықтың белгісі деп санайды. Халық арасында «Құс патшасы – бүркіт, аң патшасы – арыстан» деген теңеу бар.

«Балалар әлемі» журналынан

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Мәтіннің қай түріне жатады? Дәлелде.
- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықта. Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлікте не туралы айтылғанын әңгімеле.



48-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын айт.

Бүркіттің өткір көзі алысты шолып, биіктен барлығын бақылай алады. Олардың көзі адамнан да қырағы. Тіпті кең ауқымды жерді бүге-шігесіне дейін көре алады. Бүркіт адамның бөлек-бөлек көретін бірнеше көрінісін бір қарағанда-ақ бүтіндей көре алады. Бұл қасиет оларға аңға шыққанда көп көмектеседі.

- Мәтіннің қай түріне жатады? Мәтін әңгімелеу мәтіні ме, сипаттау мәтіні ме? Дәлелде.



49-жаттығу. Суреттерге мұқият қара. Өзің қалаған құс жайлы сипаттау мәтінін құра және жаз.



Нұсқаулық:

1. Сипаттау мәтінін жазу үшін құстардың белгілерін (түрін, түсін, ерекшелігін) анықта.
2. Сипаттау нақты болу үшін қандай сөздерді қолданатыныңды ойлан.



50-жаттығу. Орны ауысқан сөйлемдерді ретке келтіріп жаз.

Олар – отбасында жеті атасынан бері бүркітшілер. Айшолпан туралы режиссер Отто Белл «Құсбегі ару» («The Eagle Huntress») атты фильм түсірген. Баян-Өлгейде дүниеге келген қазақ қызы Айшолпан Нұрғайыпқызы 8 жасынан бері құсбегілікпен айналысып келеді. Айшолпан Нью-Йорк қаласында «Азиядағы өзгеріс жасаушы» сыйлығын иеленген.

«Көшпенділер ойыны» кітабынан

- Құсбегілік туралы әңгімеле.
- Саған қандай ұлттық ойындар ұнайды?



51-жаттығу. «Т» әрпінен басталатын құстардың атын жаз.

Т			н								
	о										
			ы								
	ү										
						д					

- Әр құсты сипаттайтын 1–2 сөйлем құра.

Бүгін сабақта:

- пайымдау мәтінінің құрылымдық бөліктерін анықтауды үйренесің.



52-жаттығу. Екі пікірді оқы.

«Қарлығаш – киелі құс»

«Қарлығаш – әдемі құс»

- Қай пікірді дәлелдеуге болады? Неге?
- Сызбаны қолданып, дәлелде.



- Пайымдау мәтіні туралы ереже құра.



53-жаттығу. Мәтінді оқы.

Қарлығаш

Қарлығаш – жыл құсы. Ол көктемде ұшып келеді. Күзде жылы жаққа қайтады.

Қарлығаш ұясын көбіне саз балшықтан жасап, үйдің қабырғасына немесе шатыр астына салады. Қарлығаш



ұшатын жәндіктермен қоректенеді. Сондықтан ол табиғаттағы зиянкестердің санын азайтады. Сол себепті халық қарлығашты жақсылықтың, берекенің белгісі деп құрметтеген.

Қарлығашты қорғау – табиғатты қорғау деген сөз.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан

- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Мәтіннің қай түріне жатады? Дәлелдеу пікірін тауып оқы.
- Мәтінді бөліктерге бөл. Әр бөлікке тақырып қой.



54-жаттығу. Мәтінді оқы. Пайымдау мәтіні екенін дәлелде.

Қазақ халқы қарлығашты киелі құс деп санаған.

Ата-әжелеріміз: «Қарлығаш ұя салған үйге бақыт пен ырыс қонады», – деп айтатын. Бұл – қарлығаш адамдарға тек жақсылық әкеледі деген сөз. Сондықтан адамдар оның ұясына тимейді. Оны қорғау – біздің міндетіміз.

- Пайымдау мәтінінің екінші бөлігін көшіріп жаз.



55-жаттығу. Жұмбақтың шешуін тауып, жатқа жаз.

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.

Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.
(...)



56-жаттығу. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін есіңе түсір.

- Ертегінің мазмұны бойынша өз пікіріңді білдір. Дәлел келтіріп, қорытынды жаса.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтайсың.



57-жаттығу. Суретке қарап, өз ойларыңды білдіріңдер.

– Қандай құстарды «әнші құстар» деп атайды?

– Сен ондай құстарды көрдің бе?



58-жаттығу. Мәтіндерді оқы. Олардың түрін анықтап, сәйкестендір. Айырмашылығын түсіндір.

Бұлбұл – жыл құсы. Бұлбұлды сыртқы келбетіне қарап бірден тану қиын. Оның көлемі кішкентай, дене тұрқы шамамен 16–19 сантиметр аралығында, салмағы 17–26 грамдай болады. Қауырсыны қара-сұр болып келеді. Арқасы мен қанаттары күңгірт*, ал бауыры ақшылдау болады.

Бұлбұл – әдемі дауысымен танылған құс.

Оның үнін естіген адамның көңілі көтеріліп, шабыттанады. Қазақ халқы бұлбұлды қашанда әншіліктің нышаны деп санаған. Халық әншілерін де «бұлбұлдай сайраған» деп дәріптеген. Шынында да, бұлбұлдың даусы таза, әуезді*, ерекше. Сондықтан адамдар оны жақсы көреді, қорғайды.

Бұлбұл – табиғаттың керемет сыйы.

Таңертең Айдана терезені ашты.

Үй маңындағы ағашта бұлбұл сайрап отыр екен. Оның әсем үні бүкіл аулаға жайылды. Айдана құстың даусына таңданып, біраз тыңдап тұрды. Кенет бұлбұл ұша жөнелді. Ол жақын бұтаға қонды да, тағы да шырылдай бастады. Бұлбұлдың әсем дауысынан әсерленген Айданың жүзіне қуаныш ұялады.

Өңгімелеу мәтіні

Сипаттау мәтіні

Пайымдау мәтіні



59-жаттығу. QR-кодты ашып, бозторғайдың әнін тыңда. Алған әсерің туралы 4–5 сөйлемнен тұратын мәтін жаз. Мәтіннің басы, негізгі бөлімі және қорытындысы болсын.



- Табиғаттағы дыбыстарды (құстар, жел, су) тыңдау адамға қалай әсер етеді деп ойлайсың?



60-жаттығу. Мақалдарды көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Құс қанатымен ұшады, адам талаппен ұшады.
 2. Табиғатты сүйген адам туған елін сүйеді.
- Пайымдау мәтінін жазғанда қай мақалды қолдануға болады? Жұптасып, талқыла.

Бүгін сабақта:

- мазмұны ұқсас мәтіндерді салыстыруға дағдыланасың;
- мәтін стилін анықтауды үйренесің.



61-жаттығу. Диалогті жұптасып оқыңдар.

- Жанар, менің жәндіктер туралы білгім келіп жүр.
- Ал маған ертегі оқыған ұнайды.
- Жүр, кітапханаға барайық. Онда қызық кітаптар өте көп.
- ...

- Сендердің қандай кітап оқығыларың келеді?



62-жаттығу. Мәтіндерді оқы және салыстыр. Ұқастығы мен айырмашылығы неде?

Адасқан құмырсқа (ертегі)	Құмырсқалар
Баяғыда бір құмырсқа өзінің бауырластарына өкпелеп, илеуден кетіп қалады. Ара мен қоңызға барып, солармен достасады. Бірде жол үстінен үлкен дән тауып алады...	Құмырсқа зиянды жәндіктерді құртып, пайда келтіреді. Құмырсқа өз салмағынан 10 есе ауыр жүкті көтере алады. Олар күндіз қоректеніп, түнде ұйықтайды. «Балалар әлемі» журналынан

- Ертегінің жалғасы есінде ме? Оны достарыңа өз сөзіңмен айтып бер.
- Қай мәтіннен құмырсқа туралы нақты ақпарат алдың?



Стиль – ойды жеткізу тәсілі.

Әр мәтін әртүрлі стильде жазылады.

- Ғылыми мәтін табиғат, жануарлар, заттар туралы ақпарат береді.
- Көркем мәтін оқиғаны әдемі, әсерлі етіп баяндайды.



63-жаттығу. Мақалды оқып, жатқа жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Еңбек түбі – береке.
2. Еңбек ер атандырады.



64-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Қандай мәтінге жататынын анықта (ғылыми мәтін, көркем мәтін).

Көбелек – әдемі жәндіктердің бірі. Ол гүлдердің арасында тіршілік етеді. Ақ көбелек көбіне ақ гүлге, сары көбелек сары гүлге қонады. Бұл – көбелектің қорғану тәсілі.



65-жаттығу. Суреттерге қарап, жоспарды оқы. «Еңбекқор жәндік» тақырыбына 3–4 сөйлемнен тұратын мәтін жаз. Стилін анықта.



Жоспар:

1. Ара қандай жәндік?
2. Оның қандай пайдасы бар?

- Егер аралар болмаса, не болар еді деп ойлайсың?

Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша өз пікіріңді білдіруге, сұрақтар қойып, жауап беруге жаттығасың;
- мәтін түрін, стилін салыстырып, айырмашылығын табуды үйренесің.



66-жаттығу. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қойдың қандай түрлерін білесің?
2. Қойдың төлі қалай аталады?



67-жаттығу. Мәтінді оқы. Түрі мен стилін анықта.

Ежелгі кәсіп

Қой шаруашылығы – қазақ халқының ертеден келе жатқан кәсібі. Қой қазақтың тұрмысында маңызды орын алады. Қазақтар қойды еті, сүті, жүні мен терісі үшін өсірген.

Қазақтың ерекше қой тұқымдарының бірі – қызыл қой. Бұл қойдың жүні қалың, суыққа төзімді. Сондықтан қазақ халқы қызыл қойды бағалап, оны ең басты малының бірі деп санаған.



«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрап жаз.



68-жаттығу. Мәтінді оқыңдар. Тапсырмаларды орындаңдар.

Қойшының баласы

Әке-шешем қойшы болды. Айдалада – ақ боз үй. Айна-
ланың бәрі – бұйра-бұйра құм. Бір отар* малды құдықтан
суарады. Отарда мыңға жуық қой бар. Құдықтың басында-
ғы айналмалы ағаш шығыр* арқылы түйеге арқан байлап,
қауға* тартамын. Қанша қауға тартқанымды санап отыра-
мын. Жүзге дейінгі санды қауға тартып жүріп үйрендім.

К. Әмірбек

- Мәтін түрі мен стилі қандай?
- Мәтінде төрт түлік жайлы не айтылған?
- Мағынасы түсініксіз болған сөздерді теріп жаз. Мағынасын түсіндірме сөздіктен біліп ал.



69-жаттығу. Ежелгі кәсіп және Қойшының баласы мәтіндерін салыстырыңдар. Айырмашылығы мен ұқсастығын тауып, кесте бойынша қорытынды жасандар.

Мәтін түрі	Мақсаты қандай?	Тілі қандай?	Эмоциясы қандай? (аз, көп)
Ғылыми мәтін			
Көркем мәтін			



70-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Атам жайлауға құлынды бие мініп келді. Оны ағаш-
қа байлап қойды. Биенің қасында ойнақтап жүрген құлын
өдемі-ақ. Мен алыстан қызығып қарап тұрдым. Жақын-
дауға жүрексіндім. Біраздан кейін тәуекел еттім. Құлын
менен үркіп, біраз жерге ұзап барып, қарап тұрды.

- Мәтін түрі мен стилін анықта. Мәтінге тақырып қой.
- Мәтін бөліктерін талда. Қай бөлік жазылмаған?
- Соңғы бөлікті құрастырып, мәтінді аяқта.

Бүгін сабақта:

- сөйлеу барысында дауыс ырғағын қолданып, тыңдаушының назарын өзіңе аударасың.



71-жаттығу. Диалогті жалғастырыңдар. Дауыс ырғағын қолданып, тыңдаушының назарын аудар.

- Айжан, жылқы туралы не білесің?
- Жылқыны ата-бабамыз көлік ретінде пайдаланған.
- Иә, келісемін.
- Айтпақшы, Әлихан, жылқының сүті де пайдалы ғой.
- ...

- Сен жылқының қай пайдасын ең маңызды деп санайсың?



72-жаттығу. QR-код арқылы бейнебаянды көр.



- Мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықта.
- Мәтін туралы өз пікіріңді білдір.
- Мәтінде сипаттау және пайымдау мәтіндерінің элементтері барын дәлелде.
- «Жылқы – ер қанаты» дегенді қалай түсінесің?



73-жаттығу. Мәтінді дауыс ырғағымен оқы. Мазмұнын айт.

Көшпенділер балаларына атқа минуті кішкентай кезінен үйреткен. 3–4 жасында тайға мінгізіп, жетекке алып жүрген. 5–6 жастан бастап бала атқа өз бетімен мінетін болған. Ат үстінде ойналатын ойындар арқылы

балалар батыл, шапшаң болып өскен. Олар шауып келе жатып та түрлі әрекетті орындай алған.

Қ. Қараева



74-жаттығу. Мәтіннің бірінші бөлігін көшіріп жаз.

Жылқы – адамның ежелгі серігі әрі сенімді көлігі. Ол төзімділігімен, сұлулығымен және жылдамдығымен ерекшеленеді.

Қазақ батырларының да жүйрік аттары болған. Мысалы, Қобыланды батырдың аты – Тайбурыл, Алпамыс батырдың аты – Байшұбар. Бұл аттар – жай жылқы емес, иелерінің ең сенімді серігі, досы болған.



М. Шокубасова

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннің қай түріне жатады?



75-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырманы орында.



76-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш.

			1.	ж					
			2.	ы					
		3.	л						
			4.	қ					
5.			ы						

1. Ат әбзелі
2. Жылқының сүтінен дайындалатын сусын
3. Жылқының төлі
4. Жылқының пірі
5. Ат әбзелі

Бүгін сабақта:

- түрлі жағдайда жүйелі сөйлеуді, сөйлеу мәдениетін сақтауды, диалогке қатысуды үйренесің;
- мәтіндегі қателерді тауып, түзетуге жаттығасың.



77-жаттығу. Суретке мұқият қара. Суреттегі жануарлар туралы не айтар едің? Олардың қандай ортақ белгісі бар?

Қазақстанның Қызыл кітабы



78-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Қызыл кітап туралы не білдің?
- Дауыс ырғағын келтіріп, өз ойыңды 2–3 сөйлеммен жеткіз. Сөйлеу мәдениетін сақта.



79-жаттығу. Берілген үлгіге сүйеніп, диалог құрыңдар. Сөйлеуден бұрын ойларыңды жүйелеп, тиянақтап алыңдар.

Бүгін мектепте «Табиғатты қорғайық!» тақырыбында үлкен шара өтіп жатыр. Оған әр сыныптан оқушылар қатысып, жобалар қорғады. Оған қатысқан екі оқушы сөйлесіп тұр.

Үлгі:

- Сен бүгін не білдің?
- Мен қар барысы мен қоқиқаз туралы білдім.
- Ал олардың неге Қызыл кітапқа енгенін білесің бе?
- ...



80-жаттығу. Мәтінді оқы. Екінші бөлігінде қате жазылған сөздерді тап және түзетіп көшіріп жаз.

Шренк қызғалдағы* құнарлы топырақта өседі, құмды жерді ұнатпайды. Тұқымынан көбейеді. Қыс бойы тамырына күш жинап, көктемде қайта көктейді. Жыл өткен сайын өсімдік осылайша ірілене береді.



Қазіргі кезде Қазақстанда қызғалдақтың 40-қа жуық түрі өседі. Оның тең жартысы Қызыл кітапқа енген. қызғалдақтарды қорғау – біздің міндетіміз.

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннің қандай түріне жатады?
- Өзің тұратын жерде қызғалдақ өсе ме? Өссе, қандай түрі өседі?
- Қызғалдақтарды қалай қорғаймыз?



81-жаттығу. Суреттерді қара. Қызыл кітапқа енген жануарлардың аттарын жаз.



- Бір жануарды таңдап, сипаттау мәтінін жаз.
- Сен тұратын жерде Қызыл кітапқа енген өсімдіктер немесе жануарлар бар ма? Айтып бер.
- Өлең жолдарын түсіндір.

Қызыл кітап –
Тірі жан тимесін деп,
Хайуанатқа берілген қызыл мандат*.



82-жаттығу. «Кім зейінді?» ойыны. Жануарларды екі топқа бөліп жаз.

Барыс, киік, қоян, арқар, құлан, түлкі, қасқыр, аю.

Қорға
(Қызыл кітапқа енген
жануарлар)

Бақыла
(Қызыл кітапқа
енбеген жануарлар)

Бүгін сабақта:

- мәтін бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазуды үйренесің.



83-жаттығу. Суретке мұқият қара. Оқиғаны болжа.

- Суретте қандай оқиға бейнеленген? Не болып жатыр?
- Ит не істеді?
- Бұл оқиға қалай басталуы мүмкін?
- Қалай аяқталуы мүмкін?



84-жаттығу. Мәтінді екі рет тыңда.

- Мәтінге тақырып қойып, жоспар құр.
- Мәтіннің мазмұнын дәптеріңе жаз.



1. Мәтін құрылымын сақта.
2. Тыныс белгілерін дұрыс қой.
3. Әр сөйлемді көркем әрі түсінікті жаз.



85-жаттығу. Төрт суреттен бір мақал шығар.



НЫҢ



i



86-жаттығу. Ертегіні оқып, тақырып қой. Мазмұнын баянда.

Баяғыда аң патшасы арыстан аңдарды жинапты. Олардан: «Дүниеде ең ақылды, епті, қайратты кім?» – деп сұрапты. Түлкі мен басқа аңдар арыстанды мақтап, «Сізден ақылды ешкім жоқ!» – деп жағымпазданыпты. Сол кезде бұрышта үнсіз жатқан итке арыстан ашуланып:

– Сен неге үндемейсің? – депті.

Ит сабырмен:

– Мен үшін дүниедегі ең ақылды да, ең қайратты да – адам, – деп жауап беріпті.

Арыстан бұл сөзге қаһарланып, итті орманнан қуып жібереді. Содан бері ит адамдардың досы мен көмекшісіне айналыпты. Сол себепті халқымыз «Ит – жеті қазынаның бірі» дейді.

- «Жеті қазына» деген не?



87-жаттығу. Тақырыбы мен жоспарға қарап, шағын мәтін жаз.

Тақырыбы: Ит – адамның досы

Жоспар:

1. Адам өміріндегі иттің алар орны
2. Ит – иесіне адал дос
3. Итке қамқор болу – әр адамның міндеті

Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрап, жауап беруге жаттығасың;
- мәтіннің түрін ажыратасың және оның бөліктерін пысықтайсың;
- жіберілген қателерді тауып, түзетуге дағдыланасың.



88-жаттығу. Кестеге қарап, ережелерді есіңе түсір.

Мәтін түрі	Немі айтады?	Сұрағы	Құрылымы
Әңгімелеу	Оқиға	Не болды?	Басы, дамуы, соңы
Сипаттау	Белгі	Қандай?	Белгілерді суреттеу
Пайымдау	Ой, дәлел	Неге?	Пікір, дәлел, қорытынды



89-жаттығу. Мәтінді оқы.

Күн батуға тақап қалды. Батыстан самал* жел есті. Бақташылар* қора-қора қой мен табын-табын* сиырды, үйір-үйір* жылқыны ауылға қарай беттетіп келеді. Күнұзақ жайылған мал да тойынған. Олар аяқ астындағы жайқалған шөпке қарамай, тура тартып келеді. Құлын-тайлар жарысып, балаша ойнайды.

Алыстан естілген мәңіреген, маңыраған, кісінеген, шұрқыраған дауыстар адам бойын елжіретеді.

Ә. Нұрпейісов

- Мәтіннің мазмұны бойынша жұбыңа үш сұрақ қой. Жұбыңның қойған сұрақтарына жауап бер.
- Мәтіннің қай түріне жатады? Бөліктерге бөліп, жоспар құр.



90-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Келген малшы
Өрі әнші,
Өрі аңшы.



91-жаттығу. Мәтінді оқы. Тыныс белгілерін қойып, түзетіп жаз.

Қарсақ түлкіге ұқсайды денесі түлкіге қарағанда кішіректеу, терісі жұмсақ ол – жалқау аң оған ін қазу ұнамайды сарышұнақ* пен суырдың* інін пайдаланады қарсақ небәрі бес-алты жыл өмір сүреді.

- Мәтін түріне ажырат.



92-жаттығу. Өлеңді тыңда.



- Өлең мазмұны бойынша өз пікіріңді білдір. Сұрақ қой.
- «Табиғатты қорғайық» тақырыбында жарнама жаса.



93-жаттығу. Ертегіден үзінді оқып, мазмұнын баянда.

Самұрық – қайырымды, алып құс. Ол ұясын биік ағаштың басына ғана салады. Бірақ жылда айдаһар оның балапандарын жеп кетеді екен. Бұл жылы да айдаһар самұрық жоқта ағаштың басындағы ұяға өрмелеп келе жатады. Оны көзі шалып қалған Ер Төстік батыр айдаһарды өлтіріп, балапандарды құтқарып қалады. Сапарынан оралған самұрық балапандарының аман-есендігін көріп, батырға алғысын жаудырады.

Ауыз әдебиетінен

- Самұрық не себепті батырға алғыс айтты?
- Самұрық пен айдаһарды салыстыр.
- Ер Төстік туралы ертегіні кітапханадан тауып оқы.



2-БӨЛІМ

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

Бұл бөлімде:

- мәтіндегі тірек сөзді анықтауға және сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- суретке қарап мәтіннің мазмұнын болжауға жаттығасың;
- жаңа сөздің мағынасын ашуды және маңызды ақпаратты анықтауды үйренесің;
- қаратпа және қыстырма сөздерді ажыратуды; олардың тыныс белгілерін дұрыс қояды; кірме дыбыстардың емлесін үйренесің.



Бүгін сабақта:

- тақырып пен суреттің көмегімен мәтіннің мазмұнын болжауды үйренесің;
- қаратпа сөзді ажыратуды игересің.



94-жаттығу. Тақырыпты оқып, суреттерге мұқият қара. Мәтін не жайлы болуы мүмкін? Болжа.

Жақсы мен жаман

- Суреттерде қандай жақсы істер бейнеленген?
- Өз өміріңнен осыған ұқсас мысал келтір.



95-жаттығу. Өлеңді тыңда.



- Өлеңде қандай жақсы және жаман әдеттер туралы айтылған?
- Жақсы әдеттерді жаз.



96-жаттығу. Кестедегі сөйлемдерді салыстыр.

Адамның жақсы қасиеті оған деген сый-құрметті арттырады.	Балам, адамның жақсы қасиеті әрқашан мақтанышпен айтылады.
Жазира үлкен кісілерге құрмет көрсетті.	Жазира, үлкен кісілерге құрмет көрсет.

- Сөйлемдердің мазмұнына, тыныс белгісіне назар аудар. Не байқадың?

Қаратпа сөз дегеніміз – тыңдаушыға қарата айтылған сөз.

Мысалы: **Әлім**, сабағыңды оқыдың ба?



97-жаттығу. Мәтінді оқы. Қаратпа сөздері бар сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қария шалшық судан қорынып*, қалай қарай аяқ басарын білмей тұр.

– Ата, бері қарай жүріңіз, – деп тақыр бас бала қарияны қолтықтады. – Сөмкеңізді маған беріңіз. Мен алып жүрейін.

Бейтаныс баланың көргенді қылығы қарияны сүйсіндірді.

– Балам, сен қай баласың?

– Мен сіздің үйдің жоғарғы жағындағы көшеде тұрамын. Сіздің немереңіз екеуіміз бір сыныпта оқимыз, – деді бала.

– Жарайсың, балам. Ал менің немерем қалай оқиды, соны айтшы?

– Жақсы оқиды.

Осы кезде бұлардың алдынан бір бала қараңдап шыға келді. Ол қарияның немересі еді. Атасын күтіп алмақ болып келе жатқан.

– Ата, қош болыңыз, – деп, бала қош айтысты.

Б. Соқпақбаев

- Қаратпа сөздердің астын сыз.
- Өзің үлкендерге көмектескен кезің болды ма? Досыңа әңгімелеп бер.



98-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Алдымыздан кезіккен
Көп танысты көреміз.
Бәріне де ізетпен*
Біздер сәлем береміз.

– Сәлеметсіз бе, ағай! – деп,
– Сәлеметсіз бе, апай! – деп.
– Есенсіз бе, әжей! – деп,
– Амансыз ба, атай? – деп.

Е. Өтетілеуұлы

- Өлеңдегі қаратпа сөздер арқылы баланың қанша адамға сәлем бергенін анықта.
- Қаратпа сөздермен сәлемдесу диалогін құра.



99-жаттығу. «Тізбек» ойыны. Ұл, қыз болып, тізбек құрыңдар. Жаныңда тұрған баланың атын атап, оның жақсы қасиетін айт. Ол саған алғыс айтып, әрі қарай жалғастырады.



Бүгін сабақта:

- сөйлем ішінен қаратпа сөзді табуға жаттығасың;
- қаратпа сөздің тыныс белгісін дұрыс қояды үйренесің.



100-жаттығу. Қаратпа сөздерді қолданып, диалогті жалғастырыңдар.

- Досым, жақсылық жасау деген не?
- Оның түрі көп. Мысалы, үлкендерге көмектесу, кішілерге қамқорлық жасау...

- Ойланып көрші, сен кімдерге, қандай жақсылық жасадың?



101-жаттығу. Диалогті мұқият тыңда.



- Мәтін кейіпкерлерін ата.
- Негізгі ойды жаз.
- «Жақсылық жасасаң, өзіңе қайтады» дегенді қалай түсінесің?





Қаратпа сөз үтір арқылы ажыратылады.

Мысалы: **Талғат**, мектепке келдің бе? Иә, **Талғат**, ол кино қызық. Қанша кітап оқыдың, **Талғат**?



102-жаттығу. Сызба бойынша қаратпа сөзі бар сөйлем құра, жаз. Қаратпа сөз ○ белгісімен берілген.

└ , ○ , — — . └ — , ○ . ○ , — — — !



103-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Жақсылық пен Жамандық бір үйде тұрыпты. Екеуі бір кісінің баласы екен. Бірақ екеуі екі түрлі болыпты. Жақсылық қонақтарды әдеппен күтіп алады. Ал Жамандық олармен тіпті амандаспайды. Жақсылық ет асса, Жамандық қазанға тұз салып жібереді. Соңында екеуі екі бөлініп кетіпті.

Ауыз әдебиетінен

- Жақсылық пен жамандық туралы өз ойыңды білдір.



104-жаттығу. Екі әріпті аттай отырып, оқы. Қандай сөз жасырынған? Жауабын қатыстырып, сөйлем құра.

АЛҚЫСАФСРЛЪАГАТЕРПТОАРФСЗЫӨАВЗ



105-жаттығу. Мақалдарды оқы. Мағынасын түсініп ал.

Биікке шықсаң, көзің ашылады,
Жақсымен жолдас болсаң, көңілің ашылады.

Жақсылық біреуден қайтпаса,
Біреуден қайтады.

Бүгін сабақта:

- қыстырма сөз туралы білесің;
- қыстырма сөздің тыныс белгісін дұрыс қояды үйренесің.



106-жаттығу. Кестеге назар аудар. Сөйлемдерді оқы.

Көп оқыған адам көп біледі.	Шынымен-ақ , көп оқыған адам көп біледі.
Бұл — қызық кітап.	Бұл, менің ойымша , қызық кітап.
Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.	Әрине , оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

- Қатар тұрған сөйлемдерді салыстыр. Екінші сөйлемді оқығанда саған қандай ой келді?
- Екінші бағандағы сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қыстырма сөз сөйлемге қосымша ой қосады.

Мысалы: мүмкін, сірә (күмәндану);

рас, шынында (сену);

менің ойымша (өз пікірін білдіру).

Қыстырма сөз сөйлемде **үтірмен** бөлініп жазылады.



107-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Қыстырма сөздердің астын сыз.

Бұл кітап, сөзсіз, өте қызық. Расында, бүгін ауа райы керемет! Біздің ойымызша, бұл тақырып өте маңызды. Бірақ, өкінішке орай, олар киноға бара алмады. Сенің айтқаның дұрыс, әрине.

- Қыстырма сөздер сөйлемге қандай ой қосты?
- Қыстырма сөздің тыныс белгісі қалай қойылған?



108-жаттығу. Өлеңді оқы. Өлеңді жалғастырып айт.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

А. Құнанбайұлы



- Қандай бес нәрседен аулақ жүруіміз керек? Қандай бес нәрсеге асық болуымыз керек?
- Қыстырма сөздерді қолданып, өз ойыңды айт.



109-жаттығу. Қыстырма сөздерді тап. Қажетті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Ол шынында ұй тапсырмасын орындап қойды. Бәлкім біз кешке кино көрерміз. Мұғалім мүмкін ертең жаңа тақырыпты түсіндірер. Бақытыма орай мен байқаудан бірінші орын алдым.



110-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Әр сөйлемге бір мақал ойла.

Үлгі: *Меніңше, үлкенді сыйлау – жақсы қасиет.*

Үлкенге құрмет – кішіге ізет.

1. Әрине, оқу мен білімсіз өмір сүру өте қиын.
2. Шынында да, желсіз шөп те қимылдамайды.
3. Бәлкім, ашуын қойып, ақылға келер.
4. Мүмкін, ойланар, көмектесудің ерте-кеші жоқ.

Бүгін сабақта:

- мәтіндегі тірек сөзді анықтауға және сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- қыстырма сөзді ажыратуды және оның тыныс белгісін қоюды меңгересің.



111-жаттығу. Диалогті оқып, түсініп ал.

- Әдина, тірек сөз деген не?
- Тірек сөз – сөйлемдегі ең маңызды, негізгі сөз.
- «Жақсылық жасау – әр адамның міндеті» деген сөйлемдегі тірек сөзді тапшы.
- Бұл сөйлемдегі тірек сөз – жақсылық.
- Рақмет, Әдина.



112-жаттығу. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді белгілеп, жазып ал.



- Көбелек не үшін Шегіргүлді іздеді?
- Неліктен Шегіргүл өз жапырақтарын жұлдызқұртына жеуге берді?
- Автор бұл әңгіме арқылы не айтқысы келді?
- Жақсы сөз қандай ғажайыптарды жасай алады? Мысал келтір.





113-жаттығу. Көп нүктенің орнына қыстырма сөздердің тиістісін қойып, көшіріп жаз.

..., 3-сынып оқушылары сабаққа өте ынталы.
..., Арман күрестен жүлделі орын алатын сияқты.
..., үлкенді сыйлау керек. ..., сабақ үлгерімі жақсы оқушыларға жыл соңында мақтау қағаздары беріледі. ..., келесі тоқсанда Айбек олимпиадаға қатысады.

Керекті сөздер: мүмкін, әрине, менің ойымша, әлбетте, шынында.



114-жаттығу. Сызба бойынша сөйлем құраңдар. Қыстырма сөз ☐ белгісімен берілген.

└ , ☐ , — — — .
└ — — — , ☐ .
☐ , — — — .



115-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Қыстырма, қаратпа сөздері бар сөйлемдерді ажырат.

Қыстырма сөздер

Қаратпа сөздер

Меніңше, сенің еңбегің балаларға үлгі болады.
Қысқасы, тапсырманы өте тиянақты орындапсың.
Шынында да, бұл – үлкен жетістік.

Мәлдір, жұмысың өте әдемі. Сен нағыз шеберсің!
Асылжан, жарайсың!

Сүйікті оқушыларым, сендер жақсы оқысаңдар, мен әркез қуанып жүремін.

Балалар, сендер нағыз шеберсіңдер!
Еркін, жұмысты өте мұқият орындапсың.

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын ашуды және маңызды ақпаратты анықтауды үйренесің;
- көркем жазуға дағдыланасың.



116-жаттығу. Мақалды оқы. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын оқулықтың соңындағы «Түсіндірме сөздіктен» анықта.

Досы көпті жау алмайды*,
Ақылы көпті дау алмайды*.

Ынтымақ – оқ өтпес сауыт*,
Татулық – тамаша сауық.

Сыйластық* бар жерде сыпайылық бар.



117-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Құм мен тас
(Өсиет әңгіме)

Екі дос шөл далада жолаушылап келе жатады. Бір кезде екеуі ренжісіп қалады. Біреуі ашуланып, екіншісін қойып қалады. Досы ләм-мим демей, құмға былай деп жазып қояды: «Бүгін мені жан досым ұрды!»

Екеуі тоқтамай жүріп отырады. Бір кезде таяқ жегені батпаққа батып қалады. Досы оны шығарып алады. Ол тастың үстіне ойып тұрып: «Бүгін мені жан досым өлімнен құтқарып қалды», – деп жазады. Оның бұл жазуына таңырқаған жолдасы:

– Ұрған кезімде құмға жаздың. Ал енді не үшін тасқа жазып жатырсың? – деп сұрайды. Сонда досы былай жауап береді:

– Біреу бізге жамандық жасаса, оны құмға жазғанымыз дұрыс. Самал жел оны өшіріп кетсін. Ал біреу жақсылық жасаса, оны тасқа ойып жазайық. Оны ешқандай жел өшіре алмасын!..

«Өсиет әңгімелер» жинағынан

- Кестені толтыр. Түсіндірме сөздікті пайдалан.

Мәтіндегі жаңа сөз	Оның мағынасы

- Мәтін мазмұнының маңызды тұстарын анықта.
- Суреттерге қарап, мәтіннің мазмұнын айт.



118-жаттығу. Мәтінді оқыңдар.

Сыйластық – адамдардың бір-біріне құрмет көрсетуі. Үлкенге ізет көрсету, кішіге қамқор болу – адамдықтың көрінісі. Сыйластық бар жерде татулық пен мейірім орнайды. Егер әр адам айналасындағыларды сыйлай білсе, өмір де, қоғам да әдемі бола түседі.

А.Адилова

- Жұптасып, мәтіннен маңызды ақпаратты анықта.



119-жаттығу. Сөздерді көркем, қатесіз көшіріп жаз.

Мейірімділік, адамгершілік, сабырлылық, байыптылық, қамқорлық.



120-жаттығу. Ребусты шеш.



- Шешуімен сөйлем құрап жаз.



121-жаттығу. «Үйқасын тап» ойыны. Өлеңді оқы. Тиісті сөзді тап.

Үлкендерден есіткен
Сөзді ұмытпай жүргейсің:
Кіргеніңде ...
Оң аяқпен кіргейсің.

керме

Ессізге ерме,
Есікті
Қашанда сақта есте:
Үлкеннің алдын

кеспе

есіктен

М. Әлімбай

- Тағы қандай тыйымдарды білесің?

Бүгін сабақта:

- суретке қарап мәтіннің мазмұнын болжауға жаттығасың;
- «э» әрпі бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



122-жаттығу. Суреттерге мұқият қарап, мәтіннің мазмұнын болжа.



- Мәтінді QR-кодтан тыңда.
- Мәтін не туралы?
- Болжамды мәтінмен салыстыр.
- Тыңдалым мәтнінде құрамында «э» дыбысы бар сөздер болды ма? Болса, ата.



123-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Теледидардың ... бұзылып қалды. Бөлме жарық болу үшін керек. Табиғатты қорғау – бұл ... сақтау. Адам ағзасына дәрумендер ... береді.

Керекті сөздер: экологияны, экраны, электр шамы, энергия.

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын түсінуге және маңызды ақпаратты анықтауға жаттығасың;
- «в» әрпі бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



127-жаттығу. Көп нүктенің орнына қай әріп қойылады деп ойлайсың?



...агон, ...атон, а...тобус,
а...ырой, та...ақ, ...окзал



128-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Автокөлікті тек бір өнертапқыш бір күнде ойлап шығарған жоқ. Автокөлік тарихы бүкіл әлемде болған эволюцияны* қамтиды. Қазіргі автокөлікті жасауға жүз мыңнан астам патент* тіркелген деп жорамалданады. Алғашқы автокөліктерді неміс инженерлері жасап шығарған. Сол алғашқы көліктердің құрылысы қазіргі автокөліктерге ұқсайды.

«Көлік» танымдық топтамасынан

- «В» әрпі бар сөздерді ата. Мағынасын түсіндір.
- *Эволюция, патент* сөздерінің мағынасын түсіндірме сөздік арқылы түсіндір.
- Өнертапқыштарда қандай қасиет болуы керек деп ойлайсың? Пікіріңмен бөліс.
- Мәтіннің түрі мен стилін анықта.



129-жаттығу. Суреттер мен жылдарға қарап, автокөліктердің шығу тарихы бойынша әңгімеле.



1915 ж.



1926 ж.



1934 ж.



2026 ж.

- Болашақта автокөлік қандай болады деп ойлайсың?



130-жаттығу. Сөздерді дұрыс оқы, олардың мағынасын түсіндір.

Велосипед, автобус, вокзал, вагон, автокөлік, виза*, вакцина*.

- «В» дыбысының айтылу ерекшелігін байқа. Олардың жазылуын есте сақта.
- Қалаған 2 сөзбен сөйлем құра.
- «В» әрпі бар сөздерді «б» әрпі бар сөздермен салыстыр. Айырмашылығын айт.

«В» – ұяң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде жазылады: *вагон, паровоз, ваза, Каримов.*



131-жаттығу. Керекті әріптерді қойып жаз.

Дәрігер науқасқа ...акцина салды. Марат Вашингтон қаласына бару үшін ...иза аштырды. Қырман басынан эле...аторға тонна-тонна бидай жөнелтілді. Оқушылар ...oleyбол ойнау үшін спорт алаңына жиналды.



132-жаттығу. Тапқыр болсаң, тауып көр.

В		з						
			о			л		
								д
	е							






- Тапқан сөздеріңмен сөйлем құрап жаз.
- «В» дыбысынан келетін тағы қандай сөздерді білесің?



133-жаттығу. Жұмбақтарды шеш.

«Қош келдіңіз!» – ұраны,
Бір сөнбейді шырағы.
Жұрттың бәрін қарсы алып,
Шығарып сап тұрады.

(...)

Теуіп-теуіп қалдым,
Алысқа ұзап бардым.

(...)

- Жұмбақтардың шешуі туралы не білесің?

Бүгін сабақта:

- жоспар бойынша мәтін құрастыруды үйренесің;
- «ф» әрпі бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



134-жаттығу. Сөздерді жатқа жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

Фабрика, футбол, физика, фонтан, фото, фармацевт*, фильм, фестиваль*, телефон.

- Сөздердің жазылуын есте сақта. Айтылу ерекшелігін байқа.
- 2 сөзбен сөйлем құра.

«Ф» – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде жазылады: *футбол, форма, физика.*



135-жаттығу. Жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құра.

Жоспар:

1. Тігін фабрикасы
2. Фабрика өнімдері
3. Фабриканың пайдасы

Тірек сөздер: өндіріс орны, тігіншілер, өнімдер, тігін машиналары, халық тұтынады, матаны пішеді, жұмыс орны, тігіншілердің еңбегі.



- «Фабрика» сөзіне дыбыстық талдау жаса.



136-жаттығу. Қажетті әріптерді қойып жаз.

Отбасымызбен бірге ...утбол көреміз. Ата-анамның ескі ...отосуреттері альбомда сақтаулы тұр. Дәріханадағы ...армацевт Нағима әжейге керекті дәрі-дәрмекті табуға көмектесті. Арай ...изика пәнінен олимпиадаға қатысу үшін көп дайындалды.



137-жаттығу. Жоспар бойынша «Ұялы телефон» тақырыбына мәтін құрап жаз.

Жоспар:

1. Телефонның күнделікті өмірдегі пайдасы
2. Ұялы телефонның зиянды жақтары
3. Телефонды дұрыс пайдалану ережесі

- «Телефон» сөзіне дыбыстық талдау жаса.




138-жаттығу. Ұйқасын тауып жаз.

Футбол ойнап балалар,
Тебісіп допты
Үлгі болып басқаға,
Кіргізді допты



139-жаттығу. «Адасқан әріптер» ойыны. Әріптерден сөз жаса.



Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрап, сұраққа жауап беруге жаттығасың;
- «ц» әрпі бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



140-жаттығу. Оқы. «Ц» әрпі бар сөздерді есте сақта. Олармен сөйлем құра.

1. Мен Ц-мын, циркульмін,
Цеце деген масамын.
Цементте де бармын,
Циркте де жасадым!

Б. Әлімжанов



2. Конституция – адамдарды бір-бірін құрметтеуге,
құқықтары мен міндеттерін сақтауға үйрететін
басты заң.

«Ц» – қатаң дауыссыз дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде кездеседі: *цех, циркуль, концерт.*



141-жаттығу. Сөздерді қатесіз жаз.

Цифр, цемент, рецепт, циркуль, концерт, авиация.

- *Концерт* сөзіне дыбыстық талдау жаса.




142-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Мәтін не туралы екенін 1–2 сөйлеммен айт.

Цирк дегеніміз – өнердің өте ертеден келе жатқан түрі. Бүкіл өмірін көшіп қонумен өткізетін цирктер де болады. Оларды *кезбе цирктер* деп атайды.

Цирк өнері асқан ептілік пен күштілікке негізделеді. Онда акробаттар, гимнастар, сиқыршылар өнері мен сайқымазақтардың күлкілі өзіл-әжуаларын тамашалауға болады. Әдетте цирк ойын-сауығы алуан түрлі нөмірден тұрады.

Қазақ энциклопедиясынан



- Мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.
- *Цирк* сөзі бар сөйлемдерді көшіріп жаз.
- Суретке қарап, цирк туралы өз пікіріңді білдір. Сұрақтар құра.

Үлгі:

1. *Цирк көрерменге қандай әсер береді?*
2. *Цирк өнерінің адамдарға қандай пайдасы бар?*



143-жаттығу. «Мен циркті ... деп ойлаймын, себебі ...» үлгісін пайдаланып, 3–4 сөйлемнен тұратын қысқаша пікір жаз.

Бүгін сабақта:

- ойынды жүйелеп, дұрыс сөйлеуге, диалогке қатысуға жаттығасың;
- «ч», «щ» әріптері бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



144-жаттығу. Екі бағандағы сөздерден сөз тіркестерін құра. Оларды сәйкестендіріп оқы.

Ащы
Тұщы
Дәмді
Әйгілі
Төленген

чек*
пияз
чемпион
борщ
су



145-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.

- Мәтін кім туралы?
- Оның жақсы нәтижеге қол жеткізуінің себебі неде?
- Өзің қандай спорттық үйірмелерге қатысасың?
- *Чемпион* сөзіне дыбыстық талдау жаса.



«Ч», «щ» – қатаң дауыссыз дыбыстар. Олар өзге тілден енген сөздерде кездеседі: *чех, чемпион, плащ*.
«Щ» дыбысы қазақ тілінде *ащы, тұщы* сөздерінде ғана қолданылады.





146-жаттығу. Ащы, тұщы сөздерімен сөйлем құра.

- Сөздердің жазылуын есте сақта!



147-жаттығу. «Тісжуғыштың (щётка) пайдасы» тақырыбында диалог құрыңдар.




148-жаттығу. Өлеңді мұқият оқы.

Сырғанайды екеуі
Мұзайдыңға кеп бірге.
Желді қуып жетеді,
Екпін қосып екпінге.

Бақыты боп бар елдің,
Алар талай байрақ та.
Чемпионы әлемнің
Болар күні әлі алда.

Ш. Әлдибекұлы



- Мәнерлеп сырғанау жайлы жұптасып диалог құр.
- Мәнерлеп сырғанаудан қазақстандық чемпиондар жайлы ақпарат ізде.



149-жаттығу. Ұйқасын тауып жаз.

Мен чемпион боламын,
Бас жүлдені

«Щ» дегенді тапшы,
Кітабыңды ...,
Бір-біріне қарсы
Тұщы менен

Бүгін сабақта:

- мәтіннен тірек сөздерді табуға және сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- «ч», «щ» әріптері бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



150-жаттығу. Жаңылтпашты жаңылмай айт.

Ащы бұрыш борщқа
Аз салынса, дұрыс па?
Көп салынса, бұрыс па?
Жауабын тап, дұрыста!

Г. Абдрахимова

- Сөздердің жазылуын салыстыр. Қандай ұқсастық, қандай айырмашылық бар?

БҰРЫШ

БОРЩ



151-жаттығу. Өлеңді тыңда.



- Өлеңдегі тірек сөздерді теріп жаз.
- Сұрақтарға жауап бер:
 1. Өлең не туралы?
 2. Өлеңде ақын балаларға *борыш* деген сөзді қалай түсіндіреді?
 3. Оқудың маңыздылығы жайлы не айтылған?
 4. *Борыш* пен *борщ* сөздерінің жазылуын салыстыр.



152-жаттығу. Мәтінді оқы.

Жақсылық Үшкемпіров – грек-рим күресінен әлем чемпионы. Ол – 1980 жылы Мәскеуде өткен Олимпиаданың жеңімпазы, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы.

Жақсылық Үшкемпіровты әжесі Бәтима тәрбиелеген. Ол үйіне сыйлы қонақтар келген кезде дүниеге келіпті. Атасы сол себепті сәбидің атын Жақсылық деп қойыпты.

Болашақ чемпион мектепте жақсы оқыпты. Жоғарғы оқу орнына түскенде күрес үйірмесіне жазылады. Үнемі жаттығып, еңбектенеді. 1970–1979 жылдары барлық жарыста үздік шығып, тек алтын мен күміс медаль иеленеді. 1980 жылы КСРО чемпионатында* оған ешбір балуан төтеп бере алмайды. Бұл Олимпиада жеңісіне бастаған алғашқы жеңіс еді.



«Ұлан» газетінен

- Мәтіннен тірек сөздерді тап. Сұрақтар құра.



153-жаттығу. Жардаятты оқып, шешімінді жаз.

Айбек мектептен қайтып келе жатып, жолда жатқан әмиянды көрді. Әмиянның ішінде ақша мен құжаттар бар екен. Айбек ойланып қалды: «Оны өзіме қалдырсам ба, әлде иесіне қайтарайын ба?»

- Егер сен Айбектің орнында болсаң, қандай шешім қабылдар едің?
- Неліктен солай істер едің? Түсіндір.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің негізгі ойын анықтап, мәтінге тақырып қоясың;
- «х», «һ» әріптері бар сөздерді қатесіз жазуға дағдыланасың.



154-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөздерді көшіріп жаз.



Гау...ар, айда...ар,
кітап...ана,
жи...аз, ...алық, тари...



155-жаттығу. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Зылиха мен Бәтима деген екі қыз төбелеріне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты. Зылиха **аһылап-уһілеп** шаршадым деп, Бәтима күліп, **өзілдесіп*** келе жатады. Сонда Зылиха айтты:

– Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?

– Мен жәшігімнің ішіне **ауырды** жеңілдететін бір шөп салдым, – деді Бәтима.

– Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілдетейін, – деді Зылиха.

– Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты – **«сабыр*»**, – деген екен.

Ы. Алтынсарин

- Мәтін не туралы?
- Негізгі ойын анықта. Пікірінді жаз.
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын аш. Түсіндірме сөздікті пайдалан.
- *аһылап-уһілеп* деген сөздің жазылуын есіңе сақта.

«Х», «һ» – қатаң дауыссыз дыбыстар.

Х сөздің басында және ортасында, соңында кездеседі: *хат, саяхат, тарих*.

Һ көбіне сөздің ортасында кездеседі: *жиһаз, қаһарман*. Сөз басында және соңында сирек кездеседі.



156-жаттығу. Түсініп оқып, «х», «һ» әріптері бар сөздерді теріп жазыңдар. Түсініксіз сөздердің мағынасын талқылаңдар.

Дүниежүзінің көптеген елін аралап, олар туралы жазу әркімнің қолынан келе бермейді. Жиһанкездік төзімділікті, білімділікті талап етеді. Исламжан Әбдіқадіровтің бойынан осы қасиеттің барлығы табылады. Ол – Алматы облысы Қарғалы ауылының тумасы. Бүгінде аты әлемге белгілі жиһангер*. Оның сапарлары қилы оқиғаларға толы.

Т. Ешенқұлов

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Жиһангер туралы ақпарат негізінде 1 сөйлем құрап жаз.



157-жаттығу. QR-код арқылы жұмбақты шеш.



158-жаттығу. Мақалдарды оқып, мағынасын түсініп ал.

1. Сабыр түбі – сары алтын.
2. Сабырлы жетер мұратқа.

Бүгін сабақта:

- мәтінмен жұмыс істеуге жаттығасың;
- көркем жазуға дағдыланасың.



159-жаттығу. Суретке қарап, табиғатты өз сөзіңмен сипаттап айт. Тыңдалым мәтіні не туралы деп ойлайсың?



160-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтіннің түрін ажырат. Дәлелде.
- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратып, жоспар құр.



161-жаттығу. Өлеңді оқы. Басқа тілден енген дыбыстар мен сөздерді дұрыс айт.

Сиқырлы әріптер

«Ф» тобына шетел сөзі жиналған,
Қазақстан көрінеді финалдан.

«Х» әрпі химияда кездесер,
Бірақ оны оқуға еш қиналма.

«Һ» дегенің – һәкім* Абай қазақтың,
Қаһармандар көп аңсаған азат күн.

Вальс билеп, велосипед тебетін,
«В» әрпін болдым енді білетін.
«Циклоп*» дейді қарауңгірдегі дәулерді,
Ұмытпа сен, жазарда «Ц» таңдауды.

Чемпионсың, білсең егер «Ч»-ны сен,
Үздіктерге бола алмайды бірі тең.
«Щ» де осыған ұқсас әріп, біл де сен,
Тұщы судан балық ұста, үлгерсең.

«Э» әрпіне қарашы сен, тегіс пе,
Экскаватор сынды доғал, теріс пе?

Н. Жайықбаев



162-жаттығу. Өлеңді көркем жаз.

Артық көрмей адал жанын
Қасиетті Отаннан.
Сыйлап кеткен маған бәрін
Бабаларым қаһарман!

- *Қаһарман* сөзіне дыбыстық талдау жаса.

32.

Бақылау диктанты

3-БӨЛІМ

УАҚЫТ

Бұл бөлімде:

- сөз мағынасы туралы білетініңді еске түсіресің;
- сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажыратасың, оларды сөйлеуде қолданасың;
- туынды сөз жасауды; мәтіннен түбірлес сөзді табуды; өмірбаян жазуды үйренесің.



Бүгін сабақта:

- қатар келген дауыссыздары бар сөздерді дұрыс айтып жаттығасың;
- қателерді тауып, түзетуге дағдыланасың.



163-жаттығу. Кестені толтырыңдар. Жетіспейтін мәліметтерді дәптерлеріңе жазыңдар.

№	Уақыт түрі	Белгіленуі	1 бірлік қаншаға тең?	Мысал келтір	Уақыт өлшеу құралы
1	Секунд	с	1 с = 1 с		
2	Минут	мин	1 мин = 60 с		
3	Сағат	сағ	1 сағ = 60 мин		
4	Тәулік	тәул.	1 тәул. = 24 сағ		
5	Апта	апта	1 апта = 7 тәул.		
6	Ай	ай	≈ 30 немесе 31 тәул.		
7	Жыл	жыл	1 жыл = 12 ай		



164-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтін не туралы?
- Қай уақыт бейнеленген?
- *Жаңбыр, көрінбеді* сөздерінің айтылуы мен жазылуын салыстыр. Не байқадың?



165-жаттығу. Қатесін тауып, түзетіп жаз.

Сембі күні мектепке бардым. Жарас ом бес минут кешігіп келді. Көб бала таңғы жаттығуға қатысты. Оң күн демалыс болды. Топ башшысы ескерту жасады.



166-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Қарамен берілген сөздерді теріп жаз.

Менің атам **кеңесші** болып қызмет атқарды. **Құрылысшылар** әсем үй салды. **Дүйсенбі** күні Асыл үйірімеге барады.

- Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

Үлгі:

Жазылуы	Айтылуы
құрылысшы	құрылышшы

Қатар тұрған дауыссыз дыбыстар бір-біріне әсер етіп, айтылу барысында өзгереді.

Мысалы: жазса – жасса, бейсенбі – бейсембі, басшы – башшы, Жанболат – Жамболат.



167-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті дыбыстарды жаз.

сейсе...бі (м – н)
құ...шы (с – ш)
Жексе...бек (н – м)

Алмас...ек (п – б)
жұмы...шы (с – ш)
қобы...шы (ш – з)



168-жаттығу. Жұмбақтарды шеш.

Уақытты өлшеп, санап,
Таппайды бір тағат.
Бұл не сонда?...

(...)

Үш тілі бар,
Үшеуі де жүреді.

(...)

Бүгін сабақта:

- қатар келген дауыссыздары бар сөздерді дұрыс айтып жаттығасың;
- қателерді тауып, түзетуге дағдыланасың.



169-жаттығу. Сөздер айтылуы бойынша берілген. Қателерін түзетіп, көшіріп жаз.

Қоныспек, Амаңгелді, сәңқой, түңгі, сейсембі

- Қандай дыбыстар өзгеріске ұшырады?
- Екі сөзбен сөйлем құра және жаз.



170-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Мәтін не жайлы?
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздер бар ма?



171-жаттығу. Қателерді тап. Түзетіп, көшіріп жаз.

Теңішшілер алыс сапарға аттанды. Кемеде тұрып қарағанда, көгжиек өте алыс көрінді. Капитан орымбасары теңішшілерді палубаға жинады. Башшылары келіп, оларға сәт сапар тіледі.



172-жаттығу. Дереккөздерден су сағаты, күн сағаты, құм сағаты туралы деректер іздестіріп, топта талқыла. Кластер жаса.



173-жаттығу. Жағдаятты оқып, Аяның іс-әрекетін бағала.

Аян мектептен келген соң телефонмен ойын ойнады. Сабағын кейінге қалдырды. Кешке ұйқы қысты. Ол тапсырмаларын шала-пұла орындады. Тапсырма дұрыс орындалмаған еді. Сондықтан ертесінде төмен баға алды.



174-жаттығу. Әңгімені түсініп оқы. Тақырып қой.

Бір данышпан бос құмыраны таспен толтырады. Шәкірттерінен: «Құмыра толды ма?» – деп сұрады. «Иә», – деді олар. Бұдан соң данышпан құмыраға бұршақ салады. Бұршақ тас арасындағы бос жерді толтырды. Шәкірттері құмыраның толып кеткенін айтады. Енді данышпан құмыраға құм салады. Құм бұршақ пен тас арасынан өтіп, бос жерлерді толтырды. Шәкірттер тағы да құмыраның толып кеткенін айтады. Сонда ол құмыраға су құяды. Су да құмыраға сыйып кетеді. Данышпан сонда:

– Құмыра – біздің өміріміз. Тас – өміріміздегі басты құндылықтар: отбасы, достар, денсаулық. Бұршақ – бізге қуаныш сыйлайтын дүние, бірақ ең маңызды нәрсе емес, яғни, үй, жұмыс, көлік т.б. Құм – ұсақ-түйек нәрселер. Егер ең алғаш құмыраны құмға толтырсақ, тасқа да, бұршаққа да орын қалмас еді. Өмірде де солай: ұсақ-түйекке бар уақытыңды жұмасаң, ең қажеттісіне уақытың жетпейді, – дейді.

«Шығыс даналығы» жинағынан

- Сен уақытыңды қалай жұмсайсың?



175-жаттығу. Адамның әріптерден сөз құра. Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

ЖАНДЫБА, СӨНДІБЕ, ТІГҮН, ЖАГЕРУЫН.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрауға жаттығасың;
- сөздердің мағынасын ажыратуға дағдыланасың.



176-жаттығу. Суретке қарап, апта күндері қалай аталатынын есіңе түсір. Әр күні не істейтініңді әңгімеле.



177-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Апта басы – дүйсенбі,
Тауып алдым Дүйсенді.
Екеуіміз қосылып,
Ордық жусан, **изенді***.

Екінші күн – сейсенбі,
Тауып алдым Сейсенді.
Айтып қызық әңгіме,
Көтерді ол **еңсемді***.

Апта ортасы – сәрсенбі,
Тауып алдым Сәрсенді.
Екеуіміз ағысқа
Жүзіп бердік қарсы енді.
Төртінші күн – бейсенбі,
Тауып алдым Бейсенді.
Екеуіміз қосылып,
Көп жұмысты еңсердік*.
Жұма күні Жұмамен
Сайрандадым мына мен.
Тау басынан теріп кеп,
Айран іштік жуамен*.
Сенбі күні Сенбімен
Өн сап,
Төктім терді мен.

Болу үшін өнерлі,
Ерінбеймін енді мен.
Жетінші күн – жексенбі,
Тауып алдым Жексенді.
Жүріп жатқан өзенде
Қызықтадық көп сенді.
Байқасаңдар, балалар,
Қойған ата-аналар
Күн атымен аталған
Бізде талай бала бар.
Соған құлақ түріңдер,
Еске сақтап жүріңдер:
Бір аптаны құрайтын
Жеті күнді біліңдер.

А. Асылбек

- Өлең не жайлы?
- Өлең мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құра.
- Қарамен жазылған сөздерді түсіндірме сөздіктен тауып, мағынасын біліп ал.



178-жаттығу. Сөздерді оқы. Кестені дәптеріңе толтыр.

Апта, ойнады, қызық, қара, доп, он, көбелек, сары, ұшты, жиырма.

Заттың атын білдіреді	Заттың қимылын білдіреді	Заттың түсін білдіреді	Заттың санын білдіреді

- Қара сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді жаз.
- Апта сөзіне мағыналас сөзді жаз.



179-жаттығу. Мәтінді оқы.

Жеті тәулік бір апта болады. Апта күндері бірінен кейін бірі ретімен келеді. Аптадағы алты күннің атауы парсы тілінен енген. Әр күннің соңындағы «сенбі» сөзі парсының «күн» дегенді білдіретін «шамбэ» сөзінен шыққан. Жұма – арабтың «жиналу», «басқосу» сөзінен шыққан.

- Тірек сөздерді анықта. Жаз.



180-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз. Өлеңдегі ұйқасқа мән бер.

Жарқырар жақұт,
 Қымбат ...
 Көріп қысқы ... мен,
 Қырға шықтым шаңғымен.
 Дүкеннен қалап,
 Алдым ...
 Қуанып біздерді,
 Жадырап ... келді.
 Тыным көрмей тілдері, жарысады ілгері.
 Сол арқылы білеміз, ... күндегі.

Керекті сөздер: сағат, жаз, уақыт, таңды, уақытты.



181-жаттығу. «Аптаның қай күні?» ойыны. Берілген әрекеттер қай күнге сәйкес келетінін айт. Ойынды жұптасып жалғастыр.

- 1) Бұл күні музыка сабағы болады.
- 2) Бұл күні біз сурет саламыз.
- 3) Бұл күні сынып сағаты болады.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбын, негізгі ойды анықтауға дағдыланасың;
- көркем жазуға жаттығасың.



182-жаттығу. Мақалдарды көркем етіп көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндір.

Жақсы сөз – жан семіртеді,
Жаман сөз – жан күйдіреді.

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.

Тілімізде мағынасы бір-біріне **қарама-қарсы** келетін сөздер бар. Олар салыстырмалы ұғымдарды білдіреді.

Мысалы: *үлкен – кіші, ұзын – қысқа, ақ – қара.*



183-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Күн мен түннің қалай алмасатынына көз жеткізу үшін кішкене тәжірибе жасайық. Ол үшін бізге бір алма, майшам, екі жалауша керек. Оның біреуі ақ, екіншісі көк болсын. Жанып тұрған майшам – Күн, алма – Жер. Алманың екі жақ бүйіріне шаншылған жалаушалар – біздің үйіміз.

Майшамды жағамыз. Алманың жартысына жарық түсті, екінші жартысы қараңғы. Яғни ақ жалауша жақта

күндіз, ал көк жалауша жақта түн екенін көреміз. Алманы ештеп айналдырайық. Енді ақ жалауша жақта түн болды. Ал көк жалауша жаққа күн шықты. Ойыншық Жеріміз бір айналып шыққанда осындай болды. Ал шын Жер өзінен-өзі толық бір рет айналып шығуы үшін 24 сағат уақыт керек. Бұл – бір күн, бір түн. Екеуін қосқандағы уақыт *тәулік* деп аталады.

«Негеш» энциклопедиясынан

- Мәтін не туралы? Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Сөйлем ішіндегі қарама-қарсы мағыналы сөздерді тап.



184-жаттығу. Сөздерді оқып, қарама-қарсы мағынасын табындар.

Жақсы – ..., алыс – ..., биік – ..., жарық – ..., ұзын –

- Екі сөзбен сөйлем құраңдар.



185-жаттығу. Кестеден қарама-қарсы мағыналы сөздерді тап.

ж	а	ң	а	ж	а	қ	ы	н
у	о	к	н	ы	ф	у	е	т
а	ж	і	ң	і	ш	к	е	с
н	р	р	ж	и	д	о	с	а
а	л	ы	с	ү	ү	қ	к	п
һ	ө	е	т	а	з	а	і	р



186-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсініп ал. Көшіріп жаз. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді тауып, астын сыз.

Батар күннің атары бар.

Түнде отыңды жасыра біл,
Күндіз түтініңді жасыра біл.

Бүгін сабақта:

- тақырып пен суретке қарап, мәтіннің мазмұнын болжауға жаттығасың;
- әдемі, көркем жазуға дағдыланасың.



187-жаттығу. Берілген тақырып пен суреттің және сұрақтардың көмегімен мәтін құра.

Сүңгі*



- Бұл қай мезгіл?
- Сүңгі неден пайда болды?
- Балалар не істеді?
- Олар не туралы сөйлесті деп ойлайсың?
- Оқиға қалай аяқталуы мүмкін?

- Балалар қандай қауіпсіздік ережесін сақтауы керек? Пікіріңді білдір.



188-жаттығу. Қыс мезгілінде сүңгіден және басқа да қауіптерден қалай сақтануға болады? Қауіпсіздік ережелерін топ болып құраңдар.

Сүңгіден сақтану	Жердегі мұздан сақтану	Үсік шалудан сақтану



189-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда.



- Өлең не туралы?
- Ақын қысты қалай суреттейді?
- *Ақ, суық, кәрі, қыс* сөздерінің қарсы мағынасын тауып жаз.



190-жаттығу. Жұмбақтарды оқы. Шешуін тауып, жаз.

Төбедегі сылдырмақ
Төмен түсті құлдырап.
Сылдыр-сылдыр сылдырмақ
Сынып қалды сыңғырлап.
(...)

Қос қолы жоқ, көзі жоқ,
Сурет салар өзі көп.
(...)

Шешесі – су,
Әкесі – суық.
(...)

- Қарамен жазылған сөздердің қарама-қарсы мағынасын тап.



191-жаттығу. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолданып, қыс туралы 4–5 сөйлем жаз.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбын, негізгі ойды анықтайсың;
- қателерді анықтауға және түзетуге жаттығасың.



192-жаттығу. Артық сөзді тап. Ол сөздің неге артық екенін түсіндір.

1. Сұлу – көрікті – ұсқынсыз – әдемі.
2. Батыл – қорқақ – қайсар – ержүрек.
3. Шат – қуанышты – ренжіген – мәз.
4. Зерек – ұмытшақ – алғыр – ақылды.

Мәндес сөздер – мағыналары бір-біріне жақын сөздер.

Мысалы: *әдемі – сұлу, батыр – ержүрек, үлкен – зор, тез – жылдам.*



193-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Маятникті бар сағатты Гюйгенс деген кісі ойлап тапты. Маятник (сағаттағы салбырап тұрған темір шар) бірқалыпты тербеледі. Оның әр тербелісі бірдей уақыт аралығында қайталанады. Маятниксіз сағат уақыттан 15 минут артта қалып немесе озып кете беретін. Маятник – сағаттың «жүрек соғысы». Маятниктің бір тербелісі бір секундқа тең. Ал электронды сағаттарда маятник жоқ.



- Мәтінге тақырып қой. Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Маятник деген не?
- Маятниксіз сағаттың ерекшелігі қандай болған?
- Сағаттың қандай түрлерін білесің?



194-жаттығу. Берілген сөздерге мәндес сөздер жаз.

Ұқыпты, ..., ...	Батыр, ..., ...	Сыйлы, ..., ...
Мықты, ..., ...	Бала, ..., ...	Мәлімет, ..., ...

Үлгі: *Сұлу, ажарлы, көркем.*

- Өзің қалаған екі сөзбен сөйлемдер құра.



195-жаттығу. Қателерді тауып, түзетіп жаз.

Сағат – уақытты өлшейтін құрал. ол адамдарға күн тәртыбын сақтауға көмектеседі. Бүрүн адамдар күн мен көленкеге қарап уақытты білген.



196-жаттығу. Мәтінді оқып, төмендегі әрекеттерді ата-анаңмен бірге тексер: бұл уақыттар шындыққа сәйкес келе ме? Себебін түсіндір.

Ерте заманда қазақ халқы өз тіршілігіне қарап, уақытты шамалаған. Мысалы: шайқайнатым – шамамен 10–15 минут. Сүтпісірім – шамамен 15–20 минут. Етпісірім – шамамен 2–3 сағат.



197-жаттығу. Суреттердің орнына қажетті сөзді қойып, мәтін құра.

Бұрын уақытты  көмегімен анықтаған. Ол – «күн » деп аталады. Сағат тілінің орнына  пайдаланылады. Таяқшаны айнала  сызылады. Шеңберді  сағатқа бөледі.

Бүгін сабақта:

- диалогке қатысқанда ойынды жүйелі жеткізуге дағдыланасың;
- мәдениетті сөйлеуге жаттығасың.



198-жаттығу. Сөздер тізбегінен мәндес сөздерді тауып, жұп құраңдар.

Үлгі: жануар – хайуан, ...

Жануар, тіршілік, дос, батыр, кісі, өмір, адам, жолдас, хайуан, ержүрек.



199-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Қазақ халқы 12 жылды бір мүшел* деп есептеген. Әр жылды бір жануардың атымен атаған.

- | | |
|-----------|------------|
| 1) тышқан | 7) жылқы |
| 2) сиыр | 8) қой |
| 3) барыс | 9) мешін* |
| 4) қоян | 10) тауық |
| 5) ұлу | 11) ит |
| 6) жылан | 12) доңыз* |

Әр жануардың жылы наурызда кіреді. Бір мүшел аяқталғанда, екіншісі тағы да тышқаннан басталады.

«Жыл он екі ай» кітабынан



- Жұптасып, мәтіннің мазмұнына сәйкес диалог құрыңдар.
- Аяқталу сөзін қандай мәндес сөзбен алмастыруға болады?



200-жаттығу. Суреттерге мұқият қараңдар. «Менің жылым» тақырыбында диалог құрыңдар.

Үлгі:

– Айнұр, сенің жылың қандай?

– ...

– Жылқы жылы дүниеге келгендердің мінезі қандай болады деп ойлайсың?

– ...

– Сен мүшел туралы не білесің?

– ...



- Жылқы сөзіне мәндес сөзді тап. Сөйлем құра.




201-жаттығу. Сөйлемдегі қарамен жазылған сөздерді мәндес сөздермен алмастырып жаз.

Қазақ халқы ежелден жыл қайыру дәстүрін ұстанған. Әр жылдың өз атауы бар. Халық жыл қайыруды табиғатпен үйлестіріп, өз өмір салтына бейімдеген. Бұл жүйе қазақтардың **парасатпен*** табиғатты танудағы даналығын көрсетеді.

Керекті сөздер: ел, ақыл, тәртіп.



202-жаттығу. Ребусты шеш. Мақалдың жалғасын үлкендерден сұрап біл. Толық нұсқасын дәптеріңе жаз.



Бүгін сабақта:

- тура және ауыспалы мағыналы сөздер туралы білесің;
- сөз тіркесін пайдаланып, мәтін құрауға жаттығасың.



203-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңдар. Мағынасын мұғаліммен бірге талдаңдар.

Ана – шаңырақтың жылуы.
 Өке – отбасының жүрегі.

Оттың жылуы тарады.
 Жүрегім қатты соғады.

Сөздің тура мағынасы дегеніміз – сөздің бастапқы, негізгі мағынасы.

Ауыспалы мағына дегеніміз – сөздің басқа мағынада қолданылуы.

Тіл $\begin{cases} \rightarrow \text{дене мүшесі – тура мағына.} \\ \rightarrow \text{сағаттың тілі – ауыспалы мағына.} \end{cases}$



204-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Отбасы шежіресі – әр әулеттің тарихы.

Менің атам шежіре* жазуды жақсы көретін. Ол үлкен дәптерге біздің әулеттің барлық ұрпағын ретімен жазып шыққан. Әжем сол дәптерді ерекше сақтайды. Кейде бәріміз жиналып, шежірені бірге оқимыз.

Шежіре – өткен мен бүгінді байланыстыратын **алтын көпір**. Өз тегін білген адам болашағын айқын таниды.

Ш. Айманов

- Мәтін не жайлы? Өз отбасыңның шежіресін білесің бе?

- Қарамен жазылған сөздің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіндіріп көр.



205-жаттығу. Суреттерге қарап, сөйлемдерді оқы. *Көз* сөзі қай сөйлемде тура, қай сөйлемде ауыспалы мағынада тұрғанын тап.



Күннің көзі көрінді.



Бүркіттің көзі өткір болады.



206-жаттығу. Қай сөйлемде сөз тура мағынада, ал қайсысында ауыспалы мағынада қолданылғанын айт.

Сөйлем	Тура мағыналы	Ауыспалы мағына
Атамның жүрегі кең адам.		
Әжемнің алақаны жылы.		
Әкемнің жазған шежіре дәптері бар.		
Өулетіміздің тамыры терең.		
Күйші домбыраның құлағын бұрады.		



207-жаттығу. Сөздермен тура және ауыспалы мағынада сөйлем жаз.

Гүл, алтын, қол, бас.



208-жаттығу. «Шежіре ағашын» сөйлет.

- Отбасы шежіресін ағаш түрінде сал.
- Әр бұтағына отбасы мүшелерінің есімін жаз.
- Әрқайсысын сипаттап жаз. Ауыспалы мағынадағы сөз тіркесін қолдан.

Бүгін сабақта:

- сөзді тура және ауыспалы мағынада қолдануды үйренесің;
- өз өмірбаяныңды жазуды үйренесің.



209-жаттығу. Өлең үзіндісін оқы. Қарамен жазылған сөзге назар аудар. Ол тура мағынада айтылып тұр ма?

Уа, дариға, **алтын бесік** – туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!

Қ. Аманжолов



210-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

- Туған жерің?
- Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.
- Туған жылың?
- 1931. Құрдасымын Шөмілдің...
- Шыққан тегің?
- Шаруамын.
- Бар тірліктен бағалы оны санаймын.
- Білімің ше?
- Орташа ғой.
- Алайда өзім жоғарыға балаймын.
- Ана тілің?
- Қазақша.
- Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар...
- Мекенжайың?

– Мекенжайым – **Жер** менің...
Мен өмірді жырлау үшін келгемін!

М. Мақатаев

- Өлең не жайлы?
- Өлеңге тақырып қой.
- Қарамен жазылған *Жер* сөзі қай мағынада айтылған? Ойыңды дәлелде.



211-жаттығу. Нұсқаулықты пайдаланып, өз өмірбаяныңды жаз.

Өмірбаянның негізгі бөліктері:

1. Аты-жөнің
2. Туған жылың мен туған жерің
3. Оқып жүрген мектебің мен сыныбың
4. Отбасың туралы қысқаша мәлімет
5. Бос уақытта айналысатын сүйікті ісің
6. Қорытынды сөйлем



212-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңдар.

Менің жүрегім соғып тұр. Ол жүрек жұтқан батыл еді. Әкемнің қолы алтын. Мен қолымды жудым. Күн күллі әлемге жарық сәулесін төкті. Анашым мені жарық дүниеге әкелді.

- Тура және ауыспалы мағыналы сөздері бар сөйлемдерді кестеге бөліп толтыр.

Тура мағыналы сөздері бар сөйлемдер	Ауыспалы мағыналы сөздері бар сөйлемдер

Бүгін сабақта:

- өзгенің пікірін тыңдауға, өз көзқарасыңды білдіруге жаттығасың;
- -ы, -і-ден басталатын қосымша жалғанған кезде түбір сөзде қандай өзгеріс болатынын білесің.



213-жаттығу. Сызбаға қарап, сөз құрамын есіңе түсір. Мысалдар келтір.

ТҮБІР

+

ҚОСЫМША

Жұрнақ сөздің мағынасын өзгертеді.

Жалғау сөз бен сөзді байланыстырады.



214-жаттығу. Кесте бойынша сөздерді сөз құрамына талдап жаз.

Сыныптастар, кітаптар, достығы, кітапхана.

Түбір сөз	Жұрнақ	Жалғау



215-жаттығу. Сөздерге -ы, -і жалғауларының тиістісін жалғап, айтып көр. Түбір сөздегі қандай дыбыстар өзгерді?

Үлгі: табақ → табағы

қабақ → ..., жүрек → ... , кітап → ... , сыйлық → ...

Егер түбір сөз қ, к, п дыбыстарына аяқталып, оған дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, соңғы дыбыс былай өзгереді: қ → ғ, к → г, п → б.

Мысалы: бақ → бағы, күрек → күрегі, қап → қабы.





216-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- «Туған күн тек сыйлық алу күні ме?» деген сұрақ бойынша алдымен достарыңның пікірін тыңда. Соңынан өз ойыңды айт.
- *Сынып* сөзіне *-ы* қосымшасын жалғап айт. Сөз қалай өзгерді?



217-жаттығу. Өлеңді оқы. Қарамен жазылған сөздерде қай дыбыс өзгеріске ұшыраған? Себебін түсіндір.

Анаң – күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің.
Әжең – асыл ардағың,
Атаң – дана қорғаның.

М. Қуанышбеков



218-жаттығу. Туған күн иесіне арнап тілектер жаз. Сұрақтарды басшылыққа ал.

Кімге арнап жаздың?
Қандай тілек жазасың?

Бүгін сабақта:

- қосымша жалғанған кезде түбір сөздегі өзгерісті сақтап жазуды үйренесің;
- мәтіндегі маңызды ақпаратты анықтауға жаттығасың.



219-жаттығу. Сөздерге -ы, -і жалғауларын жалға, не байқадың?

Ауыл – ..., дауыс – ..., орын – ..., мұрын – ..., ерін – ...

Қосымша жалғанғанда кейбір түбір сөздің жазылуы өзгереді: *өріп – өрпі, орын – орны.*



220-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Өзгерген түбір сөздерді тап.

1. Уақыт бәрін өз орнына қояды. 2. Мал төлдеп, адамдардың аузы аққа тиді.



221-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Мен уақытымды дұрыс пайдалануға тырысамын. Сағатым – сенімді серігім. Ол менен көмегін аямайды. **Уақытты** бағалаған адам жетістікке жетеді. Мен үй жұмысын жасап та, **үйірмелерге** қатысып та үлгеремін.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.
- Маңызды ақпаратты білдіретін сөйлемді көшіріп жаз.
- Қосымша жалғанған кезде қай сөздердің түбірі өзгерді?



222-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Сұрама,
Сұрама дәлдігін –
Айнытпай айтады барлығын,
Тық-тық, тық-тық, тық-тық!
Қай кезде отырып тамаққа,
Қай кезде барасың сабаққа,
Дәл айтар жаңылмай, тосылмай,
Ол сенің сенімді досыңдай.
Тық-тық, тық-тық, тық-тық!

Е. Зікібаев



- Өлеңге тақырып қой.



223-жаттығу. Берілген сөздерге тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Өнер ..., сурет..., сән..., ойын..., оқу... .



224-жаттығу. Суреттерді пайдаланып, сөз жаз. Оларға қосымша жалғап, сөздің мағынасын өзгертіп жаз.



Бүгін сабақта:

- ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыруға жаттығасың;
- түбір мен қосымшаны ажыратуды үйренесің.



225-жаттығу. Сөздерді оқып, кестені толтырыңдар.

Балалар, балалық, балалы, балақайлар, балаша

Түбір	Жүрнақ	Жалғау



226-жаттығу. Өлең мен мәтінді салыстырып оқы. Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?

Балалық шағың –
Қайтпас уақыт,
Қал дәмін татып,
Бос өткізбе еркелеп!
Жастық деген – бағасыз,
Қадірін білмес санасыз.
Жастық – алтын,
Құрып қал салтын,
Салты оның – үйрену,
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан* жирену!

М. Жұмабаев

– Айтайын, жолаушы. Сен бақыт құсын босқа іздеп шаршадың. Ол адамды өзі іздеп келеді. Сен жас кезіңнен еңбек етсең, бақытты содан табар едің. Енді кеш. Өйткені сен өміріңнің жартысынан көбін адасып жүріп өткіздің. Енді ерінбей еңбек етуге үйрене алар ма екенсің? Бақыт құсы тек еңбек-құмарларға ғана қонады. Сондықтан бақыт құсы сенен ұзап кеткен.

Ы. Алтынсарин

- Мәтіндердің стилін анықта.
- Шығармалардың негізгі ойын анықта.
- Қарамен жазылған сөздерді түбірі мен қосымшасына ажырат.
- Түбір сөзге жалғанған қосымшалардың жуан, жіңішке болып келу себебі неден деп ойлайсың?



227-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.

Уақытымды пайдалы істерге жұмсаймын. Жоспарлау адамды ұқыптылыққа үйретеді. Тиімділікпен жұмыс істесем, бәріне үлгеремін. Бос уақытымда жақсы демаламын.



228-жаттығу. Суреттегі мамандық иелерін атаңдар. Олар бос уақытын қалай жоспарлауы мүмкін екенін айтып көріңдер.



229-жаттығу. Төмендегі сөйлемді жалғастырып, өз ойыңды жаз.

Егер мен уақытымды дұрыс жоспарламасам, онда...

Ал егер мен уақытымды тиімді пайдалансам, онда...

Бүгін сабақта:

- буын үндестігі туралы білесің;
- тақырып пен суреттің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайсың.



230-жаттығу. Суретке мұқият қара. Берілген тақырып пен сурет бойынша мәтіннің мазмұнын болжа.

Менің күнтізбем



231-жаттығу. Мәтінді тыңда.

- Күнтізбе деген не? Оның қандай пайдасы бар?



232-жаттығу. Мәтінді қатесіз, көркем жаз.

Күнтізбе – адамның уақытты дұрыс пайдалануына көмектесетін құрал. Ол күндерді, айларды және жыл мез-

гілдерін ретімен көрсетеді. Күнтізбе арқылы адамдар өз істерін жоспарлап, маңызды күндерді белгілейді.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.
- *Адамның, күндер* сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Түбір сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады: *адам-дар-дың, дастарқан-ның.*

Түбір сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады: *кезек-ші-лер, мектеп-тер-де.*



233-жаттығу. Сөздерге қосымша жалғап жаз. Жалғаулардың жуан немесе жіңішке болып жалғану себебін түсіндір.

Сағат, күн, таң, кеш, түс, күнделік.



234-жаттығу. Кесте бойынша сыныптастарыңмен атқаратын іс-шаралардың жоспарын жазыңдар.

Апта	Дүй-сенбі	Сей-сенбі	Сәр-сенбі	Бей-сенбі	Жұма	Сенбі	Жек-сенбі
Іс-шара							



235-жаттығу. «Менің армандарымның күнтізбесі» тақырыбында қиялыңды қосып, өзіңе арналған ерекше күнтізбе ойлап тап.

- Ол қандай түспен безендірілген?
- Онда қандай ерекше күндер бар?
- Сол күнтізбені қалай пайдаланар едің?

Бүгін сабақта:

- түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасауды үйренесің;
- сөйлеу барысында қаратпа сөзді қолданасың.



236-жаттығу. Түбір сөздерге тиісті жұрнақтарды қосып жаз.



- Түбір сөз бен қосымшалы сөздің мағынасын салыстыр.

Түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жасалған сөзді **туынды сөз** дейді.



Мысалы: жазу+шы, таза+лық, өнер+паз.



237-жаттығу. Берілген жұрнақтарды жалғап, жаңа сөз жасаңдар.

-паз

-шы

-хана

-кер

-қой

- Жаңа сөздің мағынасын түсіндір.



238-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Асхаттың ойыншығы өте көп. Әжемнің ақылды кеңесін тыңдадым. Әсемнің әнші болғысы келеді. Ағамның жазушы болуға талпынысы зор.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.



239-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Қаратпа сөздерді пайдаланып, күн тәртібінің маңызы жайлы айтып бер.



- *Көңілді* сөзін сөз құрамына талда. Бұл түбір сөз бе әлде туынды сөз бе?



240-жаттығу. Өлеңді керекті сөздердің тиістісін қойып, толықтырып жаз.

Достық ... – асыл сөз,
Жүректерге ... сөз.
Достар ... күлсе егер,
Күн де күліп

Керекті сөздер: бірге, деген, жетер, нұр төгер.

Бүгін сабақта:

- түбірге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасауды үйренесің;
- ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыруға жаттығасың.



241-жаттығу. Өзіңнің бір күнің жайлы 4–5 сөйлеммен айтып бер.

- Күн тәртібін толық сақтай аласың ба?
- Қандай пайдалы істермен айналысасың?
- Туынды сөздерді қатыстыр.



242-жаттығу. Мәтін мен өлеңді оқы. Салыстыр.

Таң – жаңа күннің, жаңа үміттің
бастауы. Сондықтан қазақ халқы таңды
құрметтеп, оны таза ниетпен қарсы алған.

Таңғы ас – тек күнде ішетін тағам
емес. Ол – халқымыздың өмірге деген
көзқарасын бейнелейтін құбылыс.

Дастарқан – тек тамақтану орны емес.
Ол – пікір алмасу, тәрбие беру кеңістігі.

«Қазақ әдебиеті» газетінен

Жаныңа шуақ нұр
беріп,
Қуантты бүгін кім

Жазып жүр жақсы
нәрсені,

Бүгіннен бастап
күнделік.

А. Темірбай

- Кестені қолданып, мәтіндерді салыстыр.

Сұрақтар	1-мәтін	2-мәтін
Тақырыбы		
Мәтіннің қай түріне жатады?		
Мәтін қай стильде жазылған?		



243-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқыңдар. Біреуін таңдап, мағынасын талқылаңдар.

Кешегі күннен алыс жоқ,
Ертеңгі күннен жақын жоқ.

Таң атпайын десе де,
Күн қоймайды.

Өткен күн – ұшқан құс,
Шақырсаң да келмейді.

- Көшіріп жаз.



244-жаттығу. Мәтін ішінен туынды сөздерді тауып, кесте бойынша талдап жаз.

Күн шыққанда, мен дене сергіту жаттығуларын жасаймын. Таңертеңгі тазалықты сақтау – менің әдетім. Үй тапсырмасын орындаймын. Оқулықтарымды түгендеп, сабаққа әзірленемін. Кешке отбасыммен әңгімелесіп, қуанышты сәттермен бөлісеміз.

Туынды сөз	Түбірі	Жұрнағы
і	і	і



245-жаттығу. Берілген сөзден жаңа туынды сөздер құрап жаз.

ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ

Бүгін сабақта:

- түбірлес сөздердің мағынасын ажыратасың;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтауға жаттығасың.



246-жаттығу. Сызбаға қарап, сөздер құра. Мағынасын түсініп ал.



Бір түбірден тараған сөздерді **түбірлес сөздер** деп атайды.

Мысалы: **су – суат – сушы – сусын – сулы.**



247-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Мен туғанда, әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен... Әкем **зергерлікті*** жақсы көрген. Біздің елде одан өткен **зергер*** ұста болмаған.

Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

– Мен Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.



Осылай жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады...
Елтанудың басы осылай басталатынын кім білген.

Б. Момышұлы

- Бұл мәтінді өмірбаян деуге бола ма? Пікіріңді дәлелде.
- Мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемді тауып оқы.
- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Не байқадың?



248-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақты қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Сырға, білезік – сән... бұйымдар. Әсия сән... киінеді. Күләш сән... адам еді. 2. Су... жерде күріш өсіріледі. Дүкеннен салқын су... алдық. Арманның атасы су... болып жұмыс істейді.

Қажетті жұрнақтар: -сын, -лы, -ді, -дік, -қой, -шы.

- Түбірлес сөздерді тап. Мағынасын түсіндір.



249-жаттығу. Берілген сөздерден түбірлес сөздер жасап жаз.

Қалам, өнер, сән, бөл, май.

-қой

-паз

-ді

-лі

-гер

-лы

-шы

-ме

-гіш

-шек

-ла

-ім



250-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Шежіреші* кісі шежіре айтты,
Ішіндегі шежіресін шешіле айтты.

Е. Елубай

- Түбірлес сөздерді тап. Мағынасын түсіндір.

Бүгін сабақта:

- өткен материалдарды қайталайсың.



251-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Жылы жүрек, тәтті тіл,
Берекені берер, біл.
Ащы сөзді – өзімшіл,
Өнері оның қалар тұл*.
Қатесін тапсаң, жұмсақ айт,
Ызаланбай сабыр қыл.

III. Құдайбердіұлы

- Қарамен берілген тіркестерді қалай түсінесің? Бұл сөздер тура мағынада айтылып тұр ма, әлде ауыспалы мағынада ма?
- Өлең не туралы?
- Өлең мазмұнын өз сөзіңмен жаз.



252-жаттығу. Жұмбақты оқы. Қатесін тауып, түзетіп жаз. Шешуін тап.

Сыртылдайді күнімен,
Сыртылдайды түнімен.
Білгін келсе мезгілды
Көрсетеді тілімен.

(...)

- *Тілімен* сөзінің мағынасын ажырат.



253-жаттығу. Көп нүктенің орнына жақшадағы сөздерге тиісті тәуелдік жалғауын жалғап жаз.

Сенің ... (дауыс) естілмейді. Менің ... (уақыт) болмады. Мемлекеттің ... (мүлік) шашпа. Дөмеш ... (ерін) жыбырлатты. Нәрестенің ... (қарын) ашпасын. Біздің ... (халық) бақытты.



254-жаттығу. «Қаратпа сөздің пайдасы» ойыны. 3–4 оқушыдан шағын топтарға бөлін. Төмендегі үлгілік жағдаяттар бойынша сахналық көріністер қой. Шарты: қаратпа сөзді қолдану және дауыс ырғағына мән беру.

Сахналық көріністерге үлгілік жағдаяттар:

1. «Анашым, бүгін мен сабақтан өте жақсы баға алдым!»
2. «Балалар, бүгін сендер нағыз чемпионсыңдар!»
3. «Досым, сен мені кешірші...»
4. «Ұстазым, мерекеңізбен құттықтаймыз!»



255-жаттығу. Сөздерден түбірлес сөздер жасап жаз.

Еңбек, оқу, сый, ас.

- Қалаған 3 сөзбен сөйлем құра.



256-жаттығу. Мәліметті оқы.

Халқымыз уақытты анықтауда аса бай тәжірибе жинақтаған. Уақытты дәл болжай білген. Мәселен, 1 секундты *бір сәт, қас қағым, «ә дегенше»* деген деген тіркестермен берген.

Б. Нұрасыл

4-БӨЛІМ

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

Бұл бөлімде:

- сөйлем туралы білетініңді еске түсіресің;
- сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелері туралы білесің;
- жалаң және жайылма сөйлемдер туралы білесің;
- сөйлем мүшелерінің байланысын табуға жаттығасың.



Бүгін сабақта:

- қателерді тауып, түзетуге жаттығасың;
- сөйлем туралы кеңірек білесің.



257-жаттығу. Сөйлем түрлерін есіңе түсір. Кестені толтыр.

Сөйлем түрі	Қандай мақсатпен айтылады?	Тыныс белгісі
Хабарлы сөйлем		
Сұраулы сөйлем		
Лепті сөйлем		



258-жаттығу. Мәтінді оқып, сәулет өнері жайлы мәлімет ал.

Сен «архитектура» деген сөздің мағынасын білесің бе? Архитектура «сәулет өнері», «құрылысшы» деген мағынаны білдіреді. Құрылыс дегеніміз – жоба бойынша салынған ғимарат. «Өнер» ұғымы көп мағына береді. Сендер «қолөнер», «музыка өнері», «бейнелеу өнері», «зергелік өнер» деген сөздерді жиі естисіңдер. Осы өнердің бір саласы – сәулет өнері.

Біздің елде сәулет өнері жақсы дамыған.

e-history.kz сайтынан

- Мәтіндегі бірінші және екінші сөйлемдердің түрін анықта.
- Еліміздегі әсем ғимараттар туралы не білесің?



259-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Астана қандай қала?
2. Онда қандай әдемі ғимараттар бар?

3. Саған Астана қаласындағы қай ғимарат ерекше ұнайды?
4. Неліктен Астананы еліміздің жүрегі дейді?



260-жаттығу. Қатесін түзетіп, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Сәулет өнері – шеберлікті көрсетудің бір түрі.
2. Көрыкті ғимаратар қалаға сұлұлық береді.
3. Сәулет өнері елдің мәдениетін бейцелейді.



261-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш.



1.	A						
2.	C						
3.	T						
4.	A						
5.	H						
6.	A						

Бүгін сабақта:

- сөйлем мүшелері туралы білесің;
- суретке қарап мәтін құрастыруға жаттығасың.



262-жаттығу. Суретке қара. Сөйлемдерді оқы. Бірінші сөйлемдегі әр сөзге сұрақ қой.

Сәулетші ғимараттың жобасын жасайды. Ғимараттың әдемі, жайлы болуы сәулетшіге байланысты.



- Мәлімет пен суретті пайдаланып, мәтін құрап жаз.

Сөйлем құрамындағы нақты сұраққа жауап беріп тұрған толық мағыналы сөздерді **сөйлем мүшелері** дейміз.

Кім?

Алмас

Нені?

суретті

Не істеді?

салды.



263-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Әрбір сөзге сұрақ қой. Сұрақты әр сөздің үстіне жаз.

Күн жылынды. Оқушылар мектепке ерте келді. Әжем бауырсақ пісіріп жатыр. Қарлығаш ұясын жөндеп жүр. Жел баяу есіп тұр.

- Әр сөйлемде неше сөйлем мүшесі бар екенін айт.



264-жаттығу. Сурет бойынша 3–4 сөйлем құра. Сөйлемдегі әр сөзге сұрақ қой.



265-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Сәулетші болғым келеді

Менің сәулетші болғым келеді. Қағазға көпқабатты, сәнді ғимараттың жобасын сызуды ұнатамын.

Болашақта қаламызды көркейтуді армандаймын. Әр аулада субұрқақтар болады. Субұрқақтың жан-жағында әдемі гүлдер, соқпақ жолдың бойында ағаштар өсіп тұрады.

Ойын алаңдарын салғым келеді. Алаңның ішінде түрлі ұлттық ойындарды ойнаймыз.

Г. Сұлтанова

- Бірінші, екінші сөйлемді жаз. Сөйлем мүшесіне талда.
- Сен сәулетші болсаң, қандай ойын алаңын жасар едің?



266-жаттығу. Көк түспен жазылған әріптерден сөз құра.

КОРАГИНПРЫЕРХ ПРДИВАКНТКЕГЕ АОДКВАР-
ТВАРОЕРНПСВР

Бүгін сабақта:

- ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстырасың;
- бастауыш туралы білесің.



267-жаттығу. Суретке қарап, киіз үй туралы әңгімеле.



268-жаттығу. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.



1. Киіз үй туралы қандай жаңа ақпарат алдың?
2. Қазақ халқы киіз үйді неліктен қадірлейді?
3. Өзің құрастырған мәтін мен тыңдаған мәтін арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар болды?

Қимыл, іс-әрекеттің иесін білдіретін сөзді **бастауыш** дейді. **Сұрақтары:** кім? кімдер? не? нелер? кімі? кімің? несі? нең?

Мысалы: Асқар (кім?) мектепке барды.





269-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз, көркем жаз. Бастауыштың астын сыз.

1. Күн суытты. 2. Кейде қар ұшқындайды. 3. Шопандар қыстауға көшті. 4. Атам малды қораға қамады. 5. Түнде боран соқты.



270-жаттығу. Оқы. Киіз үйдің құрылысын біліп ал.

Шаңырақ – үйдің бас бөлігі. Уық – шаңырақ пен керегені қосатын иінді ағаш. Кереге – үйдің қабырғасы. Сықырлауық – киіз үйдің ағаштан жасалған есігі.



«Армысың, әз-Наурыз» кітабынан

- 1–2 сөйлемді көшіріп жаз. Бастауыштың астын сыз.



271-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Киіз үйге кіргенде,
Бәрі басын иеді.
Оның сыры білгенге,
Шаңырақ қой киелі.

Кереге, уық ғажап тым,
Кестелі ою өң береді.
Киіз үйі қазақтың,
Жер шарындай дөңгелек.

С. Әкірамулы

- Киіз үйдің құрылысы туралы мәтін мен өлеңді салыстыр. Ұқсастығы мен айырмашылығы неде?



272-жаттығу. Сұрақтың орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

(Кім?) ғимараттардың пішінін жобалады. Құрылысшылар (не?) салды. (Кім?) құрылысшыларға ас пісірді.

Керекті сөздер: аспаз, ғимарат, сәулетші.

Бүгін сабақта:

- баяндауыш туралы білесің;
- мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыруға жаттығасың және жауап бересің.



273-жаттығу. Ойынды жұптасып ойнаңдар. Біреуің кез келген бір бастауышты атаңдар. Екіншің оның не істейтінін айтыңдар.

1-бала	2-бала
Оқушы	оқиды

1-бала	2-бала
Биші	билейді

Бастауыштың ісін, қимылын білдіретін сөздерді **баяндауыш** деп атайды.

Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?

Дархан ойнады. Қар жауды. Айнұр жазды.



274-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Көпқабатты үйлер

Көше бойлап ұзыннан-ұзақ шарбақ тұр. Ішіндегі мұнара – көтергіш кран. Ол жерде жаңа үй салынып жатыр. Қазір биік үйлерді темірбетон* қабырғалардан құрастыратын болған. Сондықтан көтергіш крандарсыз құрылыс жүрмейді. Есік-терезесі бар қабырғаларды жоғары көтеріп, орнына қою соның ғана қолынан келеді. Сөйтіп, үлкен үй жылдам дайын болады.

Көпқабатты үйлерге көп отбасы қоныстанады. Ондай үйлер жайлы өмір сүруге мүмкіндік береді.

«Негеш» энциклопедиясынан

- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыр. Жауап бер.

- 1) Көпқабатты үйлер адамдарға қолайлы деп ойлайсың ба?
- 2) Кран жүргізушісінің еңбегі маңызды ма? Неліктен?
- 3) ...



275-жаттығу. «Көпқабатты үйлер» мәтінінен қарамен жазылған сөйлемді көшіріп жаз.

- Бастауыш пен баяндауышты тауып, астын сыз.



276-жаттығу. Сызба бойынша сөйлем құра.

1.

2.



277-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз.

Құрылысшы

Үйлеріне қаланың
Мен қызығып қарадым.
Мектеп, балабақшаны
Әдемі етіп саламын –
Мен құрылысшы боламын.

Ф. Оңғарсынова

- Баяндауышты тауып, астын сыз.
- Өлеңдегі кейіпкердің арманы саған ұнай ма? Неліктен?
- Сен болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді? Неліктен?



Бүгін сабақта:

- сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін ажыратасың.



278-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Қайсысы бастауыш, қайсысы баяндауыш екенін анықта.

Біздің ауылда Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш ашылды. Ахмет Байтұрсынұлы балаларға арнап Әліппе жазған. Ғалымның аты ұмытылмайды.

Бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің **тұрлаулы мүшелері**.



279-жаттығу. Мәтінді оқы.

Ескерткіштер дегеніміз – әдемі ғимараттар, мүсіндер немесе тас белгілер. Олар өткен тарихымызды, атақты адамдарды немесе маңызды оқиғаларды еске түсіру үшін салынған.



Қазақстанда ескерткіштер көп кездеседі. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі* бар. Ол өте ертеде салынған. Бұл – халқымыз үшін қасиетті орын. Сондай-ақ қалаларда атақты адамдарға арналған мүсіндер де көп. Мысалы, Абай Құнанбайұлының, Шоқан Уәлихановтың және басқа да атақты тұлғалардың ес-

керткіштері бар. Бұл мүсіндер оларды әрдайым еске салып тұрады.

М. Шокубасова

- Мәтіндегі маңызды ақпаратты белгіле.
- Қарамен жазылған сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін тап.



280-жаттығу. Сызба бойынша сөйлем құрап жаз.

_____ . _____ . _____ .

- Бастауыштың астын бір сызықпен, баяндауыштың астын екі сызықпен сыз.



281-жаттығу. Суретке мұқият қара. Ескерткіш кімдерге қойылған? Ескерткіш туралы 3–4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жаз.



- Тұрлаулы мүшелердің астын сыз.



282-жаттығу. Стикерлерді дұрыс орналастыра отырып, сөйлем құра.

мұрасы

елдің

ескерткіш

мәдени

Бүгін сабақта:

- сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ажыратасың.



283-жаттығу. Сөйлемді оқы.

Құрылысшылар кесененің кірпішін қалады.

- Алдымен сөйлемдегі қарамен жазылған тұрлаулы мүшелерді ғана оқы. Толық сөйлем шыққанын байқадың ба?
- Соңынан тұрлаулы мүшелерді қолыңмен жауып, қалған сөздерді оқы. Не байқадың?

Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштан басқа сөйлем мүшелерін **тұрлаусыз мүшелер** дейміз.

Олар сөйлемді толықтырып тұрады.

Сұрақтары: кімнің? ненің? кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? қандай? т.б.



284-жаттығу. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мазмұнын айт.

Жошы хан күмбезі* – көне сәулет ескерткіші. Ол Жезқазған қаласынан елу шақырым жерде орналасқан.

Күмбезді салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі қатысқан. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарған. Екі жақ босағасын мейлінше берік етіп тұрғызған. Жақтауларын өрнекті кірпішпен безендірген. Белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан.

*«Қазақстан» ұлттық
энциклопедиясынан, 4-том*

- Екінші сөйлемді көшіріп жаз. Тұрлаусыз мүшелерді тауып, астын сыз.



285-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Тұрлаусыз мүшелерді тап.

Айжан Алматы қаласына келді. Ол орталық алаңға барды. Айжан ескерткішке қою үшін гүл сатып алды.



286-жаттығу. Суретке мұқият қара. Сөйлем құрап жаз.



- Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің астын сыз.



287-жаттығу. Сұрақтардың көмегімен сөйлем құра.

1. Кім? Қайда? Не істеді?
2. Не? Қалай? Не істеп жүр?
3. Кім? Қандай? Не? Не істеді?

Үлгі: *Кім? Қандай? Нені? Не істеді?
Айжан әдемі әнді орындады.*



288-жаттығу. Ребусты шеш. Жаңа сөз жайлы ақпаратпен бөліс.



Бүгін сабақта:

- сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін ажыратасың.



289-жаттығу. Өлеңді жатқа жаз. Түсіндірме сөздікке қарап, жаңа сөздердің мағынасын түсініп ал.

Түркістан

Бұлбұлы бақтарда сайраған,
Қыр гүлі* құлпырып жайнаған.
Ұл-қызы шаттығын тойлаған,
Киелі*, күмбезді Түркістан!

С. Тұрғынбекұлы



290-жаттығу. Мәтінді оқы.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салынуы
(аңыз)

Әмір Темір жорыққа бара жатқанда қазіргі Түркістан жерін басып өтіпті. Бір кезде баскиімі жерге түсіп қалады. Соны иіліп ала бергенде: «Япыр-ау, неге мұны иіліп өзім алдым? Қасымдағылар да әперер еді ғой. Сірә, мына төм-пешікте қадірлі біреудің жатқаны ғой», – деп ойлайды. Әскерін тоқтатып, сол жерге түнейді.

Түнеп жатып түс көреді. Түсіне бір ғұлама кіріп: «Мен Қожа Ахмет Ясауи боламын. Ғылымға қызмет еттім. Бірақ мен ескерусіз жатырмын. Егер маған бел-гі орнатпасаң, жауыңнан жеңіліп қайтасың», – дейді.

Таңертең Темір елге уәде береді. Қайтып келіп, мазар орнатады.

Ауыз әдебиетінен

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жайлы не білдің?
- Қарамен жазылған сөйлемді сөйлем мүшелеріне талда.



291-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласында орналасқан. Кесене он төртінші ғасырда салынған. Қазіргі кезде кесенеге турист көп келеді.

- Тұрлаусыз мүшелердің астын ирек сызықпен сыз.



292-жаттығу. Сөйлемдерді тұрлаусыз мүшелермен толықтырыңдар.

Балалар ойнады. Гүл өсіп тұр. Әкем келді. Қыс түсті.


Үлгі: *Кішкентай (қандай?) балалар ойнады.*

Кішкентай балалар далада (қайда?) ойнады.

Кішкентай балалар далада доппен (немен?) ойнады.



293-жаттығу. Шашылған әріптерден сөз құра. Сөздерден сөйлем құра.



Бүгін сабақта:

- бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланысты анықтауды үйренесің.



294-жаттығу. Сөйлемдерді тұрлаусыз мүшелермен толықтыр.

Өміре ... келді. Музей ... салынған. Жәдігерлер ... қалған. Өмірге музей ... ұнады.

Керекті сөздер: музейге, ерте заманда, ескіден, қатты.



295-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Тайқазан

Тайқазан – тарих еншісіндегі үлкен ескерткіш. Бұл қазан сирек кездесетін асыл металдардан құйылған.

Тайқазанның салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр. Қазан сыртында үш қатар жазу бар. Бірінші қатардағы жазуда тайқазанның Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны айтылады.

Н. Жолбарыс

- Мәтін не жайлы?
- Қарамен жазылған сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерге сұрақ қой. Байланысын анықта.



296-жаттығу. Мақалды жатқа жаз. Мағынасын түсініп ал.

Қазан қайнап тұрса, ақыл сайрап тұрады.



297-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сұрақ қойып, бастауыш пен баяндауыштың байланысын сызба арқылы көрсет.

Тайқазан Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи кесенесінде орналасқан. Зергерлер қазанды жеті түрлі металдан құйған. Келушілер тайқазанға таңдана қарайды.



298-жаттығу. Сұрақ қою арқылы сөйлем мүшелерінің байланысын көрсетіндер.

Балалар мектептен ерте қайтты. Аспан бұлттанып тұр. Жақсы бала көмекке дайын тұрады. Ағам кең үй салмақ болды.

Үлгі: Асан қызықты ақпарат білді.

Кім білді? – Асан білді.

Асан не істеді? – Асан білді.

Нені білді? – Ақпаратты білді.

Қандай ақпарат? – Қызықты ақпарат.



299-жаттығу. Суреттерге қара.



1. Суретте нелер бейнеленген?
2. Екі атаудың арасындағы ұқсастықты тап.
3. Таңдаған сурет бойынша 3–4 сөйлем жаз.

Бүгін сабақта:

- бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша туралы білесің.



300-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Семирамида бағы

Әлемнің жеті кереметінің бірі – Семирамида бағы. Оны Вавилония әмірі өз әйеліне арнап жасатқан. **Семирамида – ерекше тәсілмен салынған бақ.** Бұл бақта экзотикалық ағаштар, гүлдер мен өсімдіктер өсірілген. Бақ туралы тарихи жазбалар мен аңыздар ғана сақталған.



*«Әлемнің жеті кереметі»
кітабынан*

- Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемді көшіріп жаз.
- *Семирамида, бақ* деген сөздерге сұрақ қой.
- Сөз таптарының ережелерін есіңе түсір.

ЗАТ ЕСІМ

ЕТІСТІК

СЫН ЕСІМ

САН ЕСІМ

- Зат есімнің сұрақтарын қайталап, мысалдар келтір.

Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен жасалса, бастауыштан кейін сызықша (–) қойылады.

Мысалы: *Айнұр – өнші. Түркістан – тарихи қала.*





301-жаттығу. Тиісті жерге сызықша қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Тәж-Махал үнді халқының мақтанышы.
2. Қытай қорғаны әлемге әйгілі құрылыс.
3. Әлемнің жеті кереметінің бірі Хеопс пирамидасы.
4. Колизей Рим мәдениетінің символы.
5. Аспалы бақ нағыз өнер туындысы.



302-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Әлемнің жеті кереметі

«Әлемнің жеті кереметі» дегенді көбінесе үлкендерден естиміз. Тарихшылар адам баласы салған кереметтер саны шын мәнінде одан көп дейді. Әлемнің жеті кереметі туралы алғашқы мәліметтер ерте дәуір шығармаларында кездеседі.

Бұл кереметтер адамдардың ертеде қаншалықты ақылды және шебер болғанын көрсетеді.

«Әлемнің жеті кереметі» кітабынан

- Мәтін не туралы? Мәтіннен қандай жаңа ақпарат алдың?
- Мәтінде сен үшін қызықты ақпарат болды ма?
- Біздің елімізде мақтан ететін қандай кереметтер бар? Сыныптастарыңмен ой бөліс.
- Мәтіннің бірінші сөйлемін көшіріп жаз. Сөйлем мүшелеріне талда.



303-жаттығу. Жеке сөздерден сөйлем құрап жаз. Тиісті орынға сызықша қой.

құрылыс

пирамида

алып

аспалы бақ

құрылыс

әдемі

Бүгін сабақта:

- сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрауға жаттығасың.



304-жаттығу. Суреттерге қарап, шағын мәтін құраңдар.



- Екі өнер туындысын салыстырыңдар.



305-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Мысыр пирамидалары

Мысыр пирамидалары – ежелгі құрылыстар кешені. Олар осыдан 5 мың жыл бұрын салынған.

Ең үлкен пирамида – Хеопс пирамидасы. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың жазбасы бойынша, пирамиданы 100 мың адам 20 жыл бойы салған. Олардың салынуы жөнінде әртүрлі болжам бар. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, мыңдаған құл дәу тастарды бөліп, құрылыс орнына арқанмен сүйреп жеткізген. Пирамида биіктеген сайын тастарды қолмен көтерген. Алып құрылыстар осы күнге дейін саяхатшыларды қайран қалдырады.

«Әлемнің жеті кереметі» кітабынан

Бүгін сабақта:

- жалаң және жайылма сөйлем туралы білесің.



309-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Салыстыр. Сөйлем мүшесіне талда.

Мен келдім.	Мен Астана қаласына келдім.
Асылжан оқыды.	Асылжан қызық кітап оқыды.
Оқушылар келді.	Оқушылар таңертең мектепке келді.

Жай сөйлем **жалаң, жайылма** болып екіге бөлінеді.
Бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді
жалаң сөйлем дейді: *Мақпал оқыды.*
Тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемді **жайылма сөйлем** дейді: *Мақпал сабақ оқыды.*



310-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Қала Сарыарқаның төсінде, Есіл өзенінің жағасында орналасқан.

Астана – өте жас әрі өсем қала. Мұнда көз тартатын зәулім үйлер мен ғимараттар өте көп. Қаланың ең басты символы – Бәйтерек монументі. Ол «өмір ағашы» дегенді білдіреді. Астанада тағы да Хан Шатыр, Бейбітшілік және Келісім сарайы сияқты көптеген ғажайып ғимараттар бар.



Астана күн сайын өсіп, көркейіп келеді. Ол – біздің мақтанышымыз. Қазақстанның жүрегі!

Г. Сұлтанова

- Астанада тағы қандай ғимараттар бар?
- Соңғы азат жолды көшір. Сөйлем мүшесіне талда.
- Сызықшалардың не үшін қойылғанын түсіндір.



311-жаттығу. Сызба бойынша Астана туралы сөйлем құрап жаз.

_____ . _____ . _____ .



312-жаттығу. Суретке қара. 2–3 сөйлемнен тұратын мәтін құрап жаз.



- Мәтіндегі сөйлемдер жалаң сөйлем бе, жайылма сөйлем бе?



313-жаттығу. Сөйлемдерді екіге бөліп, кестеге сал.

Марат ойнады. Мақпал Астанаға ұшып келді. Оқушылар кірді. Мұғалім сабақты бастады.

Жалаң сөйлем	Жайылма сөйлем

Бүгін сабақта:

- жалаң және жайылма сөйлемдер құрауға жаттығасың.



314-жаттығу. Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлемдер құра.

1. Мектеп, орталығында, қаланың, орналасқан.
2. Автобуспен, балалар, келеді, мектепке.
3. Өртүрлі, мектепте, бар, үйірмелер.
4. Балалар, қатысады, қызыға, үйірмелерге.

- Құраған сөйлемдеріңді жалаң сөйлемдерге айналдыр.



315-жаттығу. Өлеңді оқы.

Мектептен

Мектептен қайтып балалар,
Қызарып беті суықтан.
Үй алдында Майлыаяқ
Жатыр еді суықтан.
Құйрығын бұлғап еркелеп,
Қылды ықылас шындықтан.
Күліп шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,
Балалар жатып тыныққан.

М. Дулатұлы

- Өлең не туралы?
- Өлеңді өз сөзіңмен әңгімелеп бер.



316-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдырып жаз.

Мектеп ашылды. Қоңырау соғылды. Оқушылар кірді. Мұғалім түсіндірді.



317-жаттығу. Жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемдерге айналдырып жаз.

Оқушылар олимпиададан жүлделі орындарды иеленді. Қолөнер үйірмесінде қыздар сырмақ тоқыды. Арман футбол үйірмесіне барды. Оқушылар өздік жұмысын жауапкершілікпен орындады.



318-жаттығу. Ребусты шеш.



- Ребус шешуін қатыстырып жалаң, жайылма сөйлемдер құрап жаз.

Бүгін сабақта:

- өткенді қайталайсың.



319-жаттығу. Қар түйіршіктерін жина. Ол үшін сөздерден жалаң сөйлемдер құра. Бастауыш, баяндауышын анықта.



Қар



ойнайды



Мұз



жауады



Аяз



күшейеді



Балалар



жарылады



320-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтін не жайлы?
- Мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді білдір.



321-жаттығу. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Сырғанақта

Қыс келіп, айнала ақ ұлпа* қарға оранды. Балалар мектептен шыға сала сырғанақ тебуге асықты. Аулада орналасқан мұзды төбешік – олардың сүйікті орны. Бірі шанамен, бірі пластик төсенішпен сырғанайды. Күлкіге толы шуақты күндер осылай өтеді. Сырғанақ тебу – қыстың қызықты сәттерінің бірі. Ол адамның көңілін көтереді әрі денесін шынықтырады.

Г. Сұлтанова

- Мәтінде қай мезгіл суреттелген?
- Сырғанақ тебудің қандай пайдасы бар деп ойлайсың?
- Қыс мезгіліндегі басқа ойын түрлерін ата. Оларды сырғанақ тебумен салыстыр.
- Туынды сөздерді тап. Оларды сөз құрамына талда.



322-жаттығу. «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрап жаз.



- Жалаң сөйлемдердің астын сыз.



323-жаттығу. Сырғанақ тебу кезінде қауіпсіздікті сақтау керек. Берілген қауіпсіздік ережелерін жалғастыр.

1. Биікке кезекпен шық.
2. Төменге түскенде жолды тез босат.
3. Айналаңдағы адамдарға абай бол...



324-жаттығу. Мақалдарды жатқа жаз. Тыныс белгісін қой.

1. Туған жер алтын бесік.
2. Отан елдің анасы.
3. Тіл халықтың жаны.
4. Білім өмір шырағы.

Түсіндірме сөздік

Айбынды – айбатты, батыл.

Өзілдесу – өзілдері жарасу, қалжыңдасу.

Әуезді – дауысы, үні әдемі.

Бақташы – мал бағушы, малшы.

Береке – молшылық, байлық.

Вакцина – жұқпалы аурулардың алдын алу және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар.

Виза – бір мемлекеттің территориясына кіруге, одан шығуға, онда тұруға немесе сол арқылы өтуге арнайы рұқсат етіп, шетелдік паспортқа жазылатын рұқсат белгісі.

Дау алмайды – ешкім таласпайды, бәрі келіседі.

Доңыз – жабайы шошқа.

Еңсе (еңсесін көтеру) – көңілі жайланды, көңілденді.

Еңсеру – аяқтау.

Жасыл желек – жайқалып, көктеп тұрған өсімдік.

Жау алмайды – ешкім жеңе алмайды.

Жиһангер – жер шарын аралаушы.

Жуа – пияздың бір түрі.

Зергер – алтын мен күмістен, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасайтын ұста.

Зергерлік – сәндік бұйымдар жасау өнері.

Изен – құмды жерде өсетін өсімдік түрі.

Кесене – әйгілі адамдардың басына тұрғызған бейіттер.

Киелі – киесі бар, қасиетті.

Комбайн – піскен егінді оратын агрегат (мәшине).

Құмбез – ғимараттардың (мешіт, кесене, сарай) төбесін жабуға арналған дөңгелек, төңкерілген кесе пішінді шатыр.

Күңгірт – ашық емес, бұлыңғыр.
Қауға – құдықтан су алуға арналған үлкен шелек.
Қорынып – сақтанып, үрейленіп.
Құмарта жеу – сүйсініп жеу.
Қыр гүлі – даланың гүлі, жабайы өскен шалғындық гүлдер.

Мандат – құқықты куәландыратын құжат.
Мешін – маймыл, мүшел есебінің 9-жылы.
Мүшел – қазақтың жыл санау жүйесі (12 жыл).
Надандық – білімсіздік.
Отар – жеке бағылатын бір қора қой.
Өте мығым – өте мықты, берік.
Парасат – адамның ой-өрісі, ойлау қабілеті.
Патент – жаңалықты қорғауға берілетін құжат.
Петроглиф – тарихта бұрынғы адамдардың жартасқа салған суреттері.

Разылық – бір нәрсеге көңіл толғандық, разы болу.
Сабыр – шыдам, төзім.
Самал – жанға жайлы қоңыр салқын жел.
Сарышұнақ – шөлейтті жерде тіршілік ететін, түсі қоңыр сары тышқан.

Сауыт – батырлар соғыста киетін темір кеудеше.
Суыр – қыста ұйықтап қалатын, кеміргіш, кішірек аң.

Сүңгі – шатырдан, қораның төбесінен сүйірленіп мұз болып қатқан тамшы.

Сыйластық – бірін-бірі сыйлағандық, құрметтеу.
Сына жазу – ежелгі өркениеті дамыған елдерде қолданылған. Бұл жазу – тіке сызықша болып, бір жағы жалпақтау, екінші жағы үшкірлеу сынаға ұқсас келгендіктен сына жазу аталған.

Сыналай ұшу – «V» түрінде ұшу.
Табын – сиыр малының үлкен тобы.

Темірбетон тақта – құрылыс саласында пайдаланылатын негізгі материал.

Тұл – бекер, бос, түк емес.

Ұлпа – мамықтай, ұлпілдеген, жұп-жұмсақ.

Үйір – бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас 15–20 шақты биелер тобы.

Фармацевт – дәрі-дәрмек жасайтын адам, маман.

Фестиваль – көптеген адам мерекесі, үздік өнер жетістіктерін көрсету, байқау.

Флора – белгілі аймақта өсіп, тіршілік етуге бейімделген өсімдіктер түрлерінің жиынтығы.

Фауна – жануарлар түрінің жиынтығы.

Ғәкім – әкім.

Циклоп – фантастикалық тіршілік иесі, маңдайының ортасында бір көзі бар алып.

Чек – ақша құжаты, түбіртек.

Чемпионат – чемпион атағына таласу, жарысу.

Шежіре – халықтың құрамына кіретін тайпа-рулардың тегін таратып, бір-бірімен туыстың дәрежесін айыратын тізбе.

Шежіреші – өткен тарихты кейінгі ұрпаққа жеткізуші.

Шренк қызғалдағы – әсемдік өсімдік, қызғалдақ тұқымының бір түрі.

Шығыр – су шығару үшін жасалған үлкен шеңбер, су жүретін науасы бар құрал.

Ізет – «құрмет, сый» деген мағынада.

Інжу – асыл тас, маржан.

Эволюция – өзгеру немесе даму.

ЭКСПО – бүкіләлемдік көрме.

Орфографиялық сөздік

Бұл сөздікке дұрыс жазылуы қиын сөздер енгізілген.
Сөздерді дұрыс жазу үшін осы сөздікті пайдалан.

ауызша
басшы
бұлт
бірқазан
диалог
еңбекқор
жағдаят
жазбаша
жаздыгүні
жаңбыр
жауынгер
жиһаз
жұлдыз
зиян
күнұзақ

кішіпейіл
қасиет
құрмет
мұқият
өмірбаян
өрнек
рақмет
рецепт
сүңгі
сыйластық
тұтыну
түнгі
хайуанат
экология

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыргүйектегі № 399 бұйрығына 12-қосымша (жаңа редакцияда).
3. Қазақ тілінің анықтағышы. Рәбиға Сыздық. 12-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2018.
4. Орфографиялық сөздік/ Тіл комитеті/Тіл білімі институты/ Құрастырғандар: Н.Уәли, Қ.Күдеринава және т.б. – Алматы, 2013.
5. Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.
6. Бастауыш сынып пәндерін оқытуда базалық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (МЖМБС аясында) – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.
7. Қазақ тілі: Оқушы анықтамалығы. Бастауыш сыныптарға арналған оқу құралы. / Бапиева Ә.Б., Мұқашева П.Е. – Астана, 2015.
8. Қазақ жаңылтпаштары. Құрастырған Жаңыл Нұралиева. – Алматы: Балауса, 2013.
9. С. Назарбекұлы. Қазақтың киіз үйі. – Астана, 2005.

Электрондық ресурстар

1. <https://sozdikqor.kz/>
2. <https://library.mtdi.kz/main/> – Мемлекеттік тілді дамыту институты сайты. /жұмбақтар, мақалдар/

Мазмұны

Алғы сөз	4
1-БӨЛІМ. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ	5
1. Тілім – байлығым. Тіл және сөйлеу	6
2. Көркем сөйлеу – өнер. Ауызекі және жазба тілде сөйлеу	8
3. Берекелі алтын күз. Дауыс ырғағы	10
4. Күзгі еңбек. Сөйлеу мәдениетін үйренеміз	12
5. Орман – ел дәулеті. Мәтін, оған тән белгілер	14
6. Жасыл желек – жер көркі. Мәтін құрау	16
7. Сексеуіл – шөл патшасы. Мәтін және оның түрлері	18
8. Көк күмбездің тұрғындары. Әңгімелеу мәтіні, оның құрылымы	21
9. Еркіндік құс қанатында. Сипаттау мәтіні, оның құрылымы	23
10. Қарлығаш – біздің досымыз. Пайымдау мәтіні, оның құрылымы	26
11. Әнші құстар. Мәтін түрлерін пысықтау	28
12. Еңбекқор жәндіктер. Мәтін стилі	30
13. Төрт түлігім – байлығым. Мәтін стилі	32
14. Жылқы – ер қанаты. Мәтін түрлерін пысықтау	34
15. Қызыл кітаптың қазынасына саяхат. Мәтін түрлерін пысықтау	36
16. Ит – сенімді дос. Мәтін түрлерін пысықтау	39
17. Мазмұндама	40
18. Нәтиже сабақ	41
2-БӨЛІМ. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН	43
19. Жақсы қасиет – адам көркі. Қаратпа сөз	44
20. Жақсылық жасау. Қаратпа сөз, оның тыныс белгілері	47
21. Бес нәрсеге асық бол. Қыстырма сөз	49

22. Жақсы сөз жанға қуат. Қыстырма сөз, оның тыныс белгілері	51
23. Сыйластық – адамдықтың белгісі. Жаңа сөз және маңызды ақпарат	53
24. Кішіпейілділік – дара қасиет. Дыбыстар. «Э» дауысты дыбысы	56
25. Өнертабыс жемісі. «В» дауыссыз дыбысы	58
26. Еңбек – бақытқа жеткізер жол. «Ф» дауыссыз дыбысы	61
27. Цирк өнері. «Ц» дауыссыз дыбысы	63
28. Жақсы іс жақсы сөзден басталады. «Ч», «щ» дауыссыз дыбыстары	65
29. Адалдық – адамдықтың белгісі. «Ч», «щ» дауыссыз дыбыстары	67
30. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. «Х», «һ» дауыссыз дыбыстары	69
31. Нәтиже сабақ	71
32. Бақылау диктанты	72
3-БӨЛІМ. УАҚЫТ	73
33. Уақыт. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі	74
34. Уақытты бағала. Дауыссыз дыбыстардың үндесуі	76
35. Апта күндері. Сөз және оның мағынасы	78
36. Күн мен түн. Қарама-қарсы мағыналы сөздер	81
37. Жыл мезгілдері. Қарама-қарсы мағыналы сөздер	83
38. Уақытты өлшейтін құралдар. Мәндес сөздер	85
39. Қазақша жыл қайыру. Мәндес сөздер	87
40. Отбасы шежіресі. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер	89
41. Өмірбаян жазу. Тура және ауыспалы мағыналы сөздер	91
42. Туған күн. Сөз құрамы	93
43. Сағатым – сенімді көмекшім. Түбір және қосымша	95
44. Бос уақытты жоспарлау. Түбір және қосымша	97
45. Менің күнтізбем. Буын үндестігі	99

46. Күн тәртібі – тәртіпке бастар жол. Түбір сөз және туынды сөз	101
47. Менің бір күнім. Түбір сөз және туынды сөз	103
48. Өткенді білу – болашаққа бағыт. Түбірлес сөздер	105
49. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	107
4-БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ	109
50. Сәулет өнері туралы не білемін? Сөйлем	110
51. Сәулетші деген кім? Сөйлем мүшелері	112
52. Қазақтың киіз үйі. Бастауыш	114
53. Көпқабатты үйлер. Баяндауыш	116
54. Ескерткіштер. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	118
55. Кесене мен күмбез – ата-баба аманаты. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	120
56. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	122
57. Тайқазан. Бастауыш пен баяндауыштың байланысы	124
58. Әлемнің жеті кереметі. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	126
59. Ежелгі Египет пирамидасы. Сөйлем мүшелерінің байланысы	128
60. Астанадағы сәулет өнері. Жалаң және жайылма сөйлем	130
61. Мектеп – білім сарайы. Жалаң және жайылма сөйлем ...	132
62–63. Қорытынды диктант	133
64. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім	134
Түсіндірме сөздік	136
Орфографиялық сөздік	139
Пайдаланылған әдебиеттер	140

Оқулық басылым

Салтанат Молотовна Нурбекова
Гулжан Жайлауовна Тенгебаева
Айнагуль Маратовна Адилова
Мария Амангельдиновна Шокубасова
Гульшира Кожахметовна Султанова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

Мәтінді оқыған Э.Исабаева

Бас редакторы	А.Бекболатова
Редакторы	Э.Исабаева
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	И.Кипчакбаева
Бильд-редакторы	А.Умбетқалиева
Видеомейкер	А.Байдолданова
Арт-директоры	О.Подопригора
Суретшісі	Д.Туранская
Беттеген	С.Сүлейменова

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Теруге 23.10.25 берілді. Басуға 21.07.26 қол қойылды.

Пішімі 70 x 100 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 11,61. Таразымы 2000 дана.

«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

Артикул 803-007-001к-26

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

С.М. Нурбекова
Г.Ж. Тенгебаева
А.М. Адилова
М.А. Шокубасова
Г.К. Султанова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

2-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

3



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ17

Қ17 Нурбекова С.М. т.б.
Қазақ тілі. Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім / Нурбекова С.М., Тенгебаева Г.Ж., Адилова А.М., Шокубасова М.А., Султанова Г.К. – Астана: «Арман-РВ баспасы», 2026 – 144 бет.

ISBN 978-601-201-493-8
ISBN 978-601-201-491-4

Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жазылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-201-493-8 (жалпы)
ISBN 978-601-201-491-4 (2-бөлім)

© Нурбекова С.М.,
Тенгебаева Г.Ж.,
Адилова А.М.,
Шокубасова М.А.,
Султанова Г.К., 2026
© «Арман-РВ баспасы», 2026

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер



– Тыңдалым



– Оқылым



– Айтылым



– Жазылым



– Шығармашылық тапсырма



– Жұптық тапсырма



– Топтық тапсырма



– Ойла, ойна



– Есіңе сақта! Ереже



– Аудио, бейнематериалдар

Ескерту

Жұлдызшамен берілген сөздердің (мысалы, інжу*) мағынасы 136–138-беттердегі түсіндірме сөздікте берілген.

Алғы сөз

Қымбатты дос!

Бұл – «Қазақ тілі» оқулығының екінші бөлігі. Алдыңғы кітапта алған біліміңді осы бөлімде тереңдетіп, бай тіліміздің көркемдігі мен қуатын танысың.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сендердің қазақ тілінде еркін сөйлеп, ойыңды жеткізуге, дұрыс жазып, сауатты сөйлеуге үйрету. Сол себепті сен түрлі мәтінмен жұмыс істеп, сөз таптарын, сөйлем құрылымын қайталап, тілдің заңдылықтарын нақтылай түсесің.

Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерін дамытатын тапсырмалар сенің ойлау, талдау, шығармашылық қабілеттеріңді жетілдіреді.

Электрондық нұсқадағы бейне, аудио және тест тапсырмалары арқылы өз біліміңді сынап, тілді үйрену үдерісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік бар.

Барлық тапсырманы орындау барысында сен ана тілінде шебер сөйлеуді, ойлауды, тыңдауды және сауатты жазуды игересің. Алған біліміңді күнделікті өмірде қолдануға дағдыланасың.

Қазақ тілін білу – өз елін, өз мәдениетін терең түсінудің кілті.

Іске сәт, жас дос!

Ізгі тілекпен, оқулық авторлары.



5-БӨЛІМ

ӨНЕР

Бұл бөлімде:

- сөз таптары туралы білетініңді еске түсіресің;
- сөйлемнен зат есімді табуды, сұрақ қоюды; негізгі және туынды зат есімді анықтауды; тәуелдік жалғауын қолдануды; сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысуды; берілген тақырып бойынша әңгіме құрауды; өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіруді үйренесің.




Бүгін сабақта:

- мәтіннің мазмұнын болжауға жаттығасың;
- сөйлемнен сөз таптарын табуды үйренесің.



1-жаттығу. Суретке қарап, сөйлемдер құра. Ойлан, келесі жаттығудағы тыңдалым мәтіні не туралы болуы мүмкін?



2-жаттығу. Мәтінді тыңда, болжамыңмен салыстыр.



- Күй қалай аталады?
- Авторы кім?
- Аққулар бір-біріне жақындау үшін кино түсірушілер қандай амал ойлап тапты?



3-жаттығу. Сөздерді оқы, олардың қай сөз табына жататынын анықта. Сөздер мен сөз таптарын сәйкестендір.

Сазгер, болды, үш, әсем, әуен, дәмді, екінші, шақырды.

ЗАТ ЕСІМ

ЕТІСТІК

СЫН ЕСІМ

САН ЕСІМ

- Сөздердің қай сөз табына жататынын қалай білдің?
- Кестені пайдаланып, дәлелде.

Егер сөз...	Онда ол...
заттың атын білдірсе (кім? не?)	зат есім
қимылды білдірсе (не істеді? не қылды?)	етістік
заттың сынын білдірсе (қандай? қай?)	сын есім
санын білдірсе (қанша? неше? нешінші?)	сан есім



4-жаттығу. Бірінші бағандағы көп нүктенің орнына заттың сынын, екінші бағандағы көп нүктенің орнына заттың қимылын, үшінші бағанға заттың санын білдіретін сөздерді жаз.

... күй

аққу ...

... дәптер

... домбыра

қар ...

... қалам

- Сөздерге сұрақ қой.



5-жаттығу. Мәтінді қатесіз, көркем жаз. Зат есім, сын есім, етістіктерді тап.

Қазақ халқы әнші қыздарды бұлбұлға теңеген. Солардың қатарында Күләш Байсейітова, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова секілді дарынды әншілер бар.

«Жетісу» энциклопедиясынан

Бүгін сабақта:

- тақырып, тірек сөздер мен жоспар бойынша әңгіме құрауға жаттығасың;
- сөз таптарын анықтауды үйренесің.



6-жаттығу. Сөйлемді оқы. Сөздерге сұрақ қой.

Қыз әдемі би биледі.

Кім?

Қандай?

Не?

Не істеді?



7-жаттығу. Мәтінді тыңда. Тақырыпты, тірек сөздерді және жоспарды пайдаланып, мәтіннің мазмұнын әңгімеле.



Биші қайың

Жоспар:

1. Ауыл жастарының жиналуы
2. Ханның жастар ортасына келуі
3. Қыздардың би билеуі

Тірек сөздер: алаңқай, ән шырқап, би билеу, қарапайым киім, хан, көйлектері желбіреп, үкі, танып қояды.



8-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қойып, зат есім, сын есім, етістікті тап.

Қайың – қабығы тегіс, жылтыр, сұлу ағаш. Өзі тез өседі. Қайыңның бүршігінен дәрі-дәрмек әзірленеді. Бұтағынан сыпырғыш, қабығынан себет тоқылады. Қайың ағашынан музыка аспаптарын және түрлі жиһаз жасайды.



9-жаттығу. Тірек сөздерді қолданып, 4–6 сөйлемнен тұратын диалог құра және рөлге кіріп ойна.

Тірек сөздер: күйші, күй тыңдау, өнерге ғашық, халқымыздың өнері, домбыраның үні, әуен, сүйіспеншілік.



- Қазіргі балалар өнерді жеткілікті бағалай ма?



10-жаттығу. Сөз таптарын сұрақтарымен және мысалдарымен сәйкестендір. Кестеге сүйеніп, сөз таптарының ерекшелігін айт.

Сұрақтар	Сөз табы	Мысалдар
Не істеді? Не қылды? Қайтті?	Зат есім	Әдепті, қызық, қоңыр, қышқыл
Кім? Не? Кімдер? Нелер?	Етістік	Құс, емен, оқулық, бала
Қанша? Неше? Нешеу? Нешінші?	Сын есім	Жетпіс, оныншы, алтау, тоғыз
Қандай? Қай?	Сан есім	Биледі, өсті, тазалады, ұшты



11-жаттығу. «Сөйлем құра» ойыны. Үш-үштен топқа бөлін. Әрқайсысың үш сөз табынан бір-бір сөз айт. Үш сөзден сөйлем құра.

Үлгі: 1-оқушы: «Ара» (зат есім)

2-оқушы: «Сары» (сын есім)

3-оқушы: «Ұшты» (етістік)

Бірге сөйлем құрайды: «Сары ара ұшты».

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын анықтауға жаттығасың;
- сөйлемнен зат есімді табу жолын үйренесің.



12-жаттығу. Қай сөздер заттың атын білдіреді?

сақина

әдемі

ою-өрнек

қолдану



13-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Әшекей* дегеніміз – киімге, тұрмыстық заттарға салынатын ою-өрнектер. Олармен киіз үйдің жабдықтарын да, ат әбзелдерін* де безендірген. Сырға, сақина, алқа, моншақтар да әшекейге жатады.

Мұндай әшекейлер өмірімізге сән береді.

«Қазақтың ою-өрнектері» кітабынан

- Мәтіндегі *әшекей, әбзел, безендіру* деген сөздердің мағынасын біліп ал. Түсіндірме сөздікті қолдан.
- Әшекейлер қандай заттарда қолданылады? Мысал келтір.



14-жаттығу. Егер сен ағаш шебері болсаң, қандай бұйым жасар едің? Неге? Ойыңды 3–4 сөйлеммен жаз.

Үлгі: Мен домбыра жасаймын. Домбыра ағаштан жасалады. Ол – қазақтың ұлттық аспабы.

- Сұрақ қойып, құраған сөйлемдеріңнен зат есімдерді тап.



15-жаттығу. Өлеңді оқып, әшекей бұйымдарды теріп жаз. Оларға сұрақ қой.

Әшекей қыз

Тақияға күміс қадап он шақты,
Жапсырыпты неше түрлі моншақты.
Жинап алып үйдегі бар жүзікті,
Оныдағы саусағына тізіпті.



Қалай ғана көтеріп жүр бір басы,
Құлағында – апасының сырғасы.
Танаменен* тұтасыпты омырау,
Үсті-басы толып тұрған қоңырау.

О. Әубәкіров

- *Тана әшкейі қандай болады? Сөздікті пайдалан.*



16-жаттығу. Сөйлемдерді зат есімдермен толықтырып жаз.

Белгілі бір ... ою-өрнек салу үшін, алдымен ... үлгі жасалады. Қағазды теңдей екіге бүктейміз. Себебі ... салу үшін симметрия заңын сақтау өте маңызды. Оның екі жағы тең болуы тиіс.

Қажетті сөздер: бұйымға, ою-өрнек, қағаздан.



17-жаттығу. Мақалды түсініп оқы. Қатесіз, көркем жаз.

Қыз – еркем, кестесімен көркем,
Ұл – еркем, өнерімен көркем.

- *Сұрақ қойып, зат есімді тап.*

Бүгін сабақта:

- тірек сөздерді белгілеп, сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- сөйлемнен зат есімді табу жолын пысықтайсың.



18-жаттығу. Суретке мұқият қара.



- Зат атауларын қатыстырып, 4–5 сөйлем жаз.
- Сұрақ қойып, сөйлемдерден зат есімдерді тап.



19-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда. Тірек сөздерді жазып ал.



- Сырмақ неден жасалады?
- Жүнді қайдан алады?



20-жаттығу. Мәтінді оқы. Өр сөз табына тиісті сөздерді жаз.

Әкем қой қырықты. Анам жүн жуды. Жүннің бір бөлігінен киіз басты. Қалған бөлігін түрлі түске бояп, ою жасады. Оюды киіздің бетіне тігіп, әдемі сырмақ жасады.

Зат есім

Етістік

Сын есім



21-жаттығу. «Неге ұқсайды?» ойыны. Бір оюды таңда. Ол неге ұқсайды? Атауын тап. Сөйлем құра.



Үлгі: Құс оюы. Аспанда құстар қалықтап ұшып жүр.



22-жаттығу. Суретке қарап, «Әжемнен қалған асыл мұра» тақырыбында мәтін құрап жаз. Тірек сөздерді қолдан.

Тірек сөздер: мұра, киіз, қолөнер, қой жүні, бояу, шеберлік, дәстүр, үйрету, су себу, басу, ұқыптылық, еңбекқор, әдемілік.



23-жаттығу. Жаңылпашты жаңылмай оқы. Көшіріп жаз.

Сыйлыгүл сырмақты сыри берді.

Сырлыгүл Сыйлыгүлге сыйлыққа сиыр берді.

- Зат есімдердің астын сыз. Сұрақ қой.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрауға жаттығасың;
- жіберілген қателерді тауып, түзетуге дағдыланасың.



24-жаттығу. Суретке қара. Аспаптарды ата. Олар туралы айт.



- Заттың атын білдіретін сөздерді тап. Сұрақ қой.
- Бір аспап туралы өз пікіріңді білдір. Сұрақтар құрап, жауабын ойластыр.



25-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы. Мәтіннен зат есімдерді теріп жаз.

Баяғыда Қамбархан деген аңшы елін аңның етімен асыраған екен. Қамбархан бір күні етті бөліп жатып, аңның ішегін ағаш бұтағына іле салады. Келесі күні ерекше бір жағымды әуен, үзілмейтін сарын естиді. Жан-жағына қарап, бұтаққа керіліп қалған қос ішекті көреді. Жел соқса, ішек ызындап қоя береді екен. Қамбархан әлгі

ағашты кесіп алады. Шауып, жонып, кепкен ішекті керіп, домбыра жасайды.

Ауыз әдебиетінен

- Үлгі бойынша сұрақтар құра.

Үлгі: Қамбарханның домбыра жасауына не себеп болды?



26-жаттығу. Жаңылтпаштың қатесін тауып, түзетіп жаз.

Досым маған еліктеп,
Домбрамен ән салды.

Дән рыиза болып көп,
Дуылдады, тамсанды.



27-жаттығу. Тиісті жалғауларды қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Домбыра – халқымыздың ұлттық аспаб.... Домбыраны тарта білген адамның жүрег... мейірімді келеді. Ақын Қадыр Мырза Әли: «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» – деген. Осы сөз арқылы домбыраның халқымыз үшін қандай қасиетті екенін түсінеміз.

- Жалғау жалғанған соң қай сөздердің түбірінде өзгеріс болды? Түбірдегі дыбыстың өзгеру себебін түсіндір.
- Қадыр Мырза Әлидің домбыра туралы өлеңін тауып оқы. Оған өз пікіріңді білдір.



28-жаттығу. «Сыңарын тап» ойыны. Берілген мақал-мәтелдерді жалғасымен сөйкестендір. Мағынасын біліп ал.

Білегіңе сенбе

Інісі бардың тынысы бар

Ел құты – қария

Жердің сәні – егін

Жер құты – дария

Ердің сәні – білім

Біліміңе сен

Ағасы бардың жағасы бар

Бүгін сабақта:

- тірек сөздермен жұмыс істеуге, ашық және жабық сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- сөйлемнен зат есімді табуды үйренесің.



29-жаттығу. Сұрақ қойып, сөздердің қай сөз табына жататынын анықта. Оларды қатыстырып, өнер туралы сөйлемдер құра.

Қобызшы, өнерпаз, биші, зергер, әнші.



30-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтінде өнердің қандай түрлері аталған?
- Айзат нені жақсы көреді? Айжан ше?



31-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, зат есімдерді тап.

Ақын болам

Абай атам секілді ақын болам,
Лирика, поэзияға жақын болам.
Әл-Фараби бабамдай оқып, біліп,
Махамбет, Исатайдай батыр болам.
Байтақ ұлы далаға жыр-ән болам,
Асқар шыңнан асатын қыран болам.
Елі мен жерін қорғап, тер төгетін,
Халқымның қамын жеген ұлан болам.

Н. Таңат

- Әр жолдан бір тірек сөз алып, дәптерге жаз. Оқулықты жауып, сол тірек сөз арқылы өлеңнің әр жолын еске түсір.



32-жаттығу. «Бұл қандай өнер иесі?» ойыны. Қандай да бір өнер түрін сипатта. Басқалар оны тапсын.

Үлгі: *Бұл өнер иесі бояулар мен қарындаштарды пайдаланып, сурет салады.*

- «Егер мен ... болсам...» деп бастап, 3–4 сөйлемнен тұратын мәтін жаз.



33-жаттығу. Ақын сөзіне «Синквейн» (5 жолды өлең) әдісі арқылы өлең жолдарын құра.

1. Синквейн тақырыбы (зат есім)
2. Тақырыпты сипаттайтын 2 сын есім
3. Тақырыпқа қатысты 3 етістік
4. Тақырыпқа қатысты 4 сөзді сөйлем
5. Тақырыптың мәнін сипаттайтын 1 сөз не синонимі



34-жаттығу. Мектепте «Өнер апталығы» өтуде. Сен сынып атынан өнер туралы шағын әңгіме айтып, өз ойыңды білдіруің керек. Сыныптастарыңның сұрақтарына жауап бер.

Ашық сұрақтар (толық жауап беру керек)

1. Саған қандай өнер түрі ұнайды? Неліктен?
2. Өнер адамға не үшін керек деп ойлайсың?
3. Сенің қандай өнермен айналысқың келеді? Неге?

Жабық сұрақтар (бір сөзбен жауап беруге болады)

1. Сенің өнерлі болғың келе ме?
2. Өн тыңдағанды ұнатасың ба?
3. Сурет сала аласың ба?



35-жаттығу. Үйде, мектепте, көшеде кездесетін зат есімдерді жаз.

Үйде	Мектепте	Көшеде

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді білдіруге, сұрақтар құрап, оған жауап беруге жаттығасың;
- негізгі және туынды зат есімдер туралы білесің.



36-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқы.

Би – биші.

Өнер – өнерпаз.

- Қай сөз түбір күйінде тұр?
- Қай сөзге жұрнақ жалғанған?

Зат есім **негізгі** және **туынды** болып бөлінеді.Негізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат есім** дейді: *өнер, күй, іс*.Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді **туынды зат есім** дейді: *өнер+лі, күй+ші, іс+кер*.

37-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

«Сахнаға шығып, бір-екі күй тартқан соң-ақ өзімді-өзім ұмытамын. Бусанып, тер шығады. Арқам кеңіп, бөйгеге түскен сөйгүліктей боламын». Бұл – домбыраның құлағында ойнаған күйші Дина Нұрпейісованың сөзі. Дина жас кезінен домбыра үнін күмбірлетіп, ел арасында



«күйші қыз» атанып кеткен. Тоғыз жасар қыз баланың осы өнері жайлы атағы жер жарған Құрманғазы естіпті. Оны арнайы іздеп келіп, батасын беріпті.

«Тарихи тұлғалар» жинағынан

- Сұраққа жауап бер. Келесі сұрақты өзің ойластыр.
 1. Динаның «күйші қыз» атану себебі не деп ойлайсың?
 2. ...
- Негізгі және туынды зат есімдерді тап.



38-жаттығу. Негізгі зат есімдерге тиісті жұрнақты жалғап, туынды зат есімдер жаса. Дұрыстығын дәлелде.

Талғам, сурет, домбыра, шебер, өн, жыр.

-ші

-паз

-шы

-лік



39-жаттығу. Ребусты шешіп, мақалды оқы. Мағынасын түсіндір.



40-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Өнерпаз болсаң, арқалан... (Абай). 2. Мектепте суретшілер жарысы өтті. Жеңімпаздарға сыйлық берілді. 3. Қобызшы қобызын қолына алды. 4. Тігінші өз жұмысын аяқтады.

- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Сөз құрамына талда.

Бүгін сабақта:

- мәтін түрлерін салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды үйренесің;
- негізгі, туынды зат есімдерді ажырата білуге жаттығасың.



41-жаттығу. Кестені толықтыр.

Белгісі	Көркем мәтін	Ғылыми мәтін
Тілі		
Мақсаты		
Неге негізделеді?		

Керекті сөздер: әсерлі, нақты, оқиғаға, дерекке, әсер ету, ақпарат беру.



42-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Зеректік

Ағылшын елінде Броун деген білімді ұстаз судың үстіне **көпір** салмақшы болады. «Қалай салсам қолайлы, мықты болады?» деп ойланады. Бір күні жолдың үстін кесе* тартқан өрмекшінің **өрмегіне** көзі түсті. Мұны көрген Броун тоқтай қалып: «Бұл **өрмекші** мынау жол арқылы көпір салыпты. Астында тіреу жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді», – депті. Сөйтіп су үстіне екі ұзын **шынжыр** тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Адамдар шынжырдан көпір салуды осылай үйренді.

Ы. Алтынсарин

- Мәтін кім туралы?
- Шынжырдан көпір салу идеясы қайдан шыққан?

- Қарамен берілген сөздер негізгі зат есім бе әлде туынды зат есім бе? Дәлелде.



43-жаттығу. Мәтінді оқы.

Өнертапқыш деген кім?

Өнертапқыш – жаңа нәрсе ойлап табатын адам. Олар адамдардың өмірін жеңілдететін құралдар мен құрылғылар жасайды. Мысалы, электр шамын, телефонды, су қайнататын шәйнекті, тіпті велосипедті ойлап тапқан адамдар – өнертапқыштар. Солардың арқасында біздің өміріміз әлдеқайда жеңіл әрі қызық болып отыр.

Өнертапқыштар – қоғамға пайдалы ерекше жандар.

А. Адилова

- Мәтінді «Зеректік» мәтінімен салыстыр. Қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми мәтін екенін айт.



44-жаттығу. Адам тікұшақты қандай жәндікке қарап жасады? Ұқсас заттарды сәйкестендіріңдер.



- Ол заттар адамдарға қандай пайда әкелді? Мысал келтіріңдер.



45-жаттығу. Сенің мектепке баратын жолың бүгін тайғақ екен. Сен қауіпсіз жету үшін қандай шешім таптың? Шешімің дұрыс болды ма? 3–4 сөйлеммен жаз.



46-жаттығу. Туынды зат есімдерді сөз құрамына талда.

1. Достық – ...

2. Сөздік – ...

3. Сыйлық – ...

4. Үйшік – ...

Бүгін сабақта:

- сөздің мағынасын ашуды, мағлұматтың маңызды тұсын анықтауды үйренесің;
- негізгі және туынды зат есімдерді ажырата білуге жаттығасың.



47-жаттығу. Сөздерді салыстыр.

тіл – тілші

терме – термеші

саз – сазгер

өнер – өнерпаз

- Қайсысы негізгі зат есім? Қайсысы туынды зат есім?



48-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлеген. Шешен* адамдар ел алдында әділ сөйлеп, ақыл-кеңес берген. Халық ондай кісілерді «тілге шешен, сөзге жүйрік» деп атаған.

Сөз – адам ойын жеткізетін ең басты құрал. Сабақта жауап бергенде, досыңмен сөйлескенде әдемі сөйлей біл. Әдепті түсінікті сөйлей білу – үлкен өнер.

Г. Сұлтанова

- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Шешен адам қандай болуы керек деп ойлайсың? Неге?



49-жаттығу. Сөздерді оқы. Олардың мағыналарын біліп ал. Сөздердің сызылу себебін түсіндір.



50-жаттығу. Сөздерді көшіріп жаз. Түбірі мен қосымшасын ажырат.

Даналық, батылдық, әділдік, бірлік.



51-жаттығу. Үлкендерден сұрап, мақалдардың жалғасын тап. Толықтырып жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Тіл тас жарады,
2. Жақсы сөз –
3. Шешеннің тілі –
4. Өнер алды –



52-жаттығу. Сұрақтарға жауап бер.

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Негізгі зат есім дегеніміз не? Мысал келтір.
3. Туынды зат есім дегеніміз не? Мысал келтір.
4. Туынды зат есімді ата:
көлдер, досы, аңшы, арман.
5. Жұрнақтың дұрыс қолданылған түрін ата:
кітапшы, кітаптық, кітапша.
6. Сөйлемдерді толықтыр:
Сөздің одан әрі бөлінбейтін бөлігі –
Туынды зат есім жасаушы қосымша –

Бүгін сабақта:

- жоспар, сызба, тірек сөздер арқылы түрлі мәтін құрап жазуды үйренесің;
- негізгі және туынды зат есімдерді ажырата білуге жаттығасың.



53-жаттығу. Кестені толықтыр.

Түрі	Қалай жасалады?	Мысал келтір
Негізгі зат есім		
Туынды зат есім		



54-жаттығу. Жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, «Өнерлі өрге жүзер» тақырыбында мәтін құраңдар.

Жоспар:

1. Өнерлі бала
2. Еңбектену және ізденіс
3. Жетістікке жету



Тірек сөздер:

өнер, еңбек, табандылық, ұстаз, еңбекқор, шабыт, арман, би, ән, сурет.



55-жаттығу. Туынды зат есімдерден негізгі зат есімді ажыратып жаз.

Шеберхана – шебер, іскер – ... , балалық – ... , ойыншық – ... , етікші – ... , қаламгер –



56-жаттығу. «Менің достарым – өнерлі балалар» тақырыбына сипаттау мәтінін құрап жаз. Екі досыңды (құрбыңды) таңдап, оларды сипаттайтын 3–4 сөйлем жаз.



Үлгі:

	Айбек (әнші)	Меруерт (биші)
Қызығушылығы	Ән айту	Би билеу
Өнер үйірмесі	«Әуен әлемі»	«Қазақ биі»
Мінезі	Сабырлы, көңілді	Шығармашыл, нәзік
Ұқсастығы	Екеуі де өнерлі, еңбексүйгіш	



57-жаттығу. «Өнерді бағалау» тақырыбында пайымдау мәтінін құрап жазыңдар. *Өйткені, себебі, сондықтан* көмекші сөздерін қолданыңдар.

Үлгі: Өнер адамды дамытады, өйткені ол еңбектенуді, шыдамдылықты үйретеді.



58-жаттығу. Бүгінгі сабақта құраған үш мәтініңді салыстыр. Кестені қолдан.

Мәтін түрі	Қайсысы ұнады?	Неге?
Әңгімелеу		
Сипаттау		
Пайымдау		



59-жаттығу. Мақалды оқы. Көшіріп жаз. Мағынасын түсініп ал.

Өнер – ағып жатқан бұлақ,
Білім – жанып тұрған шырақ.

Бүгін сабақта:

- мәтіндерді салыстыруды, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйренесің;
- негізгі және туынды зат есімдерді ажырата білуге жаттығасың.



60-жаттығу. Сөздерді оқы. Оларды екі бағанға бөл.

Биші, сурет, сызық, суретші, бояу, сызғыш, би, тазалық, театр.

Негізгі зат есім

Туынды зат есім



61-жаттығу. Мәтіндерді түсініп оқы.

Би үйірмесінде

Біз «Өнер» орталығындағы би үйірмесіне бардық.

Бишілер «Қосалқа» биін биледі. Киімдері өздеріне сондай жарасып тұрды. Таққан әшекейлері де әдемі екен.

Маған қазақтың ұлттық билері өте ұнады.

*«Балдырған»
журналынан*

Қазақ биі

«Қосалқа» – қазақ биі. Атақты күйші Дәулеткерейдің осы аттас күйін биге өңдеген – А. Жұбанов пен Л. Хамиди. «Қосалқа» биі балетмейстер* Ю.П. Ковалевтің нұсқасы бойынша «Абай» операсында* қойылды.

*Қазақ
энциклопедиясынан*

- Екі мәтінде де қандай би туралы айтылған?
- Кесте бойынша екі мәтінді салыстыр.

	Түрі	Стилі
1-мәтін		
2-мәтін		



62-жаттығу. Мәтінді оқып, ғылыми мәтін екенін дәлелдендер.

Сурет салу – бейнелеу өнерінің бір түрі. Суретші айналасындағы дүниені бояу, сызық арқылы бейнелейді. Бұл өнер адамның талғамын, байқампаздығын дамытады.

- Мәтіндегі негізгі, туынды зат есімдерді атаңдар.



63-жаттығу. Мақалдарды оқып, мағынасын түсініп ал. Көшіріп жаз. Туынды зат есімдерді тап.

1. Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.
2. Өнерлі өрге жүзеді.



64-жаттығу. Жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім жаса.



65-жаттығу. Сұрақтар бойынша өз пікіріңді білдір.

- Өнерлі бала қандай болады?
- Сен қандай өнерді ұнатасың?
- Болашақта нені үйренгің келеді?

Бүгін сабақта:

- өз бетіңше мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтауды үйренесің;
- зат есімнің тәуелденетіні туралы білесің.



66-жаттығу. Заттардың кімдікі екенін қалай білдіруге болады?



Менің ...



Сенің ...



Оның ...

Заттың біреуге **меншікті** екенін білдіретін жалғауларды **тәуелдік жалғаулары** деп атайды.

Тәуелдік жалғаулары 3 жақта жекеше, көпше түрде айтылады.

Зат есімнің тәуелдік жалғаулары

Жекеше	Жалғаулары	Мысалы
I жақ. Менің	-ым, -ім, -м	еңбегім
II жақ. Сенің	-ың, -ің, -ң	еңбегің,
Сіздің	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз	еңбегіңіз
III жақ. Оның	-ы, -і, -сы, -сі	еңбегі
Көпше	Жалғаулары	Мысалы
I жақ. Біздің	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз	еңбегіміз
II жақ. Сендердің	-ың, -ің, -ң	еңбектерің,
Сіздердің	-ыңыз, -іңіз	еңбектеріңіз
III жақ. Олардың	-ы, -і, -сы, -сі	еңбектері



67-жаттығу. Сөз тіркестерін көшіріп жаз.

Менің әжем, өнерлінің қолы, сенің қаламың, оның еңбегі, біздің домбырамыз.

- Ережеге қарап, қарамен жазылған жалғаулардың нешінші жаққа тән екенін анықта.



68-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Менің әжем – өте ісмер адам. Ол тоқыма тоқиды, киім тігеді. Әжемнің қолынан шыққан әр бұйым әдемі болады. Қысқа қарай бізге жылы қолғап пен шұлық тоқып береді. Мен әжемнен еңбек-қорлық пен төзімділікті үйренемін. Әжем маған: *«Қолыңнан іс келсе, еңбегің бағаланады, балам»*, – дейді.

Шынында да, әжемнің қолы алтын.

А. Адилова



- Мәтінге тақырып қой.
- Мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықта.
- Мәтіннің негізгі ойына сәйкес келетін мақалды анықта.

Өнеріне қарай – өрнегі,
Тірлігіне қарай – тірнегі.

Өнерлі бала – елдің көркі,
Үкілі қамыс – көлдің көркі.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.



69-жаттығу. Қолғап, шұлық сөздерін 3 жақта тәуелдеп жаз. Тәуелдегенде түбірдегі соңғы дыбыстың өзгеру себебін түсіндір.



70-жаттығу. Сөздерді сәйкестендір.

Отаным

Оның

Сіздің

Елі

Менің

Туған жерің

Еліңіз

Мекендері

Олардың

Біздің

Басшымыз

Сенің



71-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз, тәуелдеулі зат есімнің астын сыз.

Шебер – нағыз еңбек адамы. Ол әдемі бұйымдар жасайды. Жасаған бұйымдарын халық күнделікті тұрмыста пайдаланады. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ», – дейді халқымыз.



72-жаттығу. Диалогті оқып, жалғастырыңдар. Тәуелдік жалғаулы сөздерді табыңдар.

– Менің домбырам кімде?

– Бұл – *менің домбырам*. Сенің домбыраң Әселде.

– Оның қылқаламы қайда?

– ...



73-жаттығу. Мектепте «Өнерлінің қолы алтын» атты көрме ұйымдастырылды. Өз өнерің туралы сұраққа жауап бер. Жауабыңда кемінде 1–2 тәуелдік жалғаулы сөз болсын.

1. Қандай өнермен айналысасың?

2. Қайда үйрендің?

3. Бұл өнер саған не береді? Неліктен ұнайды?

Бүгін сабақта:

- тірек сөздерді табуға жаттығасың;
- тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдануды үйренесің.



74-жаттығу. Сөздерді оқы. Олардың ортақ белгісі қандай?

Менің суретім

Сенің бояуың

Оның қылқаламы



75-жаттығу. Суретке қарап, өлеңді мұқият тыңда.



- Өлеңді қайталап тыңдап, әр шумағынан бір тірек сөзді жаз.
- Тірек сөздер бойынша өлеңнің мазмұнын айт.



76-жаттығу. Тыңдалым мәтінінен алынған сөздерді оқы. Олардың кімге тиесілі екенін анықта. Қай жақта тұр?

Бармағы, маңдайы, анасы, баласы.



77-жаттығу. Мақалдарды көшіріп жаз. Тәуелдеулі зат есімдерді тауып, олардың түбіріндегі өзгерістердің себебін түсіндір.

Жігіт көркі – өнер.

Өнерлінің өзегі талмас.



78-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы. Тәуелдеулі зат есімді тап.

Суретші

Шеберін-ай аяздың,
Әйнектерді қағаз қып,
Әшекейлеп қойыпты,
Бірнеше ою ойыпты.

Түрлі түсін гүлдердің,
Мәнерін де кілемнің,
Мүйізін де арқардың
Айнытпай-ақ салыпты.

М. Жаманбалинов



- Адамдар аяздан не үйренді?



79-жаттығу. Ребусты шеш. Жауабы болатын сөзді тәуелдеп айт.



80-жаттығу. «Менің сүйікті суретім» тақырыбында 3–4 сөйлемнен тұратын шағын мәтін жаз.

Тірек сөздер: суретім, бейнеленген, бояуым, менің арманым, сүйікті ісім.

Бүгін сабақта:

- өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіруге дағдыланасың;
- тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдануды үйренесің.



81-жаттығу. Суреттерге қара. Қандай қолөнер* түрлерін көріп тұрсың? Сөйлемдердегі тәуелденген сөздерді тап.



Ағаш шебері қашаумен
ағашты ойды.



Қыздар матаның бетіне
өрнек* салды.



Зергер әжесінің білезігін немересіне берді.



82-жаттығу. QR-кодты сканерлеп, бейнебаянды көр.




- «Қолөнер қазіргі сән әлемінде қолданылады» деген пікірмен келісесің бе? Қолөнер нақыштарын қайдан көрдің?
- Болашақта қолөнерді үйрену адамға қажет пе? Өз пікіріңді дәлелде.



83-жаттығу. Сөзжұмбақты шешіп, ерекше боялған бағаннан жасырын сөзді оқы.

1. Ұлттық сырт киім
2. Қыстық аяқкиім
3. Ер адамдардың әшекейлеп тағатын бұйымы
4. Жиһаз жасау үшін пайдаланатын ағаш атауы
5. Қыздардың әшекей бұйымы



- Жасырын сөзді тәуелдеп жаз.



84-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Біздің ауылымызда шебер апай бар. Оның аты – Айгүл. Айгүл апай кесте тігуді әжесінен үйренген. Қазір өз қолымен түрлі бұйымдар жасайды. Айгүл апай: «Қолөнерді ұмытпау – бабаларымызға деген құрмет», – деп есептейді.

- Айгүл апайдың сөзімен келісесің бе?
- Тәуелдеулі сөзді тап. Астын сыз.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, мәтін құрауға жаттығасың;
- тәуелдік жалғауларын дұрыс қолдануды үйренесің.



85-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің жүйрігім ... Біздің ауылымызда Оның тұлпары

- Қарамен жазылған сөздерге қандай жалғау жалғанған? Нешінші жақта тұр?



86-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтіннен бәйге туралы не білдің?



87-жаттығу. Тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, мәтін құрап жаз.

Жоспар:

1. Бөйге туралы не білесің?
2. Бөйгеге қандай жылқылар қатысады?
Ол қай кездерде өтеді?
3. Бөйге адамның қандай қасиеттерін дамытады?

Тірек сөздер: бөйге, ұлттық ойын, жүйрік ат, шабандоз*, жарыс, мереке, батылдық, ептілік.



88-жаттығу. Өлеңді оқып, тәуелденген зат есімдерді теріп жаз.

Тайбурылдай жараған,
Жал-құйрығын тараған,
Жүйріктер тұр
тыпыршып
Арғымаққа балаған.

Міне, бөйге басталды,
Шабандозым, бас қамшы!
Делебесі қозады,
Бөйге десе жас-көрі.
Қиқулаған дауыстар,
Жаңғыртады аспанды.

С. Әкірамулы



89-жаттығу. Сөйлемдердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықта. Себебін түсіндір. Дұрыс сөйлемді көшіріп жаз.

	Сөйлем	Дұрыс	Бұрыс	Себебі
а)	Менің кітап.			
ә)	Оның досы келді.			
б)	Біздің мектеп үлкен.			
в)	Сен дәптерім алдың.			
г)	Сенің талабың керемет!			

Бүгін сабақта:

- шақыру қағазын жазуды үйренесің.



90-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауларын жаз.

Сахнада Шәмшінің әндер... шырқалды. Біздің көңіл күй... көтерілді.



91-жаттығу. Кестені қара. Оқы. Бұл қандай іс-шараның жоспары?

Концерттің жоспарланған кестесі
Мерзімі: 15 ақпан 2026 жыл. Басталуы: сағат 15:00

15:00	– Салтанатты ашылу Мектеп директорының құттықтау сөзі. Концерттің басталуы
15:10	– Кішкентай өншілер 1-сынып оқушыларының орындауындағы әндер
15:25	– Музыкалық қойылым 2-сынып оқушыларының шағын театрландырылған музыкалық қойылымы
15:40	– Үзіліс Фотосуретке түсу
15:55	– Ансамбльдік өнер 3-сынып оқушыларының ансамбльмен ән орындауы
16:05	– Концерттің аяқталуы Жүргізушілердің көрермендермен қоштасуы

- Мұғалімнің көмегімен концертке шақыру мәтінін құра. Кемінде тәуелдік жалғауы бар екі сөз қолдан.

Шақыру мәтінінің үлгісі:

Құрметті ардагерлер!

Сіздерді 15 ақпан, сағат 15:00-де басталатын
«Ән – көңілдің ажары» атты концертімізге
шақырамыз! Өтетін орны: мектептің мәжіліс залы.



92-жаттығу. Сұрақтарға жауап бер. Сүйікті әнің туралы өз пікіріңді білдір.

- Сенің сүйікті әнің бар ма?
- Неліктен осы әнді ұнатасың?

- Ән, әуен сөздерін жекеше және көпше түрде тәуелдеп жаз.



93-жаттығу. Өздеріңе ұнаған әнді сынып болып бірге орындаңдар.

Біздің әніміз

Менің даусым

Сенің орындауың



- Сөз тіркестерімен сөйлем құраңдар.



94-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөзді тап. Ол қай сөзбен байланысып тұр?

Біз балдырған баламыз,
Шырқап өнге саламыз.

Туған жердің төрінде,
Алау* болып жанамыз.

Н. Жанаев

Бүгін сабақта:

- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысуға жаттығасың;
- дұрыс сөйлей білудің маңыздылығын түсінесің.



95-жаттығу. Сөздер қатарынан артығын тап.

- 1) күй, суреткер, әнші, ойынпаз
- 2) жыршы, домбырашы, қобыз
- 3) би, аспаз, сазгер



96-жаттығу. Рөлдік ойын. Төмендегі тірек сөздерді қолданып, 6–8 сөйлемнен тұратын диалог құраңдар және сахналаңдар. Сөйлеу мәдениетін сақтаңдар.

Сенің театрға барғың келді. Кассаға келіп, билет сатып алуың керек. Әңгімені неден бастайсың?

Егер алдыңғы қатардағы орындар сатылып кетсе, не істейсің?

Тірек сөздер: билет, екі билет, орын, орындардан, төртінші және бесінші, ыңғайлы.

- Театрға бару не үшін маңызды?



97-жаттығу. Түбір сөздерге сұрақ қойып, қай сөз табы екенін анықта. Оларға жұрнақ жалғап, туынды зат есім жаса.

Үш..., сыз..., іл..., біл... .

- Зат есімді қатыстырып сөйлем құрап жаз.



98-жаттығу. Көп нүктенің орнына тәуелдеулі зат есімдерді жаз.

- Сенің сүйікті ... бар ма?
- Иә, менің сүйікті ... бар.
- Саған оның қандай ... ұнайды?
- Маған оның «Қыс» ... ұнайды.

Керекті сөздер: ақын, өлең.



99-жаттығу. «Сиқырлы жұрнақтар» ойыны. Алдымен бір негізгі зат есімді ата. Оған жұрнақ жалғап, туынды зат есім жаса.

Үлгі: Ойын – ойыншық, сурет – суретші, т. б.

- Туынды зат есім қалай жасалады?



100-жаттығу. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.

Қанат, Марат екеуі
Қамшы өре алады.
Таңат, Талап екеуі
Тамаша ән салады.
Самат, Сағат екеуі
Төгілтіп күй шертеді.

Ахат, Марат екеуі
Ат үйретіп жүреді.
Жанат, Манат екеуі
Киім-кешек тігеді.
Балаларды өнерлі
Есептеп көр сен енді!

С. Қалиев

- Өнерлі балалар қанша?
- Балалардың өнері туралы айтып бер.
- Сенің қандай өнерің бар?



6-БӨЛІМ

АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР

Бұл бөлімде:

- етістік туралы білетініңді еске түсіресің;
- негізгі және туынды етістіктерді;
болымды және болымсыз етістіктерді
анықтауды үйренесің;
- сын есім туралы білетініңді еске түсіресің.



Бүгін сабақта:

- мәтін түрлерін салыстыруды үйренесің;
- сұрақ қою арқылы етістікті табуға жаттығасың.



101-жаттығу. Сөйлемдерді толықтыр. Қимылды білдіріп тұрған сөздерді тап. Оларға сұрақ қой.

Құрманғазы Сағырбайұлы – атақты күйші. Ол көптеген күй Біз оның күйлерін сүйсіне

Керекті сөздер: шығарды, тыңдаймыз.

Заттың қимылын білдіретін сөздерді **етістік** дейміз.
Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?



102-жаттығу. Мәтін мен өлеңді түсініп оқы.

Құрманғазы мен Динаның кездесуі

Жар жиегіндегі көгалда бір қария отыр. Ол салалы саусақтарымен домбырасын шертіп қояды. Халық қарияның маңына жиналды.

Қолына кішкентай ғана домбыра ұстаған қыз қарияның жанына келіп отыра кетті. Қария күйін доғарып, қызға қарады. Жас қыз қарияның әлгі күйін жалғастырып ала жөнелді. Қария риза болып, жас балаға мейірлене қарады.

Бұл Дина Нұрпейісова мен «күй атасы» Құрманғазының кездесуі еді.

Ә. Сәрсенбаев

- Сұрақ қойып, бірінші сөйлемнен етістікті тап.

Күйші

Күн тыңдап, кірмей тұрды ұясына,
Бұлт тыңдап, мінбей тұрды тау басына.
Мақұлық жерде, көкте маужырады,
Қараған бір жан болмай шаруасына.
Су ақпай жатты, тоқтап арнасында,
Қарғалар қалқып қалды жар басында.
Сүйсініп домбыраны тыңдады жұрт,
Тыры етпей, тілеулес боп зарласынға.

І. Жансүгіров

- Мәтіндердің кейіпкері кім?
- Мәтін мен өлеңнің мазмұнында қандай ұқсастықтар бар? Қандай айырмашылықтарды байқадың? Кесте бойынша салыстыр.

№	Тақырыбы	Мәтін түрі	Мәтін стилі
1.			
2.			



103-жаттығу. Етістіктермен сәйкестендіріп, сөйлемдерді аяқта.

Динаның «Бұлбұл» күйін халық
сүйсіне

Айдос үйірмеде домбыра тартуды

Дина ұстазының өнерін

Халық өнерпазға алғыс

үйренді

тыңдады

айтты

жалғастырды

- Сөйлемдерді етістіксіз айтып көр. Етістік не үшін керек?



104-жаттығу. Етістіктерді қатыстырып, сөйлемдер құрап жаз.

Ұшты, жазады, байқайды, сұртті, тарқатады.

- Сөйлемдегі етістіктерге сұрақ қой.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді білдіруге, сұрақтар құрауға жаттығасың;
- дара, күрделі етістіктер туралы білесің.



105-жаттығу. Кестедегі сөздерді оқы. Дара етістік қанша сөзден тұрады? Күрделі етістік ше?

Дара етістік	Күрделі етістік
оқыды, жазды, бояды, жүзді, көрді	оқып отыр, жаза бастады, бояп қойды, жүзе жөнелді, көріп жүр



106-жаттығу. Мәтінді оқы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін зерттеген ғалым. Қазақ балаларының сауатын ашуға зор күш салған ағартушы ұстаз. Осы мақсатқа жету үшін ол «Әліппе» жазды. Сонымен қатар ана тілінде тұңғыш оқулықтар құрады. Ұстаздың балаларға арнаған өлеңдері де бар.

Г. Төкенқызы

- Сұрақтарға жауап бер. Өзің 1 сұрақ құра:
 - 1) Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білдің?
 - 2) «Қазақ балаларының сауатын ашуға зор күш салған ағартушы ұстаз» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесің?
 - 3) Егер сен ұстаз болсаң, оқушыларға не айтар едің?
- Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, өз сөзіңмен айт.

- Қарамен жазылған етістіктерді оқы. Олардың қайсысы дара, қайсысы күрделі етістік екенін анықта.



107-жаттығу. Мақалды оқы. Қатесіз, көркем жаз.

Ақыл – дария, алсаң да, таусылмайды,
Жер – қазына, саусаң да, таусылмайды.

- Етістіктерді тап. Дара, күрделі екенін анықта.



108-жаттығу. Тапсырманы топқа бөлініп орындаңдар.

1-топ. Күрделі етістіктерді дара етістікке айналдырып жазыңдар (*оқып отырмын – оқыдым*).

Барып едім

Естіп отырмын

Көріп тұрмын

Күліп отыр

Сайрап отыр

Түсіп кетті

2-топ. Дара етістіктерді күрделі етістікке айналдырып жазыңдар (*оқыдым – оқып отырмын*).

Маужырады

Қонды

Отырды

Сарғайды

Тоқыды

Түйді



109-жаттығу. «Кім не істейді?» ойыны. Суретте бейнеленген бір адамды таңда. Оның не жұмыс істейтінін айт.

Үлгі: Суретте құрылысшы бейнеленген. Ол үй салады. Ғимарат тұрғызады.



- Етістіктерді тап.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздерді белгілеуге, сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- сұрақ қойып, сөйлемнен етістікті табуды үйренесің.



110-жаттығу. Сызбаны пайдаланып, етістік туралы білетіндеріңді еске түсіріңдер. Мысал келтіріңдер.



111-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда. Тірек сөздерді белгіле.



- Өлеңнен не түсіндің?
- Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айт.
- Абай Құнанбайұлы туралы не білесің?
- Өлеңнен үзінді жаттап ал.

«Бүкіл абзал адамның
Баласы бол!» – депті Абай.
«Атаң менен анаңның
Панасы бол!» – депті Абай.





112-жаттығу. Кім не істейді? Екі бағанды сөйкестендіріп жаз.

Ақын

кітап жазады

Биші

ерлік жасайды

Суретші

өлең жазады

Жазушы

би билейді

Батыр

сурет салады

- Етістіктерге сұрақ қой.
- Осы мамандық иелерінің ішінде қандай атақты тұлғаларды білесің? Ойыңмен бөліс.



113-жаттығу. Суреттерге назар аудар. Сурет бойынша заттың қимылын білдіретін сөздерді (етістікті) қатыстырып, сөйлемдер құра.



- Екі суретке қандай ортақ тақырып қояр едің?



114-жаттығу. Бүгінгі сабақтан алған әсерің, алған мәліметің туралы 3–4 сөйлем жаз.

Бүгін сабақта:

- сөздегі қателерді тауып, түзетуге жаттығасың;
- негізгі және туынды етістіктер туралы білесің.



115-жаттығу. Екі бағандағы етістіктердің түбірін салыстыр. Не байқадың?

жаз+ды
кел+ді
бар+ды

ой+ла
би+ле
үтік+те

- Етістіктерді сөз құрамына талда.
- Қай бағанда етістіктердің түбірі зат есім?



Етістік **негізгі** және **туынды** болып бөлінеді.
Түбір сөзден болған етістікті **негізгі етістік** деп атайды: *жүр, отыр, тұр, бар*.
Түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жасалған етістікті **туынды етістік** деп атайды: *көз-де, таза-ла, би-ле*.



116-жаттығу. Мәтінді етістіктермен толықтырып жаз.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны. Ол өлең ..., ән Абай жастарды оқуға, өнерге, адал еңбек етуге Ақынның шығармалары – халықтың рухани байлығы.

Керекті сөздер: шақырды, шығарды, жазды.



117-жаттығу. Тиісті тыныс белгілерін қойып, мәтінді қатесіз көшіріп жаз. Етістіктерді тап.

Абай Құнанбайұлының музейі ең алғаш Семей қаласында ашылған еді қазір ақынның туған жерінде «Жидебай-Бөрілі» қорық-музейі бар мұнда әрбір келуші Абай жүрген жолдармен жүріп, сол заманға саяхат жасайды.

Г. Сұлтанова



- <https://abai-museum.kz/3d-tur/> сілтемесімен өтіп, «Абайдың Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығымен таныс. 3D тур жаса.
- Егер сен гид болсаң, келушілерге не туралы айтар едің?



118-жаттығу. Асты сызылған сөздердің орындарын ауыстырып, өлеңді түзетіп оқы.

Қақтым опа,
Жақтым таға.
Құйдым сирақ,
Үйіттім құймақ.

Құрдым тауды,
Шолдым ауды.
Кердім талқан,
Жедім арқан.

М. Әлімбаев

- Етістіктерді тап.
- *Таға, арқан, ау* сөздерінен туынды етістік жаса.

Бүгін сабақта:

- өз көзқарасыңды білдіруге жаттығасың;
- негізгі және туынды етістіктерді ажырата білесің.



119-жаттығу. Суретке қарап, өз ойыңнан сөйлемдер құра.



120-жаттығу. Абай Құнанбайұлының өлеңін тыңда.



Абай Құнанбайұлы қандай әдеттерді «асыл іс» және «дүшпан» деп атаған? Өз көзқарасыңды білдір.



121-жаттығу. Зат есімдер мен сын есімдерге -да, -де, -та, -те, -ла, -ле жұрнақтарының тиістісін жалғап, туынды етістік жасап жаз.

Шеге, тұз, көк, көркем, ақ, су, таза.

- Туынды етістіктермен 2–3 сөйлем құрап жаз.



122-жаттығу. QR-кодтағы бейнебаянды қара. «Абай – жақсы әке» тақырыбында 3–4 сөйлем жаз. 1–2 туынды етістік қолдан.



123-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.
А. Құнанбайұлы

- Өлеңнің мағынасын қалай түсіндің?
- Өлеңнен етістіктерді тап. Олардың негізгі немесе туынды етістік екенін анықта.

Бүгін сабақта:

- мәтіннен тірек сөздерді табуға, ашық және жабық сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- негізгі және туынды етістіктерді ажыратуды үйренесің.



124-жаттығу. Суретке қара. Мұғалімнің көмегімен ашық және жабық сұраққа жауап бер.

- Суреттегі кім?
- Ол туралы не білесің? Толық жауап бер.
- Батыр туралы өлеңді оқып, мағынасын түсініп ал.



«Батырым – Бауыржаным», – дейді халқым,
Алып ұш, ақын жүрек, ердің даңқын.
Келешек келе жатыр көремін деп,
Тік басып туған жерде жүрген қалпын.

Қ. Аманжолов



125-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда. Тірек сөздерді белгілеп отыр. Жабық сұраққа бір сөзбен, ашық сұраққа толық жауап бер.



- **Жабық сұрақ:**
Қарақұл ата кенже ұлының атын кім деп қойыпты?
- **Ашық сұрақ:**
Балалар қайда, не үшін асықты?



126-жаттығу. Өлеңнің екінші шумағын көркем жаз.

Отан үшін мерт болғанды танып біл,
Оларды әсте ұмытпайды халық бұл!
Ерлік даңқы ешқашан да өшпейді,
Батырлардың жүрегі от боп жанып тұр!

Қара бұлтқа оранбасын Күн көкте,
Барлық халық бейбіт өмір сүрмек те!
Отанының бақыты үшін мерт болған,
Батырларды есінде ұста, құрметте!

Т. Рахым

- Өлеңнің мағынасын қалай түсіндің?



127-жаттығу. Негізгі және туынды етістіктерге 5 мысалдан айт.

Үлгі: *Не істеді? – жүгірді, негізгі етістік; үтіктеді, туынды етістік.*



128-жаттығу. Ізденіс жұмыстарын жаса. Дереккөздерден (кітап, интернет) Бауыржан батыр жайлы өзінді қызықтырған мәліметті жинастыр. Жинаған мәліметтеріңді достарыңмен бөліс.



129-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, жатқа жаз.

Болат қайнауда шынығады,	Батырға оқ дарымайды,
Батыр майданда шынығады.	Батылға жау жоламайды.

- Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.
- Етістіктердің астын сыз. Негізгі, туынды етістік екенін ажырат.

Бүгін сабақта:

- берілген сурет бойынша мәтіннің мазмұнын болжауға жаттығасың;
- негізгі, туынды етістіктерді анықтай білесің.



130-жаттығу. Суреттегі ұлы тұлғалар туралы не білесің? Келесі тыңдалым мәтіні кімдер туралы болады деп ойлайсың?

Ұлы тұлғалар



Қорқыт



Абылай хан



Кенесары хан



Құрманғазы
Сағырбайұлы



Жамбыл
Жабаев



Ахмет
Байтұрсынұлы



131-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда.



- Суреттегі тұлғалар туралы болжамың өлең мазмұнымен сәйкес келді ме?



132-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы. Етістіктерді тап.

Әубәкіров ағаның
Даңқы көкке самғаған.
Тоқтар аға Гагарин
Салған жолды жалғаған.

Тоқтар ағам – жан ағам
Бұрыннан да ер еді.
Менің батыр ағадан
Аумай қалғым келеді.

С. Қалиев

- Өлеңді пайдаланып, аталған тұлға туралы 3–4 сөйлем айт:
1. Ол не істеді?
2. Несімен танымал?



133-жаттығу. Туынды етістіктерді теріп жаз. Сөздің туынды етістік екенін дәлелде.

Оқы, жүрді, жырла, жүзді, көрген, ақылдасты, биле, сезді, ойлады, ұсақтады, болды, арқандады, тұзда.

Дәлелдеу үлгісі: *Жырла – туынды етістік: жыр – түбірі, -ла – жұрнағы.*



134-жаттығу. Суреттегі заттарға -ла, -ле, -да, -де, -те жұрнақтарының тиістісін жалғап, туынды етістіктер жаса.



- Туынды етістіктермен 3–4 сөйлем құрап жаз.

Бүгін сабақта:

- айтылған пікірге өз көзқарасыңды білдіруге жаттығасың;
- болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын білесің.



135-жаттығу. Сызбаға қарап, етістіктің түрлерін еске түсір. Қарамен жазылған сөздерге назар аудар.



136-жаттығу. Етістіктерді салыстыр. Мағынасында қандай өзгешеліктер бар екенін айт.

сыз – сызба

ерін – ерінбе

жұл – жұлма

кел – келме

ұш – ұшпа

кес – кеспе

Болымды етістік қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асатынын немесе асқанын білдіреді: *кел, келді, келе жатыр.*

Болымсыз етістік қимыл, іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді: *мақтанба, жүгірме, ойнама.* Олар болымды етістікке **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.



137-жаттығу. Мәтінді тыңда. Пікірді оқы.



Пікір: «Әбілханның бала кезінен өнерге қызығуы болашағына әсер етті».

- Сен бұл пікірмен келісесің бе? Өз көзқарасыңды білдір.
- Мәтіннен өз ойыңды дәлелдейтін қандай мысал келтіре аласың?
- Сөйлемдерді көшіріп жаз. Етістіктерді тап. Түрін анықта.

«Бала қой бағып жүріп қарап отырмады. Ағаш ойып, тас қашап, түрлі мүсіндер жасады».



138-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Сурет салу – әр баланың арманы,
 Әр суреттің астарында бар мәні.
 Өте ғажап мықтылардың салғаны,
 Қиялменен келіп жатар қалғаны.

Құлпыртады туындысын тірідей,
 Таланттының түпсіз терең талғамы.
 Пейзаждарды* қалай тірі демеске,
 Батып кетіп, атып жатыр таңдары.

Н. Әбілқасымов

- Қандай атақты суретшілерді білесің?
- «Пейзаж» дегеніміз не? Түсіндірме сөздіктен қара.
- Қарамен жазылған етістіктерді болымсыз етістікке айналдырып жаз.



139-жаттығу. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Қара майлы қарағайды
 Кесейін бе, кеспейін бе?
 Қазықтағы қара тайды
 Шешейін бе, шешпейін бе?

- Жаңылтаптағы етістіктерді тауып, сұрақ қой.

Бүгін сабақта:

- мәтіндерге талдау жасауға жаттығасың;
- болымды, болымсыз етістіктерді ажырата білесің.



140-жаттығу. Сөздерді болымды, болымсыз етістіктерге бөл.

Ерінбе, тақ, сыбдырлады, тазаламады, оятты, жұлма, жүгірді, айтпа.

Болымды етістік	Болымсыз етістік

- Болымсыз етістіктер қалай жасалған?



141-жаттығу. Өлең мен мәтінді оқы. Олардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыр.

Биші Шара Жиенқұлова

«Шара әжем би өнерін
Түлеткенін білер ме едім?» –
Дейді Гүлден масаттанып,
Би кітабын қолына алып.
«Қамажайды» шалқып билеп,
Киіз басып, салады өрнек.
Би – өнер, бұл – емес ермек.
Шара әжесін үлгі тұтқан –
Биші қыз ол жүрек жұтқан.

С. Баязитов



Би өнері

Би – халық өнерінің бір түрі. Қазақтың би өнері ерте заманнан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Би белгілі бір әуендермен, күйлермен сүйемелденеді. Мысалы, «Қаражорға», «Бүркіт биі», «Қамажай», «Киіз басу», «Ортеке», «Аққу» билері.

Белгілі биші Рахым Асылбекұлы «Қаражорға», «Ортеке» билерін шебер орындаған.

«Балдырған» журналынан

- Мәтіндерде қандай бишілер жайлы айтылған?
- Қай мәтін әсерлі жазылған?
- Қайсысы көркем мәтін, қайсысы ғылыми мәтін?



142-жаттығу. Сөйлемдерді толықтыр.

1. Бірінші мәтіннің басты кейіпкері – ...
2. Екінші мәтінде айтылған би түрлері – ...
3. Екі мәтінде де би өнері
4. Бірінші мәтінде оқиға көркем баяндалған.



143-жаттығу. Сөздерді сызба бойынша түрлендір.

Үлгі: таза – тазала – тазалады – тазаламады.

Көркем, таза, тегіс, тұз.

Түбір
сөз

Туынды
етістік

Болымды
етістік

Болымсыз
етістік



144-жаттығу. Мақалдың мәнін түсіндір.

Саусағы ұзын биші болар,
Құлағы үлкен күйші болар.

- Өнер адамға не береді?

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды анықтауға жаттығасың;
- болымды, болымсыз етістіктерді ажырата аласың.



145-жаттығу. Суретте бейнеленген тұлғалар туралы не білесің?



Ә. Молдағұлова



Х. Доспанова



М. Мәметова

- Батырлар туралы сөйлемдер құра. Құралған сөйлемдерде болымды, болымсыз етістіктер болсын.



146-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Әлия, Мәншүк, Хиуаз – қазақтың батыр қыздары. Қазақ қыздары қай майданда болсын батырлық пен табандылық көрсетті. Олар өз Отанын шексіз сүйді.

Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақтың батыр қыздары аз емес. Олардан ұшқыш та, танкист те, барлаушы да, партизан да шықты. Дәмелі Жәкеева, Ақлима Ақжолова, Жәмила Бейсенбаевалар – қазақ халқының шоқ жұлдыздары.

А. Адилова

- Мәтіндегі негізгі ойды анықта. Өз ойыңнан мәтінге тақырып қой.
- Мәтіннен өзіңе мағынасы түсініксіз сөздерді белгіле. Сол сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен анықта.



147-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Хиуаз Доспанова – қазақтан шыққан ұшқыш қыз. Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы. Ол Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетті. Аса маңызды тапсырмаларды орындады. Батыр апамыз көптеген жоғары марапатқа ие болды. Соғыстан кейін де елі үшін еңбек етті.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

- Болымды етістіктер қай сөзбен байланысып тұр?



148-жаттығу. Мәтінді оқы және етістіктерді тап.

Батыр адам өз елін қорғайды. Ол қиындықтан қорықпайды. Ондай адам әрқашан міндетін орындайды.

- Болымды, болымсыз етістіктерді бөліп жаз.
- *Ерлік* сөзіне байланысты өз ойыңды 1 сөйлеммен жаз.



149-жаттығу. Өлеңді оқы. Етістіктерден болымсыз етістік жаса.

Ару қыз, ержүрек қыз, Әлия қыз,
Атыңды ардақтаймыз, мадақтаймыз.
Жауыңа найзағай боп атылмасаң,
Болар ек ерікті ел қалайша біз?!

Қ. Қожанбаев

Бүгін сабақта:

- дереккөздермен жұмыс істеуді үйренесің;
- мағлұматтың маңызды тұсын анықтауға жаттығасың;
- болымды, болымсыз етістіктерді ажырата білесің.



150-жаттығу. Диалогті оқы. Жұптасып, осы тақырыпта ой бөліс.

– Мен бүгін бір әңгіме оқыдым. Әңгімеден өзім үшін маңызды бір мәліметті көшіріп жазып алдым.

– Ол қандай мәлімет?

– Мұхтар Әуезов ақын Абай Құнанбайұлы туралы кітап жазған екен.



151-жаттығу. Өлеңді түсініп оқы.

Мұхтар Әуезов қарт Жамбылға келіп сәлемдесіпті.
Сонда Жәкең:

– Уағалайкүмассалам, Мұхтарым,
Оң қолымды ұстағын.
Жиі-жиі сенімен,
Кездесуге құштармын.
Құтты болсын, қарағым,
Баспадан әлгі шыққаның.
Еңбегің Абай жазғаның
Өрлеп көкке ұшқаның, – деген екен.

Н. Ниязбеков

- М. Әуезов, Ж. Жабаев туралы мәліметті 63-беттен тауып оқы.
- Өлеңде өзің үшін маңызды ақпарат болды ма?



152-жаттығу. Берілген мәліметтерді оқы. Есіңде сақта.

- 1) М. Әуезов Абай елінде, Абай жерінде дүниеге келді. Көзін ашқаннан жаттағаны Абай өлеңдері болды. (М. Шапиян)
- 2) Жамбыл Жабаев – ақын, жырау.
- 3) Мұхтар мен Жамбылдың кездесуі – ерекше оқиға.

- Сен үшін қай мәлімет маңызды болды?



153-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.

Балалар, аманбысың, шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.
Қонаққа келді, міне, Жамбыл атаң,
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған
Қуанып жастығына сендей ботам.

Ж. Жабаев

- Болымсыз етістіктерді тап, сөз құрамына талда.



154-жаттығу. Суреттерге қара. Жидектерді ыдыстарға бөліп сал.



Болымды етістіктер



Болымсыз етістіктер

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын және мағлұматтың маңызды тұсын анықтауға жаттығасың;
- болымды, болымсыз етістіктерді ажыратуға дағдыланасың.



155-жаттығу. Мақалды көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

Батыр жауда сыналады,
Шешен дауда сыналады.

- Сұрақ қойып, етістіктерді тап.



156-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Төле би

Төле би – қазақтың ұлы билерінің бірі. Ол әділдігімен, **шешендігімен** халық арасында құрметке ие болды. Ел бірлігін нығайтуға көп еңбек сіңірді.

Төлебидің айтқан әрбір сөзі халық арасында **нақылға*** айналды.

Төле би елді **ауызбірлікке*** шақырды. Қайырымды, адал болуды насихаттады.

А. Адилова



- Төле би туралы не білдің?

- Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндірме сөздік арқылы анықта.
- Мәтінде өзің үшін маңызды мәлімет болды ма?



157-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздің мағынасын түсіндірме сөздік арқылы анықта.

Біліп айтқан сөзге **құн*** жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Төле би

- Болымсыз етістіктердің астын сыз.



158-жаттығу. «Журналист пен оқушы» рөлдік ойыны. «Жақсы адам болу үшін не істеу керек?» тақырыбында сұхбат құр.



159-жаттығу. Төле бидің Қазыбек биге берген батасын түсініп оқы.

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол,
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол!

- Етістіктерді тап. Олардың қай түрге жататынын анықта.

Бүгін сабақта:

- өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіруге жаттығасың;
- сөйлемнен сын есімді табуды үйренесің.



160-жаттығу. Мәтінді оқы.

Қажымұқан – қазақ халқының мақтанышы. Әлемге танымал балуан. Оның бойы **ұзын**, денесі **шымыр** болды. Қажымұқан күшімен ғана емес, мәрттігімен де танылды. Ол әрқашан әділдік пен достықты жоғары қойды.



- Қажымұқан Мұңайтпасов туралы не білдің?
- Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой. Қай сөз табынан екенін айт. Ережесін естеріңе түсір.

Сын есім

Заттың сынын, түр,
түсін, пішінін білдіредіҚандай?
Қай?

161-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Қажымұқан Мұңайтпасов Отанына деген сүйіспеншілігін қалай білдірді?
- «Аты аңызға айналған адам» сөйлеміне өз көзқарасыңды білдір.



162-жаттығу. Сөз тізбегінен сын есімдерді теріп жаз.

Балуан, спортшы, мықты, батыл, чемпион, танымал, медаль, ұшақ, қасиетті, денелі.

- Сын есімді қатыстырып, 2–3 сөйлем жаз.



163-жаттығу. Заттың сынын білдіретін сөздерді оның белгісімен сәйкестендір.

Ащы, тұщы, қышқыл, тәтті

Түрі

Үшкір, ирек, доғал, жалпақ

Түсі

Сары, жасыл, қара, сұр

Сапасы

Әдемі, көркем, сұлу

Көлемі

Жақсы, жаман, таза, лас

Пішіні

Аласа, биік, қалың, жұқа

Дәмі



164-жаттығу. Мақал-мәтелдерді толықтырып жаз. Мағынасын түсініп ал.

Жүк ауырын ... көтереді,
Ел ауырын ... көтереді.

Батыр туса – ... ырысы,
Жаңбыр жауса – ... ырысы.

Бүгін сабақта:

- жоспар, тірек сөздер арқылы мәтін құрап жазуға жаттығасың;
- сөйлемнен сын есімді табуды үйренесің.



165-жаттығу. Диалогті оқы. Осы тақырыпта өзің не білесің? Жұптасып, өз ойларыңмен бөліс.

– Сен білесің бе, қазақ балаларына арнап мектеп ашқан ең алғашқы ұстаз кім?

– Білемін. Ол – Ыбырай Алтынсарин.

– Жарайсың!



166-жаттығу. Мәтінді оқы.

Ы. Алтынсарин – мектеп қана емес, алғашқы кітапхананың да негізін қалаған ұстаз. Ол кітапхананың қажеттілігін сезінді. Халқының сауатты болғанын қалады.

Ал қазір кітапхананың түрі көп. Олардың басым бөлігі заманауи техникалармен жабдықталған.



- Мәтіннен тірек сөздерді жазып ал. Сол тірек сөздер бойынша мәтіннің мазмұнын айт.
- Сұрақ қойып, мәтіннен сын есімдерді тап.
- Мәтінде сен үшін маңызды ақпарат болды ма?



167-жаттығу. Жоспар мен тірек сөздерге қарап, өз ұстазың туралы шағын мәтін жаз.

Жоспар:

1. Ұстазыңның аты-жөні
2. Бағалы еңбегі
3. Ұстазыңа жылы тілегің

Тірек сөздер: *менің ұстазым, сабақ береді, жүзі жылы, сүйсіне тыңдаймыз, шаршамаса екен.*



168-жаттығу. Сұрақтарға жауап бер. Суреттегі заттарды сипатта.

- Түсі қандай?
- Дәмі қандай?
- Пішіні қандай?
- Бұл сөздерді қалай атаймыз?

- Сын есім дегеніміз не? Мысалдар келтір.



169-жаттығу. Бір сын есімге қатысты бірнеше зат есім жазыңдар.

Үлгі: *қысқа шаш, қысқа бау, қысқа жіп...*

Қызыл, қысқа, ескі, нәзік, жұқа, сұйық, әдемі.



170-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз. Сын есімдерді тауып, астың сыз.

Бір бұлақтың басында үш жолаушы кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Оның суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза екен.

Ы. Алтынсарин

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді білдіруге, сұрақтар құрауға жаттығасың;
- сөйлемнен сын есімді таба білесің.



171-жаттығу. Қай сөздер әртісті (актёрді) сипаттап тұр?

шебер әртіс дарынды әртіс жақсы әртіс

- Қандай театр әртістерін білесің?
- Театрға бардың ба?



172-жаттығу. Мәтінді тізбектей оқы.

Нүкетай Мышбаева – драма театрының әйгілі әртісі.

Ол – қарапайым, еңбекқор, кішіпейіл, ізденімпаз адам. Әр кейіпкерді сомдау үшін көп еңбек ететін.

Оның сахнадағы тұңғыш рөлі «Беу, қыздар-ай» комедиясындағы Айсұлу еді. Ерке, жас сауыншының күлдіргі хикаяларын көрерменге жақсы жеткізе білді.



Е. Обаев

- Сұрақтарға жауап беру арқылы өз пікіріңді білдір. Үшінші сұрақты өзің құра.

1) Нүкетай Мышбаева неліктен әйгілі әртіс деп ойлайсың?

2) Мәтінде әртістің қандай жақсы қасиеттері айтылған?

Саған қай қасиеті ерекше ұнады? Неліктен?

3)?

- «Беу, қыздар-ай» комедиясынан үзінді көр (altynqor.com).



173-жаттығу. Мәтіннен сын есімдерді теріп жаз.

Әйгілі, қарапайым, ...

- Сын есімдерге сұрақ қой.



174-жаттығу. «Сахнада ойнайтын адам қандай болады?» 2–3 сөйлеммен жауап жаз. Үлгіге қара. Өзің қажет деп есептеген тірек сөздерді қолдан.

Үлгі: «Менің ойымша, сахнада жүрген адам дарынды болу керек».

Тірек сөздер: дарынды, талантты, атақты, батыл, өнерлі, шебер.



175-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз. Сын есімді тауып, астын сыз.

Үкілі көмшат, бүрмелі көйлек,
Тұрғандай өзі қимылсыз билеп.
Иықтан шашы төгіліп жерге,
Күмісті шашбау жарасып белге.

Қ. Қазбек

- Сын есімдердің қай сөзбен байланысып тұрғанын анықта.
- Осы сөздерді басқа сын есімдермен байланыстырып көр. Нәтижесі қандай болды?



Бүгін сабақта:

- тірек сөздерді белгілеуге, ашық және жабық сұрақтарға жауап беруге жаттығасың;
- сөйлемнен сын есімді таба білесің.



176-жаттығу. Керекті сөздерді пайдаланып, әншіні сипатта.

- Суретте кім бейнеленген?
- Ол қандай әнші?
- Саған оның қандай қасиеттері ұнайды?
- Әншінің қандай әндерін тыңдадың?



177-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда және тірек сөздерді белгіле.



- Тірек сөздер бойынша мәтіннің мазмұнын айт.
- Жабық және ашық сұрақтарға жауап бер.
- **Жабық сұрақтар** (жауабы қысқа):
 1. Димаштың даусы қандай?
 2. Көрермендер Димаштың даусын қалай бағалаған?
 3. Ол қандай аспапта ойнайды?
- **Ашық сұрақтар** (жауабы толық):
 1. Неліктен оның даусын «періштенің даусы» деп атайды?
 2. Димаштың жетістігі саған қандай ой тудырды?
 3. Өзің қандай қабілетіңді дамытқың келеді?



178-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Асқақ ән аспанға өрлеп, асқар тербеп,
Күңіrentкен сар даланы, күндер жалған!
Ән құмар өлеуметім анталап тұр,
Сайра тіл, аңыра әнім, «Инжу-маржан».

Ән салсаң, өзімдей сал аңыратып,
Жайлантаып, қоңырлатып, жамыратып.
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,
Қондырып қоңыр қаздай мамырлатып...

І. Жансүгіров

- Өлең мазмұнын қалай түсіндің? Өншінің әнді қалай айтуы керек екен?
- Сын есімдерді теріп жаз.



179-жаттығу. Өлеңді қатесіз, көркем жаз.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен төтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

А. Құнанбайұлы

- Өлеңді қалай түсіндің?
- Сын есімді тап, астын сыз.



180-жаттығу. «Жұмбақ зат» ойыны. Топқа бөлін. Айналаңдағы бір затты белгілері бойынша сипаттап, келесі топқа жасыр.

Үлгі: Сипаттау: Оның ақ, қара фигуралары бар. Ол төртбұрышты. Онда 64 торкөз бар.

Жауабы: шахмат тақтасы.

Бүгін сабақта:

- өткен материалды қайталауға дағдыланасың;
- күнделік жазуды үйренесің.



181-жаттығу. Диалогті оқы. Сын есімдерді тап.

- Ардақ, сенің қандай арманың бар?
 - Мен ол туралы ешкімге айтпаймын. Өзімнің асыл арманымды күнделігіме ғана жазамын.
 - Күнделік деген не?
 - Күнделік – әр адамның өз ойын, жоспары мен арманын жазатын құпия дәптері.
- Ал сенің күнделігің бар ма?

Күнделік – әр адамның жекеменшігі. Оны иесінің рұқсатынсыз оқуға болмайды.



182-жаттығу. Жоспарға қарап, күнделігіңде арманың туралы жаз.

Жоспар:

1. Менің арманым. Оны таңдаған себебім
2. Арманыма жету үшін не істеймін?
3. Болашақтағы өзімді қалай елестетемін?



183-жаттығу. Үлгіге қарап күнделік жазуды үйрен. Күнделікті өзің үшін жүргізетін болғандықтан, шындықты жасырмай жаз.

Үлгі: Күннің реті.

Бүгін қандай оқиға болды? Сен қуандың ба? Себебі не?

Бүгін сабақта:

- өткен сабақтарды пысықтауға дағдыланасың.



184-жаттығу. Көп нүктенің орнына сын есімдерді тауып жаз.

... домбыра, ... ән, ... күй, ... әнші, ... қария, ... балуан



185-жаттығу. QR-кодтан бейнебаянды тамашала.



- Мәтінде есімі аталған атақты адамдар туралы не білесің?
- «Абай Біржанның зор даусына таңғалған». Сөйлемдегі сөздердің орындарын ауыстырып көр. Не байқадың? Қорытынды жаса.



186-жаттығу. Ертегіні оқы. Өз ойыңмен аяқта.

Сөздер әлемінде шу шықты. Сөздер адамдардың айтуынша өмір сүргісі келмейді екен. Олардың сөйлемдегі орнын неге адам таңдауы керек?

– Мен өз орнымды өзім таңдағым келеді, – деді етістік ашуланып.

– Маған да өз орным ұнамайды. Мен зат есімдердің сынын білдіргім келмейді. Мен етістікпен дос болғым келеді, – деді сын есім.

– Олай болмайды, – деді мәтін ақсақал.

– Неге болмайды? Болады! – деді де, сөздер ойына келген орынға тұра бастады...

Н.Сматаев

- Оқиға немен аяқталуы мүмкін?
- Сөздерді белгілі ретпен орналастырмай, сөйлем құрауға бола ма?



187-жаттығу. QR-код арқылы интербелсенді тапсырманы орында.



101–102.

Мазмұндама

103–104.

**Қорытынды бақылау
диктаны**

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



Бұл бөлімде:

- сын есімнің негізгі және туынды түрлерін анықтауды үйренесің;
- негізгі түбірге жұрнақ жалғау арқылы туынды сөз жасауды, түбірлес сөздердің мағынасын ажыратуды үйренесің;
- сан есім туралы білетініңді еске түсіресің;
- сөйлеу мәдениетіне жаттығасың.



Бүгін сабақта:

- тыңдаған мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайсың;
- ашық және жабық сұрақтарға жауап бересің;
- негізгі және туынды сын есімді ажыратасың.



188-жаттығу. Берілген сөздерді сөз құрамына талда, қорытынды жаса.

Даңқты, батыл, ойпаңдау*, мөлдір, қырлы, сулы.

Сын есім **негізгі** және **туынды** болып, екіге бөлінеді. Түбір сөзден болған сын есімді **негізгі сын есім** дейді: *әсем, жұқа, ұзын*.

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімді **туынды сын есім** дейді: *ақыл+ды, сүт+ті, арыстан+дай*.



189-жаттығу. Мәтінді әдемі етіп көшіріп жаз.

Райымбек батыр – халқына адал, батыл адам. Ол сұңғақ бойлы, өткір мінезді, шыдамды болған.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Оларды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тап.



190-жаттығу. Мәтінді тыңда.



- Мәтін неге «Райымбек бастауы» деп аталады?
- Райымбек қандай адам болған? Сын есімдермен сипатта.

- Көкойнақ неге оқыранды? Топта талқыла.
- Суреттегі Көкойнақты сипаттап айт.
- Мәтіндегі тірек сөздерді анықта.
- Сөйлемдерді толықтыр:

Батыр найзасын* бірнеше рет жерге шаншыды, сондықтан ...

Райымбек бастауы – ...

Бұл бұлақ ерекше, себебі ...



191-жаттығу. Мақалды оқы. Қатесін түзеп жаз.

Бұлақты ел семіреді.

Ынтымақты көл семіреді.

- Мақалдың мағынасын қалай түсіндің?
- Сын есімдерді тап. Туынды сын есім екенін дәлелде.

«Таза Қазақстан» бастамасы табиғатты, соның ішінде су көздерін қорғауға шақырады. Сен де оған үлес қоса аласың.



192-жаттығу. Берілген сын есімдерді салыстырып, кестеге сай орналастыр.

Ақылды, сұлу, мейірімді, аласа, қою, күзгі, өнерлі, қара.

Негізгі сын есім	Туынды сын есім

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтайсың;
- негізгі және туынды сын есімді ажыратасың.



193-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Су – түссіз, иіссіз, мөлдір сұйықтық. Салқын су шөлді басады. Сусыз тіршілік жоқ.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Оларды салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тап.



194-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Су – табиғаттың ең маңызды байлығы.

Таза су – денсаулық кепілі. Адамдар сусыз өмір сүре алмайды. Біз суды ішеміз, тамақ әзірлейміз, жуынамыз. Өсімдіктерді суарамыз. Жануарлар мен құстар да су ішеді.

Жаңбырлы күндері өзендер мен көлдер толығады. Ластанған су табиғатқа зиян келтіреді. Суды ластамау – өркімнің міндеті.

Су – өмір көзі

Судың пайдасы

- Мәтін не туралы? Мәтінге сай тақырып таңда.
- «Суды ластамау» дегенді қалай түсінесің?
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Мәтіндегі сын есімдерді тап.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдап, қорытынды жаса.



195-жаттығу. Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.

Сулы жерде жалбыз бар,
Жалбызға сен жалғыз бар.
Жалғыз бар да, жалбызды ал.



- Сын есімді тап. Негізгі, туынды екенін ажырат.
- Сын есімнің қай сөзбен байланысып тұрғанын түсіндір.



196-жаттығу. Жағдаятты оқы. Өз шешіміңді 3–4 сөйлеммен жаз.

Сен үйде суды көп ағызып, балалармен су шашып ойнадың. Анаң суды үнемдеу керек екенін айтты. Сен енді суды қалай үнемдейсің?



197-жаттығу. Гүлдерге қай тамшы тиесілі? Сәйкестендір. Негізгі сын есімдерге тиісті жұрнақтарды жалғап, туынды сын есім жаса.



- Туынды сын есімдерді қатыстырып, 3 сөйлем құрап жаз.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрасың.



198-жаттығу. Суретке мұқият қара. Бұл мәтінде не туралы айтылуы мүмкін?



- Тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Судың табиғи көздері» тақырыбында әңгіме құрап айт.

Тірек сөздер: су, табиғат байлығы, өзен, көл, теңіз, мұхит, бұлақ, мұздық, тұщы су, ащы су, тіршілік.

Жоспар:

1. Судың табиғи көздері
2. Тұщы судың пайдасы мен ащы судың қасиеті
3. Судың тіршілік үшін маңызы



199-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Жер бетіндегі суға толған табиғи ойыстарды көл деп атайды. Көлдер жазықта да, тауда да кездеседі. Терең көлдің суы мол болады. Көл суы ағынды және ағынсыз болады. Ағынды көлден өзен ағып шығады. Көлге тұз жинақ-

талады. Ол өзен суымен ағып кетеді. Сондықтан ағынды көлдің суы тұщы болады.

- Сын есімдерді тауып, олардың қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін ажырат. Туынды сын есімнің түбірі қай сөз табынан жасалғанын айт.
- Қазақстанда қандай көлдер бар?



200-жаттығу. Өлең жолдарын мұқият оқы. Не түсіндің?

Қайырымсыз болса, ханнан без,
Өткелсіз болса, судан без,
Асусыз болса, таудан без,
Панасыз болса, сайдан без.

- Сын есімдерді тап. Ол қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.



201-жаттығу. Сөздерді оқыңдар. Үлгі бойынша негізгі сын есім мен туынды сын есімді қатыстырып, 2–3 сөйлем құраңдар.

Балқаш, Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Қапшағай.

Үлгі: Балқаш көлі тұзды, ал Марқакөл – әдемі көл.



202-жаттығу. Жардаятты оқы. Шешімін тап.

Сен – туристік гидсің. Ауылыңа қала жақтан қонақ бала келді. Ол сенен ауылдағы көл туралы сұрады. Сен оған көлді таныстырып, оның ерекшелігін қалай айтып бересің?

- Жардаяттың шешімін 3–4 сөйлеммен жаз. Сын есімдерді пайдалан.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайсың;
- негізгі және туынды сын есімді анықтайсың.



203-жаттығу. Берілген сөздерге тиісті жұрнақтарды жалғап, туынды сын есім жаса.

тау

-ғы

жаңбыр

-дай

жаз

-ды

ақыл

-лы

өнер

-лі

- Туынды сын есімдерді қатыстырып, 2 сөйлем құрап жаз.



204-жаттығу. Мәтінді оқы.

Толағай туралы аңыз

...Ертеде жерге бір тамшы жаңбыр жаумай, ел күйзеліске ұшырайды. Толағай Дана деген қарт ақсақалға барып ақыл сұрапты. Қарт: «Қарағым, Толағай, біздің жеріміз жазық, бұлт үйіріліп тоқтайтын тауы жоқ. Жаңбырдың болмауы сол себептен», – дейді. Ал Толағай: «Ата, сіз рұқсат етсеңіз, бір жерден биік тауды арқалап алып келсем болмай ма?» – депті...

Ел аузынан

- Әрі қарай не болды деп ойлайсың?
- Мәтінді өз сөзіңмен жалғастырып көр.
- Мәтіннен сын есімдерді тап.



205-жаттығу. Мақалдарды оқы. Қатесін түзетіп жаз.

Сусыз жер – нулы жер.

сулы – сусыз
терең – таяз

Таяз құдықтың суы тәтті.

- Мақалдардың мағынасын түсіндір.
- Сын есімдерді тауып, сөз құрамына талда.



206-жаттығу. «Дұрыс/бұрыс» ойыны. Өз жауабыңды таңда.

- 1) Бұлақтың таза суын былғау керек.
- 2) Ащы суды ішуге болмайды.
- 3) Мөлдір суды лайламау керек.
- 4) Ластанған суды іше беруге болады.
- 5) Суды үнемдеу керек.

Дұрыс

Бұрыс

- Неліктен *дұрыс/бұрыс* жауапты таңдағаныңды өз сөзіңмен дәлелде.



207-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, өлең жолдарын толықтыр. Өлеңді жаттап ал.

... жерге су тартып,
Тау көтерді ...
Еліне болған ...
... бала – Толағай.



Тиісті сөздер: алып, Толағай, құрғақ, қорғандай.

- Сын есімдерді тап, қай сөз табымен байланысып тұрғанын айт.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтайсың;
- негізгі және туынды сын есімді ажыратасың.



208-жаттығу. Екі бағандағы сөздерді оқы. Сын есім мен зат есімдерді мағынасына қарай сәйкестендір.

қызыл
білімді
жасыл
өнерлі
тәтті

шөп
бала
көмпит
оқушы
алма



209-жаттығу. Ертегіні рөлге бөліп оқыңдар.

Ертеде әдемі гүл өсіпті. Оның жапырағы жасыл, өзі нәзік болыпты. Бір күні күн ысып, жер құрап кетеді. Гүлдің басы салбырап, сола бастайды. Сол сәтте мейірімді су келіп:

– Қымбатты гүл, сенсіз дала көріксіз екен. Мен саған өмір сыйлаймын, – деп гүлді суарады.

Гүл жайқалып, әсем болып шыға келеді.

– Рақмет, су! Сен болмасаң, мен тіршілік ете алмас едім, – дейді гүл.

Содан бері су мен гүл достасыпты. Су гүлге нәр беріп, гүл жерді көріктендіріпті.

- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Гүл неге сола бастады?
- Суды неге «мейірімді» деп атауға болады?

- Су мен гүлдің достығы неде? Жұптасып талқыла.
- Ертегі бізге нені үйретті?
- Ертегінің мазмұнына сай тақырып таңда:

Гүл мен судың достығы

Табиғатты аяла

- Сын есімдерді теріп жаз. Оларды негізгі және туынды сын есімдерге ажырат.



210-жаттығу. Сөйлемдерді жаз. Сын есімдерді тауып, астын сыз. Өр сын есімнің қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айт.

1. Әдемі қыз гүл терді. 2. Мейірімді бала ағаштарға қамқор болады. 3. Жасыл бақта құстар сайрады. 4. Еңбекқор оқушы ата-анасына көмектеседі. 5. Айнамкөз гүлді көйлегін киді.



211-жаттығу. Атасы мен немересінің әрекетіне баға бер.

...Бұлақтың көзі шөп-шалам мен қоқыстардан бітеліп қалыпты. Айдостың атасы тізерлеп отыра қалып, бұлақ көзін тазалауға кірісті. Айдос та қарап тұрмай, атасына көмектесті. Бұлақтың көзі ашылып, мөлдір су сылдырап аға жөнелді. Екеуі шөлін қандырды.

- Өзің «Таза Қазақстан» акциясына үлес қосып жүрсің бе?



212-жаттығу. Гүлдерді ата, сипаттап жаз.



түсі



исі



жапырағы

күлтесі

Бүгін сабақта:

- тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді анықтап, ашық және жабық сұрақтарға жауап бересің;
- сан есімнің түрлерін анықтайсың.



213-жаттығу. Сандарды сөзбен жаз.

9, 11, 23, 1000, 62, 7.

- Не байқадың? Сан есімдерді неше сөзбен жаздың? Сан есімдер неше топқа бөлінеді?



214-жаттығу. Суреттегі шипажайлар туралы не білесің?



«Сарыағаш» шипажайы



«Алма-Арасан» шипажайы

- Мәтінді тыңда.
- Мәтіннен тірек сөздерді белгіле.
- Қазақстанда қанша минералды су көзі анықталған?

- Мәтінде қай шипажайлардың аты аталды?
- «Сарыағаш» тәулігіне қанша шаршы метр су алады?
- Минералды сулар не үшін қолданылады?
- Сан есімдерді теріп жаз.



215-жаттығу. Мақалдарды оқыңдар. Топта талқылап, мағынасын түсіндіріңдер.

Су байлық – алты айлық,
Қар байлық – үш айлық.

Бір кісі қазған құдықтан
Мың кісі су ішеді.

- Сан есімнің қай сөзбен байланысып тұрғанын айт.



216-жаттығу. Мәтінді көркем көшіріп жаз. Сан есімдерді тап, астын сыз.

Алакөл – Қазақстандағы ең ғажайып көлдердің бірі. Көлге он бес өзен құяды. Алакөл – емдік қасиеті мол ағынсыз су қоймасы. Көл суы минералдарға бай. Оның денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген.



217-жаттығу. Сөздерді оқып, буынға бөл. Сөздердің алғашқы буынынан сан есім құрап айт.

сексеуіл, сендер

алқа, тыныс

егін, кісі

жүздік, ондық,
бірлік

алтын, пысқырма,
ынтымақ, шыдам



218-жаттығу. «Сандар сөйлейді» ойыны. Сандарды оқы. Олардың қай ақпаратқа қатысты екенін тап.

Үлгі: 9 – Айжанның жасы нешеде? Оның жасы тоғызда.

9, 100, 60, 5, 84.

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын сөздік арқылы ашып, жүйелейсің, мағлұматтың маңызды тұсын анықтайсың;
- сан есімнің түрлерін анықтайсың.



219-жаттығу. Сандарды сөзбен жаз.

360 –

250 –

- Сандарды сөзбен жазғанда не байқадың? Сан есімнің қай түрі? Күрделі сан есімдерді дара сан есімдерге айналдыру үшін не істеуге болады? Айтып көр. Қорытынды жаса.



220-жаттығу. Мәтінді оқы.

Арал теңізі

Арал теңізі Қазақстанның оңтүстік батысында орналасқан. Бұрын ол әлемдегі ең үлкен көлдердің бірі болған. Теңіздің ұзындығы шамамен – 360 шақырым, ені 250 шақырымдай болған. Арал теңізінде қырықтан астам балық түрі өмір сүрген. Қазір теңіз суы азайып барады. Бірақ ғалымдар мен табиғатты қорғаушылар Аралды қайта қалпына келтіру үшін түрлі жобалар жасап жатыр. Олар теңіздің бір бөлігін сақтап қалуға тырысуда.

Біз табиғатты қорғап, суды үнемдеп қолдансақ, Арал теңізі бұрынғыдай үлкен көлге айналуы мүмкін.

- Арал теңізі қай жерде орналасқан?
- Арал теңізі туралы қандай мәліметтер алдың?

- Табиғатты қорғау үшін адамдар не істеп жатыр? Топта талқылаңдар.
- Сөздіктен қарап, төмендегі сөздердің мағынасын анықта: *ғалым, табиғатты қорғаушы, қалпына келтіру, үнемдеп.*



221-жаттығу. Сөйлемдерді оқы. Сан есімдерді тап.

- а) Арал теңізінде қырықтан астам балық түрі өмір сүрген.
- ә) Теңіздің ұзындығы 360 шақырым болған.
- б) Адамдар теңіздің бір бөлігін сақтап қалуға тырысуда.
- Сөйлемдердің ең маңыздысын таңда және себебін түсіндір.
- Қай ақпарат табиғатты қорғау тақырыбына көбірек қатысты?



222-жаттығу. Сандарды пайдаланып, сөйлем құра.

- 1 Мен Арал теңізі туралы ... дерек білдім.
- 3 Табиғатты қорғаудың ... жолын атай аламын.
- 5 Теңізде ... түрлі балық түрі болған.
- 10 Біз ... тамшы суды да ысырап етпеуіміз керек.
- 100 ... адам бірігіп, табиғатты сақтай алады.
- 10, 100 қандай сан есім?



223-жаттығу. «Егер мен Арал теңізінің қорғаушысы болсам...» тақырыбында сан есімдерді пайдалана отырып, 3–4 сөйлеммен шағын мәтін жаз.



Бүгін сабақта:

- түрлі жағдаятта өз сөзіңді жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысасың;
- сан есімді анықтайсың.



224-жаттығу. Суретке қара. Сурет бойынша мәтін құра.



- Сөйлеу мәдениетін сақтап, «Сусын дүкенінде» диалогін жалғастырыңдар.

– Сәлеметсіз бе! Маған үш бөтелке минералды су беріңізші.

– Мінекей, үш бөтелке минералды су.

– Рақмет! Қанша теңге болады?

– ...

– ...

- Диалогте сан есімдерді қолдан.



225-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша диалог құраңдар.

Адам ағзасының 60–70 пайызы судан тұрады. Су дененің дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі. Ол қан айналымын, ас қорыту мен дене температурасын реттейді. Сондықтан адам күн сайын жеткілікті мөлшерде су ішуі керек.

- Күніне неше рет су ішесің?
- Бір күнде неше литр су ішу пайдалы?



226-жаттығу. Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздермен сөйлем құрап жаз. Сөйлемді сөйлем мүшесіне талда.



”

е

,



- Ребустың шешуі сан есім екенін дәлелде.

Үлгі:

Бұл – сан есім, өйткені

- заттың санын білдіреді.
- неше? сұрағына жауап береді.



227-жаттығу. Есепті түсініп оқып, жауабын тап.

Жанарыс күніне 5 шыны су ішеді. Егер шынының сыйымдылығы 200 миллилитр болса, Жанарыс күніне неше миллилитр су ішеді? Ол қанша литр болады?

- Жанарыс суды жеткілікті іше ме? Пікіріңді білдір.
- Су ішу адам денсаулығы үшін өте маңызды, себебін түсіндір.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырасың және жауап бересің;
- есептік және реттік сан есімді анықтайсың.



228-жаттығу. Жаңылтпашты оқы. Сан есімді реттік сан есімге айналдыр.

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.

Сан есім **есептік** және **реттік** болып екіге бөлінеді. **Қанша? неше?** сұрағына жауап беретін сан есімдерді **есептік сан есімдер** деп атайды. Мысалы: *бір, үш, он.*

Нешінші? сұрағына жауап беретін сан есімдерді **реттік сан есім** дейді. Мысалы: *бірінші, үшінші, оныншы.* Реттік сан есім есептік сан есімге **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.



229-жаттығу. Өлеңді мұқият оқы.

Айтайын бір санамақ,
Ұғынып ал саралап.
Жетісуды жеті өзен
Ағып жатыр аралап...
Алғашқы өзен – Аягөз
Басталады Семейден.
Одан кейін – Тентегі,
Тулап аққан ерке еді.
Үшінші өзен – Лепсісі,

Тауды бұзған көп күші...
Төртінші – Ақсу өзені,
Кең даланы кезеді.
Бесіншісі – Қаратал,
Суын диқан жаратар.
Алтыншы өзен – Ілесі,
Тым байсалды мінезі.
Жетінші өзен – Шуы бар,
Асып-тасқан суы бар.

О. Асқар

- Өлеңде неше өзен аталған? «Жетісуды жеті өзен аралап жатыр» деген ойды сен қалай түсінесің? Топта талқыла.
- Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыр. Жұптасып сұрақтарға жауап беріңдер.
- Өлеңдегі қарамен берілген сан есімдерді салыстыр. Сұрақ қой. Қандай өзгешелігі бар? Қорытынды жаса.



230-жаттығу. Өлеңдегі өзен атауларына сәйкес реттік сан есіммен сөйлем құрап жаз.

Бірінші өзен – Семейден басталатын Аягөз өзені.

Екінші өзен – ...

Үшінші өзен – ...

- Реттік сан есімдерді сөз құрамына талда. Реттік сан есімдерге жалғанған қосымшаның түрлі болу себебін түсіндір.



231-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз.

Тентек өзені – Жетісу жеріндегі ірі өзендердің бірі. Оның ұзындығы үш жүз шақырымнан асады. Өзеннің бастауы таудағы мұздықтардан шығады. Тентек – Балқаш көліне құятын бірнеше өзеннің бірі. Бұл – Жетісудағы екінші үлкен өзен.

- Сан есімдердің астын сыз. Сан есімдердің қай сөз табымен байланысып тұрғанына мән бер.



232-жаттығу. Ребусты шеш.

7су – **6**н **5**ік

- Нақыл сөздің мағынасын түсіндір.

Бүгін сабақта:

- өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіресің;
- есептік және реттік сан есімді анықтайсың.



233-жаттығу. Есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз.

Бір жолаушы – ... жолаушы, үш сынып – ... сынып,
жеті қабат – ... қабат, отыз оқушы – ... оқушы, төрт
сөре – ... сөре.

- Сан есімдерге сұрақ қой. Мағынасында қандай өзгерістер бар?
- Реттік сан есімдерді сөз құрамына талда.



234-жаттығу. Мәтінді оқы. Сан есімдерді анықта.

Ғалымдар елімізде он мыңнан астам бұлақ бар екенін айтады. Бірінші белгілі бұлақ – Қарағанды облысындағы Әулиебұлақ. Екінші әйгілі бұлақ – Алматы облысындағы Шалқөде бұлағы. Үшінші танымал бұлақ – Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма өзенінің бастауы.

Бұлақты ластауға болмайды.

- Сан есімдер қай сөз табымен байланысып тұр?



235-жаттығу. Өлеңді тыңда.



- Жолаушылар қайда кездесті?
- Бұлақ басында тұрған таста не деп жазылыпты?
- Бірінші жолаушының ойымен келісесің бе? Неге?
- Екінші жолаушының сөзі саған қандай ой салды? Топта талқыла.
- Үшінші жолаушының орнында болсаң, не деп жауап берер едің?
- Мәтіннен есептік және реттік сан есімдерді тап.



236-жаттығу. Мақалды көркем жаз.

Үш көз

Су анасы – бұлақ.

Жол анасы – тұяқ.

Сөз анасы – құлақ.

- Бұлақ неліктен судың анасы деп аталады?
- Қазіргі заманда жол анасы өзгерді ме?
- Тағы қандай «нәрсенің анасы» болуы мүмкін?

Үлгі: Нан анасы – еңбек.

Бүгін сабақта:

- тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білесің, сөйлеу барысында қолданасың;
- есептік және реттік сан есімді анықтайсың.



237-жаттығу. Суретке мұқият қара. Табиғаттағы су айналымы туралы айтып бер.



238-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Таңертең күн бейне бір алтын айнадай судың бетінде күлімдеп тұрды.

Кішкентай бір тамшы су көкке қарап:

– Менің өмірім қысқа ғой, аз күнде буланып кетемін, – деді мұңайып. Сонда екінші тамшы күлімдеп:

– Қысқа болса да, табиғатқа пайда келтіреміз, – деді. Күн сәулесі екі тамшыға жылы жымып:

– Сендер бұға айналып, аспанға көтерілесіңдер. Бұлтқа айналып, қайта жаңбыр болып жерге түсесіңдер. Бұл – табиғаттағы судың айналымы. Әрбір тамшының өз қызметі бар, – деді.

Сол сәтте үшінші тамшы қуанғаннан аспанға көтеріліп, ұшып кетті. Осылай су тамшыларының әрқайсысы табиғатқа өз үлесін қосады.

«Балдырған» журналынан

- Мәтін не туралы?
- Мәтінге тақырып қой.
- Сан есімдерді ата.
- *Алтын айнадай* деген сөз тіркесінің мағынасын түсіндір.



239-жаттығу. Мәтіннен асты сызылған сөздерді теріп жазып, сөз құрамына талда. Есептік немесе реттік сан есім екенін дәлелде.

Үлгі: Бұл – реттік сан есім, өйткені ...



240-жаттығу. Сөздер мен сөз тіркестерін оқы. Екі бағанға бөліп жаз.

Су, тамшы, қуаныштан ұшып кетті, көл, күн сәулесі, алтын айнадай, күлімдеп тұрды.

Тура мағына	Ауыспалы мағына



241-жаттығу. Жұмбақты шеш.

Күннің көзі түйілді,
Көкте бұлттар үйірілді.

Сұйық моншақ шашылып,
Жерге нәр боп құйылды.

(...)


- Жұмбақтың шешуімен сөйлем құра. Сөз таптарына талда.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрайсың;
- есептік және реттік сан есімді ажыратасың.



242-жаттығу. Суретке мұқият қара. Балқаш көлі туралы не айтуға болады?



- Тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Балқаш көлі – табиғаттың әдемі айнасы» тақырыбында әңгіме құрап айт.

Тірек сөздер: ірі көл, Қазақстан, Тентек және Іле өзендері, тұщы су, ащы су, терең, балықшаруашылығы, демалыс орны, қорғау, қоқыс тастамау.

Жоспар:

1. Балқаш көлінің орналасуы
2. Көлдің ерекшелігі
3. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы
4. Табиғатты қорғау қажеттілігі



243-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Сан есімдерді сөз құрамына талда.

Балқаш көлі – Қазақстандағы ірі су қоймасы. Оның ұзындығы – алты жүз шақырым. Көл суының

құрамы әртүрлі. Бір бөлігі тұщы, ал екінші бөлігі ащы болып келеді. Жағалау сызығының ұзындығы екі мың үш жүз сексен бес шақырымдай болады.



244-жаттығу. Сол жақтағы сөздерді оң жақтағы мағынасымен сәйкестендір.

Сөздер	Мағынасы
600 шақырым	балық түрі
9–74 шақырым	көлдің ұзындығы
20-дан астам	екінші бөлігі тұзды
бір бөлігі тұщы	көлдің ені

- Сан есімдерді ата.



245-жаттығу. Сан есімдерді салыстырып, кестеге сай орналастыр.

Бірінші, тоғыз, отыз бес, елуінші, қырық, жетпіс жетінші.

Есептік сан есім	Реттік сан есім

- Реттік сан есімдерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз. Сөйлем мүшелеріне талда.



246-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жаз. Сан есімдерді цифрмен көрсет.

1 тәулік = ...

1 сағат = ...

1 мүшел = ...

1 апта = ...

жарты тәулік = ...

ширек сағат = ...

екі жыл = ...

бір минут = ...

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырасың және жауап бересің;
- есептік және реттік сан есімдерді ажыратасың.



247-жаттығу. Көлдерді салыстыр.

Еліміздің аумағында көлдер көп. Жалпы саны 48 мың 264 көл бар. Көбінің суы тұзды, олардан тұз өндіріледі. Ең ірі көлдерге Каспий теңізі, Арал теңізі және Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері жатады.

Көлдің атауы	Ауданы (шамамен)
Алакөл	2 650 км ²
Арал теңізі	68 000 км ²
Балқаш көлі	16 400 км ²
Зайсан көлі	1 800 км ²
Каспий теңізі	371 000 км ²

- Көлдерді көлемі бойынша орындарға бөліп жаз.

Үлгі: Каспий теңізі бірінші орында (ең үлкені).



248-жаттығу. Мәтінді мұқият оқы.

Қазақстанның жазығындағы өзендердің суы аз және баяу ағатындықтан, суық түскенде тез қатады. Қарашаның аяғында қалыңдығы 70–90 см-ге жететін тұрақты мұз басады. Қыста солтүстіктегі өзендерде мұздың қалыңдығы 190 см-ге, оңтүстіктегі өзендерде 110 см-ге дейін жетеді.

- Мәтінде қандай сан есім түрі қолданылған?
- Егер мұздың қалыңдығы 70 см болса, ол қай аймаққа тән?
- 190 см мұз қай жердегі өзендерде қатады?
- 110 см мұз қай өңірге тән көрсеткіш?
- Ең үлкен және ең кіші сан есімдерді ата.
- Өз өлкеңде өзендер қай айда қатады?
- Мұздың қалыңдығы неше см болады?
- Топтасып, мұзда сырғанау кезіндегі қауіпсіздікті сақтау ережесін құраңдар.



249-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Алматыға жоғарғы оқу орнына түскен жас түлек* демалыста ауылына келеді. Бір ақсақал қандай оқуға түскенін сұрайды. Жас түлек болашақ су маманы болатынын айтады. Сонда ақсақал:

– Қалқам-ау, табиғат жаратқан судың да ғылымы бар ма? Сонда қай жердің суына келіп, су иесі Сүлейменше патшалық құрмақсың? – деп сұрайды.

– Қазақ жерінде мыңнан астам су арналары бар, ата. Бірақ сол атам қазақ «Судың да сұрауы бар» деген емес пе?! Табиғаттың осы миллиондаған байлығын, тіршіліктің нәрін үнемді, ұқыпты пайдаланбай болмайды. Бей-берекеттік дарияны құрғатады. Өзенді кептіріп, көлді де жояды. Ауылымызға су маманы керек. Су маманы болмаса, **ағысты** өзен, **айдын** көл құрғайды...

Жас жігіттің жігерлі жүзіне барлай қараған сол қарт:

– Қадамыңа гүл бітсін, қарағым. **Үлкен** бір іске бет бұрған екенсің, арты қайырлы, маңдайың жазық болсын, балам. Су иесі Сүлеймен қолдасын! – деп батасын берген екен.

Н. Қыпшақбаев

- Мәтіннің негізгі ойын анықта. Топта талқыла.

- Мәтінге сай тақырып таңда.

Суды қорғау – әр адамның
борышы

Табиғатты қорғау – тек
мамандардың міндеті

- Мәтіннен қарамен жазылған сөздерді теріп жаз. Сөз құрамына талда. Қай сөз табы екенін анықта.



250-жаттығу. Мәтін мазмұны бойынша үш сұрақ құрастыр.

1-сұрақ ақпарат алуға бағытталсын.

Үлгі: *Жас түлек қандай мамандықты таңдады?*

2-сұрақ пікір білдіруге бағытталсын.

Үлгі: *«Су маманы болмаса, ағысты өзен, айдын көл құрғайды» пікіріне келісесің бе?*

3-сұрақ болашаққа болжам түрінде болсын.

Үлгі: *Егер сен сол түлектің орнында болсаң, қандай мамандық таңдар едің?*



251-жаттығу. Мәтінді көшіріп жаз. Санды сөзбен жаз.

Әр елдің өзіне тән сұлу өзендері бар. Қазақ халқы Ертіс өзенін ерекше құрметтейді. Ертіс – ұзын өзендердің бірі. Ол Моңғол Алтайынан бастау алып, Қытай, Қазақстан, Ресей жерлері арқылы ағып өтеді. Кейін Обь өзеніне құяды. Обь өзені Солтүстік Мұзды мұхитына барып құяды. Ертіс өзенінің жалпы ұзындығы 4248 км.

Д. Жүнісов

- Қай өзен туралы айтылған?

118.

Мазмұндама



8-БӨЛІМ

ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

Бұл бөлімде:

- жыл бойы алған біліміңді еске түсіріп, қайталайсың;
- мәтін және сөйлем;
- дыбыс пен әріп;
- сөз және оның құрамы;
- сөйлем мүшелері;
- сөз таптары туралы біліміңді бекітесің.



Бүгін сабақта:

- өз бетінше мәтіннің тақырыбын және негізгі ойын анықтауға жаттығасың.



252-жаттығу. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай мерекелерді білесің?
2. Қай мерекені жақсы көресің?
3. Мереке күні адамдар не істейді?



253-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Біздің елімізде көптеген мереке бар.

Ең ұлы мерекенің бірі – Тәуелсіздік күні. Бұл күні концерттер, қойылымдар ұйымдастырылады.

Көктемде Наурыз мерекесін тойлаймыз. Адамдар бір-бірін құттықтайды. Наурызкөже, бауырсақ пісіреді. Ән айтып, би билейді. Сонымен қатар Отан қорғаушылар күні, Балаларды қорғау күні, Конституция күні сияқты мерекелер бар.

Әр мереке – халықтың қуанышы мен бірлігінің белгісі.

Г. Жайлауқызы

- Елімізде тағы қандай мерекелер бар?
- Мәтіннің негізгі ойын анықта.
- Мәтін мазмұнына байланысты 3 сұрақ құра. Жұптасып, сұрақтарыңа жауап бер.

- Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтап, кестені толтыр:

Бөліктері	Бір сөйлеммен жаз
Тақырыбы	
Негізгі ойы	
Басы	
Негізгі бөлім	
Соңы	



254-жаттығу. Суретті қарап, отбасының мерекелік көңіл күйі туралы сипаттау мәтінін құра.

Керекті сөздер:
қуаныш, күлкі, мереке, бірге, көңілді.



255-жаттығу. Сызба бойынша «Менің сүйікті мерекем» тақырыбында 3–4 сөйлемнен тұратын әңгімелеу мәтінін жаз.

Мереке
атауы

Кіммен
өткіземін?

Не істейміз?

Не ұнайды?



256-жаттығу. Ребусты шеш.



- Шешуімен сөйлем құра.

Бүгін сабақта:

- суретті пайдаланып, ашықхат мәтінін құрап үйренесің;
- мәтін түрлерін ажыратасың.


257-жаттығу. Суретке қара.

- Қыздар кімге гүл беріп тұр?
- Олар неге гүл сыйлап жатыр?
- Бұл қандай мереке болуы мүмкін?


258-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Анаға сыйлық

– Бүгін – анамыздың мерекесі. Жұмыстан келгенше сыйлық әзірлейік, – деді Гүлім. Айгүл оған келісе кетті.

Гүлім ауладан бақбақ пен раушангүл терді. Ал Айгүл түрлі түсті қағаздан әдемі гүл шоғын жасады. Сыйлықтарын берерде таласып қалды:

- Мен бірінші беруім керек, – деді Гүлім.
- Жоқ, мен бірінші беремін, – деді Айгүл.
- Екеуіңнің де сыйлықтарыңды бірге аламын. Ниеттеріңе рақмет, алтындарым! – деп, анасы беттерінен сүйді.

Ә. Байбол

- Мәтін не туралы?
- Мәтін кейіпкерлері аналарына қандай сыйлық әзірледі?
- Өзің анаңа қандай сыйлық жасайсың?

- Мәтін түрін және бөліктерін анықта.



259-жаттығу. Сызба бойынша ашықхат мәтінін жаз.

1. Кімге арналған?

2. Не туралы айтасың?

3. Қандай тілек білдіресің?

4. Қол қою (атыңды жаз)



260-жаттығу. Сөйлемдерді ретімен орналастырып, мәтін құра.

1. Біз анамызды 8 наурыз мерекесімен құттықтадық.
2. Ана – біз үшін ең қымбат жан.
3. Ол бізге қамқорлық жасайды, мейірімін аямайды.
4. Біз анамызға сыйлық бердік.

- Мәтіннің қай түріне жатады?



261-жаттығу. Жағдаятты оқы. Өз шешіміңді 3–4 сөйлеммен айттып көр.

Аптаның соңғы күні. Сен үйде сабақ оқып отырсың. Анаң жұмыстан шаршап келді. Оның көңіл күйі жоқ екенін байқадың. Сен анаңды қуантқың келді.

Сенің әрекетің қандай болмақ?

- а) Анаңа үй шаруасына көмектесесің.
- ә) Демалуына мүмкіндік бересің.
- б) Жақсы сөз айтасың.
- в) Өз нұсқаң ...

Бүгін сабақта:

- өзгенің пікіріне өз көзқарасыңды білдіруге жаттығасың;
- сөйлем туралы білетініңді қайталайсың.



262-жаттығу. Наурыzkөжеге қосылатын жеті тағамды ата.

су, , , , , ,

- Сенің отбасыңда наурыzkөжені қалай пісіреді?



263-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Мәтін не туралы?
- Әженің наурыzkөже туралы пікірімен келісесің бе? Өз көзқарасыңды (келісу себебін) білдір.



264-жаттығу. Тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемді көшіріп жаз.

Наурыз – жыл басы бұл күні табиғат жаңарып, күн мен түн теңеледі наурыз – халықтың бірлігін көрсететін мереке

- Мәтінде неше сөйлем бар?



265-жаттығу. Наурыз батасын жаттап ал.

Ұлыс* оң болсын!
Ақ мол болсын.

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.

Қайда барсаң, жол
 болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты
 болсын.
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

Ұлы кісіден бата алса,
Сонда олжалы жол
 болар.
Қыс өтіп, қар кетіп,
Мейрамы ежелден
Құтты болсын,
бұл Наурыз!

М. Мақатаев

- Бата не туралы?
- Наурыз қалай тойланады?



266-жаттығу. Суретке қарап, 3–4 сөйлемнен тұратын мәтін құра.



- Сөйлемдерді жай сөйлем түріне және сөйлем мүшелеріне талда.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтауға жаттығасың;
- сөздегі қателерді тауып, түзетуді үйренесің.



267-жаттығу. Ребусты шеш.

1

”



- Ребустың шешуі болатын сөзбен мақал білесің бе? Айт.



268-жаттығу. Мәтінді мәнерлеп оқы.

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Ортақ болсын асқар тау,
Жеміс толы бақша-бау.

Болсын жер мен су ортақ,
Болсын бізге ну ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз!

М. Әлімбаев

- Өлең не туралы?
- Өлеңге тақырып қой.
- Өлеңнің негізгі ойын анықта.

- *Халықтар достығы* дегенді қалай түсінесің?
- *Бірлік, достық, татулық* сөздеріне дыбыстық талдау жаса.



269-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, 5 қатені тап. Қатесіз көшіріп жаз.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл күн мереке ретінде ерекше аталып өтыледы. Тәуелсіз елімізде барлық халқ тату тұрады. ынтымақ бар жерде – береке бар.

- *Тәуелсіз* сөзіне дыбыстық талдау жаса.
- Дыбыс пен әріп айырмашылығын есіңе түсір.



270-жаттығу. Суретке қара. Суретте кімдер бейнеленген?



- Тірек сөздерді қатыстырып, үш сөйлем құрап жаз.

Тірек сөздер: *достықты дәріптейді, концерт, ынтымақ, мектеп.*

Бүгін сабақта:

- сурет бойынша мәтін мазмұнын болжауға жаттығасың;
- әдемі жазуға дағдыланасың.



271-жаттығу. Суретке қара. Келесі мәтін не туралы болады деп ойлайсың? Болжап айт.



7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесі. Тәуелсіздік – еліміздің басты құндылығы. Отан қорғаушылар еліміздің тәуелсіздігін, бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қорғайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасы Президенті



272-жаттығу. Өлеңді тыңда.



- Болжамың мен өлең мазмұны сәйкес келді ме?
- *Ұлан болу* дегенді қалай түсінесің?
- *Әскер* сөзіне дыбыстық талдау жаса. Бұл сөзде қанша дыбыс, қанша әріп бар?



273-жаттығу. Мәтінді оқы.

Жау тылындағы бала

Бұл – Қасым Қайсеновтің 1961 жылы жазған повесі. Шығармада он жасар қазақ баласының басынан кешкен оқиғалар суреттеледі. Ол Ұлы Отан соғысы кезінде, Украина жерінде, партизандар қатарында болған.

- Кітап кім туралы жазылған?
- Шығарманы кітапханадан алып, оқып шық.



274-жаттығу. Сөйлемді әдемі етіп көшіріп жаз.

Ұландар елді қорғауға, адал қызмет етуге ант береді. Мереке қарсаңында мектептерде әскери ойындар, саптық жарыстар өткізіледі. Ұландар – елдің тірегі, халықтың мақтанышы.

- Өз мектебінде осындай шаралар өтіп тұра ма?
- Соңғы сөйлемдегі дауыссыз дыбыстарды үлгі бойынша топтап жаз.

Қатаң дауыссыздар	Ұяң дауыссыздар	Үнді дауыссыздар



275-жаттығу. Отан қорғаушыларға алғыс хат жаз.

Хаттың бөліктерін есіңе түсір:

- 1) Амандасып, хал-жағдайын сұра.
- 2) Неліктен хат жазып отырғаныңды айт.
- 3) Алғыс білдір.
- 4) Жақсы тілегіңді айт.
- 5) Атыңды, жазған күнді көрсет.

Бүгін сабақта:

- мәтін құрап жазуға жаттығасың;
- қателерді тауып, түзетуді үйренесің.



276-жаттығу. Суретке қарап, тақырыпты оқы. Тірек сөздерді қолданып, мәтін құрап жаз.

Жеңіс күні



Тірек сөздер: шеру, форма, медаль, еске алу, мәңгілік алау.



277-жаттығу. Мұғалімнің көмегімен «Мерекелік кешке шақыру» мәтінін жаз.

Шақырудың құрылымы:

кімнен?

кімге?

неге?

қашан?

не үшін?



278-жаттығу. Сөздерді орнына қойып, қатесіз көшіріп жаз.

Қан майданда өз Отанын ...,
 Мақтанышым, қасиеттім, қастерлім –
 Бейбіт өмір бар әлемге
 Аталарым жайлы бүгін

толғанам

қорғаған

сыйлаған

М. Шаханов

- Отан, бейбіт сөздеріне дыбыстық талдау жаса.



279-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Отшашу

Алқызыл, ақ, көк жұлдыз,
 Жарқырады көп жұлдыз!
 Жарқырайды аспанда,
 Жарқырайды Астана.
 Сәндендірер жер-көкті,
 Салды жарқын өрнекті.

Ә. Табылдиев



- Өлең не туралы?
- Өлең мазмұнын әңгімелеп айт.



280-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқы, мағынасын түсіндір.

Қаһарлы ел қамал бұзады.

Хас батырды жаралысында сынама.

Батырдың қаһары – еліне қорған.

- Х, һ дыбыстарының емлесін есіңе түсір.

Бүгін сабақта:

- жаңа сөздің мағынасын табуға жаттығасың;
- маңызды мағлұматты анықтай білесің.



281-жаттығу. Берілген сөздерді оқы. Мағынасын айт.

Батыр, жауынгер, батырлардың, батырлық.

- Сөздерді көшіріп жазып, сөз құрамына талда.



282-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Алматы қаласындағы тарихи орындардың бірі – 28 панфиловшылар саябағы. Бұл саябақ Ұлы Отан соғысында **ерлік** көрсеткен 28 батырдың құрметіне аталған.

Соғыс басталған кезде 316-атқыштар дивизиясы* Алматы қаласында жасақталған. Бұл дивизияны генерал Иван Панфилов басқарған. Панфиловшылар Мәскеуді қорғау кезінде ерекше ерлік көрсетті. Сол **батырлардың** қатарында Бауыржан Момышұлы бастаған жауынгерлер де болған.



Саябақтағы Мәңгілік алау – батырлардың рухына* деген құрметтің белгісі.

Қазақ ұлттық энциклопедиясы

- Суретте бейнеленген ескерткіштерге назар аудар. Олар кімге қойылды? 28 панфиловшылар саябағы қай қалада орналасқан?
- Саябақ не үшін осылай аталған?
- Бауыржан Момышұлы кім болған?
- Мәтіндегі ең маңызды ақпарат қай сөйлемде берілген деп ойлайсың? Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.



283-жаттығу. Кестемен жұмыс істеңдер.

Жаңа сөздер	Сөз табы	Мағынасы	Мәндес сөз
Панфиловшылар	зат есім	генерал-майор И. В. Панфилов атындағы әскери дивизияның жауынгерлері	батырлар
дивизия		әскери бөлім	
алау			
рух			



284-жаттығу. Мәтінді қатесіз, көркем жаз.

28 панфиловшылар – ерліктің символы.

Бауыржан Момышұлы – сол **ерліктің** даңқын жалғастырған тұлға. Батырлардың **ерлігі** – елдің мәңгілік рухы.


- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.

Бүгін сабақта:

- сөздегі қателерді тауып, түзетуге жаттығасың;
- туынды сөз жасауды, түбірлес сөздердің мағынасын ажыратуды білесің.



285-жаттығу. Суреттегі зат атауларының алғашқы әрпін торкөзге жаз. Қандай сөз шықты?



- Отбасың туралы жұбыңа әңгімеле.
- Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің туған күнім ... мезгілінде болады.
Туған күнімді ... бірге тойлаймыз.
... көп сыйлық сыйлады.



286-жаттығу. Қатесін түзеп, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Отбасы мүшелері мерекеге дайындалды. Әжем дәм-ды бауырсақ пісірді. Біз дастарқан жайдық. Анам таттілер дайындады. Атам мен әкем домбыра шерті.



287-жаттығу. Сөздерді кестеге сәйкес талда.

Достар, әдепті, өнерлі, сыйластық, биші, дәріні, аспаз, кітапша.

сөз	Түбір	Жүрнақ	жалғау
балықшыға	балық	шы	ға



288-жаттығу. Түбірлес сөздер қатарын толықтырып жазыңдар.

Ойын → ойыншық, ...

Сый → ...

Қуану → ...

Су → ...

- Түбірлес сөздер мен туынды сөздердің қандай ұқсастығы бар екенін түсіндіріңдер.



289-жаттығу. Сөздерді мұқият оқы. Сөз құрамына талда. Түбір және туынды сөздерге топтастыр.

Аңшы, күтуші, тыңшы, жұмысшы, көрші, тамшы, күзетші, қамшы, қойшы, өнші, қайшы.



Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрауға жаттығасың;
- сөздерді сөз құрамына талдауды білесің.



290-жаттығу. Сөздерді көшіріп жаз. Сөз құрамына талда.

Жазбалар, өсімдіктер, еңбекқорлық, ұйымшылдық, тыныстау, тазалықшылар, суретшіге.

- 2–3 сөзді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



291-жаттығу. Жағдаятты оқы.

Табиғатқа серуен

Бүгін біз сыныбымызбен орманға бардық. Ауа райы тамаша болды. Құстардың әні мен жапырақтардың сыбыры бәріміздің көңілімізді көтерді.

Ұстазымыздың тапсырмасы бойынша өсімдіктерді бақылап, жазбалар жасадық.

Серуен соңында бәріміз көк шалғынға төсеніш жайып демалдық. Оқушылар өздерімен алып келген тағамдарын жеп, сусындарын ішті. Орнымыздан тұрғанда артымызда тағам қалдықтары мен сусын ыдыстары шашылып жатты.

Ұстаз сенен осы жағдайға қатысты өз ойыңды айтып, ұсыныс жасауды сұрады.

Қандай ұсыныс айтасың?

Г. Жайлауқызы

- Жағдаят бойынша өз пікіріңді білдір:
 - 1) Табиғатқа серуенге шығу неліктен пайдалы?
 - 2) Табиғатты қорғау әр адамның міндеті ме?
 - 3) Қоқыс жинау маңызды іс пе?
- Жағдаят бойынша жұбыңа 1–2 сұрақ қой.



292-жаттығу. Сөздердің ішінен артығын тап. Неліктен артық екенін түсіндір.

- а) құс, жапырақ, өсімдік, балалар
- ә) суретші, оқушы, мұғалім, тазалықшы
- б) жүр, айт, топ, сал

- Артық сөзді алып таста. Қалған сөздерді қандай ортақ ұғым біріктіреді?



293-жаттығу. Түбір сөздерге жұрнақ қосып, мағынасын өзгерт.

Үлгі: еңбек → еңбекқор → еңбекқорлық

Еңбек, ұйым, сурет, таза, тыныс.



294-жаттығу. Жаңылтпашты жаңылмай оқы. Жаттап ал.

Оралдан омарташылар оралды,
Оралбай аға орманға орналастырды
оларды.



Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.

- *Омарта, омарташы* сөздеріне сұрақ қойып көр. Не байқадың?

Бүгін сабақта:

- сөздегі қателерді тауып, түзетуге жаттығасың;
- сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысасың;
- сөз таптарын ажыратуды білесің.



295-жаттығу. Суретке қарап, 4–5 сөйлем құра. Келесі тыңдалым мәтіні не туралы болуы мүмкін?



296-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.



- Балалар қайда барды?
- Театр ғимараты қалай сипатталған?



297-жаттығу. Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырып жаз. Әр сөздің қай сөз табына жататынын анықта.

1. Мұғалім автобуста ... туралы түсіндірді. 2. Театрдың ғимараты ... әрі әдемі екен. 3. Әртістер өз рөлін шебер ...



298-жаттығу. Диалогті рөлдерге бөліп оқыңдар. Әрі қарай өз сөздеріңмен жалғастырыңдар.

Айдар: Бүгінгі қуыршақ театрының қойылымы ұнады ма, Меруерт?

Меруерт: Иә, өте ұнады! «Алдаркөсе» рөліндегі қуыршақ сондай күлкілі болды.

Айдар: Ол байды қалай алдап кеткенін көрдің бе?
Меруерт: ...

- Қуыршақ театрының көрінісін сахналаңдар.
- Диалогтен зат есім, сын есім, етістіктерді теріп жаз.



299-жаттығу. Сөзжұмбақты шеш. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой.

1. Жүзге дейін
2. ... – жеміс.
3. Ғарышкер ... ғарышқа ұшты.
4. ... – талмас қанат.
5. Біздің бас қаламыз –
6. Ерлік –
7. Ырыс алды –



300-жаттығу. Жақшаның ішіндегі қажетті сөзді таңдап, мақал-мәтелдерді оқы. Қатесіз көшіріп жаз.

Жігітке жеті өнер де (көп/аз).

Ер (мың/бір) рет өледі, ез (бір/мың) рет өледі.

- Сан есімдерге сұрақ қой.

Бүгін сабақта:

- тірек сөздер мен жоспар, тақырып бойынша әңгіме құрауға жаттығасың;
- зат есім жайлы біліміңді қайталайсың.



301-жаттығу. Жұмбақтарды шеш. Шешуі қай сөз табына жатады?

Бас, құлақ, мойны бар,
Үп-үлкен шанағы бар.
Әндетіп шығар әні бар,
Бұл аспап, қай аспап?
(...)

Саусақ батпас түтіктен,
Сандуғаш құс сайрайды.
(...)



- Жұмбақтардың шешуін тәуелдеп жаз.



302-жаттығу. Мәтіннен зат есімдерді теріп жаз. Негізгі не туынды зат есім екенін ажырат.

Ұлттық аспаптар музейінде көне аспаптар бар. Балалар қобыздың, домбыраның үнін тыңдады. Мұғалім аспаптардың тарихы туралы айтып берді. Әсіресе қобыздың сарыны таңғалдырды.

Бұл музей – қазақ өнерін қастерлейтін орын.



303-жаттығу. Тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып, «Ұлттық аспаптар музейі» тақырыбында мәтін құраңдар.



Тірек сөздер: Музей, балалар, саяхат, ұлттық аспаптар, қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай.

Жоспар:

1. Музейге бару
2. Ұлттық аспаптардың түрлері
3. Ұлттық аспаптарды не үшін сақтау керек?



304-жаттығу. Негізгі зат есімдерден туынды зат есімдер жаса.

Ой, өн, өнер, күй, ер, ел, оқу, еңбек.

- Туынды зат есімдерді сөз құрамына талда.
- Туынды зат есімді қатыстырып, 2 сөйлем құрап жаз.



305-жаттығу. «Зат есім» ойыны. Берілген тақырыптың бірін таңда.

Мектеп өмірі

Отбасы

Табиғат

Ұлттық ойындар

- Таңдаған тақырыбыңа байланысты үш зат есім жаз.

Бүгін сабақта:

- негізгі ойды және мәтіннің тақырыбын анықтауға жаттығасың;
- етістік туралы біліміңді қайталайсың.



306-жаттығу. Әр қатарда берілген сөздерден сөйлем құра. Туынды етістіктерді сөз құрамына талда.

1. Шығарды, Айна, есепті.
2. Біз, айтып, өн, жүрміз.
3. Сурет, Ерлан, отыр, салып.
4. Бастады, Аян, ойынды.
5. Анасымен, ақылдасты, Жанайым.

- Етістіктер қай сөз табымен байланысып тұрғанына мән бер.



307-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Біздің сынып бүгін мектеп ауласында ойын ойнады. Күн жылы болды. Балалар бір-бірімен **жарысты**. Қыздар жіппен секірмек ойнады. Бөріміздің көңіліміз көтерілді.

Мұғалім де балалармен бірге **ойнады**. Ойыннан соң сурет салып, өн айттық, гүл отырғыздық. Барлығымыз достық пен қуанышты сезіндік.

Бақытты балалық шақ дегеніміз – ойнау, оқу, **армандау**, достармен күлу.

Г. Жайлауқызы

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіндегі басты ой неде деп ойлайсың? Топта талқыла.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда. Түбірі қай сөз табынан болғанын анықта.



308-жаттығу. Сөйлемдерді қатесіз, көркем жаз. Етістіктердің астын сыз.

1. Күн жылы болды. 2. Балалар бір-бірімен жарысты. 3. Секіргішпен секірді. 4. Мұғалім де балалармен бірге ойнады.

- Дара етістіктерді күрделі етістікке айналдырып айт.



309-жаттығу. «Етістік пойызы» ойыны. Ойын шарты: вагонда жазылған зат есімдерге 1 дара етістік (мысалы: келді), 1 күрделі етістік (мысалы: күліп жіберді), 1 туынды етістік (мысалы: үтіктеді) тіркестіріп айт. Ойын пойыз түрінде жалғаса береді.



310-жаттығу. Суреттер арқылы туынды етістік жаса.



- Туынды етістіктің түбірі қай сөз табынан жасалғанына мән бер.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрауға жаттығасың;
- сын есім туралы біліміңді пысықтайсың.



311-жаттығу. Берілген сын есімдерге зат есім қосып жаз.

Таза, әдемі, мөлдір, еңбекқор, қонақжай, мұздай, жылы, ақкөңіл.

Үлгі: таза ауа, ...

- Туынды сын есімнің жасалу жолын есіңе түсір.
- Туынды сын есімдерді сөз құрамына талда.



312-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Менің ауылым таудың етегінде орналасқан. Ауылдың ауасы таза, табиғаты әдемі. Таңертең тау баурайы ерекше көрінеді. Ауылдың жанында мөлдір бұлақ ағып жатыр. Оның суы мұздай. Айналасында әдемі гүлдер өседі.

Ауыл адамдары еңбекқор, қонақжай. Әжем бізді мейірімді күлкісімен қарсы алады. Аталарымыз – кеңпейілді, ақкөңіл адамдар. Жеңгелеріміз ақ дастарқандарын жайып, сыйлап жатады. Мен ауылымды жақсы көремін.

Г. Сұлтанова

Менің сүйікті ауылым

Ауылдағы адамдар

- Мәтінге қай тақырып сай келеді деп ойлайсың?
- Мәтіндегі сын есімдерді анықта.
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құра.
- «Ауылдың ауасы таза, табиғаты әдемі» деген оймен келісесің бе? Өз пікіріңді білдір.
- Өз ауылың (қалаң) туралы 4–5 сөйлем жаз.



313-жаттығу. Ребусты шеш. Шешуін қатыстырып сөйлем құра.



314-жаттығу. Жардаятты оқы.

Әлібек мағынасы қарама-қарсы сөздерді жазды:
«Ыстық – суық, аю – аңшы, қасқыр – қоян, футбол – доп,
үлкен – кіші».

- Әлібек дұрыс жазды ма? Әлібектің қатесін тап.
- Мағынасы қарама-қарсы сөздерді өзің жалғастырып жаз.



315-жаттығу. Тақырып: «Менің күшігім». Сын есімдерді қолданып, күшігіңнің мінез-құлқын, қылығын, түр-түсін, сүйкімді әрекеттерін сипаттап жаз.

- Күшігіңнің түсі қандай?
- Ол қалай ойнайды?
- Сен оны не үшін жақсы көресің?



Бүгін сабақта:

- тыңдарманның назарын өзіңе аудары білесің;
- сан есім туралы біліміңді пысықтайсың.



316-жаттығу. Диалогті жалғастырыңдар. Диалог барысында сан есімдерді қолданыңдар.

- Әлия, сен жазда не істедің?
- Мен бір апта ауылда болдым. Сен ше, Данияр?
- Мен екі күн қатарынан көлге бардым. Екі сазан, үш табан ауладым. Төртінші балық қармақтан шығып кетті.
- ...
- ...

- Сан есімдер қай сөз табымен байланысатынын еске түсіріңдер.



317-жаттығу. Мәтінді екі рет тыңда.



1) Бірінші тыңдағанда мазмұнына көңіл бөл.

- Мәтін не туралы?
- Балалар демалыста қайда барды?

2) Екінші тыңдағанда мәтіндегі сан есімдерді есіңе сақта.

- Мәтіндегі сан есімдерді кесте бойынша анықта.

Есептік сан есім	Реттік сан есім

- Сен өз демалысыңды қалай өткіздің?



318-жаттығу. «Демалыста» рөлдік ойыны. Тыңдалым мәтініндегі оқиғаны шағын көрініс түрінде сахнала. Дауыс ырғағын сақта және қаратпа сөздерді қолдан.

Үлгі:

- Әке, қараңызшы, тағы бір балық ұстадым!
- Жарайсың, балам, бүгін екі балық ұстадық қой!
- Анашым, тамағыңыз өте дәмді екен!



319-жаттығу. «Кімнің жауабы дұрыс?» екенін дәлелде.

Айжан: Сендер кинотеатрға нешеде келесіңдер?

Айнұр: Мен сағат 5-те келемін.

Айгүл: Мен 17:00-де барамын.

- Балалардың жауабын салыстыр. Олар бір уақытты айтты ма? Сен қайсысын көбірек қолданасың?
- Қай жауап ауызекі тілге жақын?



320-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқы. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді тауып жаз. Олардың сан есім екенін дәлелде.

Ел құлағы

... рет естігенше, ... рет көр.

... тал кессең, ... тал ек.

Керекті сөздер: он, бір, елу, жүз, бір.

- Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

Бүгін сабақта:

- мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді білдіруге, сұрақтар құрауға жаттығасың;
- мәтіннің тақырыбын және негізгі ойды өз бетіңше анықтай білесің.



321-жаттығу. Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсініп ал.

Жалқау тек жатар, ырысы да қашар.

Еңбек мұратқа жеткізер,
Жалқаулық абыройды кеткізер.

Бағбан еңбектің қиыншылығын көрмесе,
Жұрт жемістің дәмін татпас еді.



322-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Жалқаулық пен Қиыншылық таласып қалады. Олар бір келісімге келе алмай, Бақытқа келіп жолығады.

– Неге келдіңдер? – дейді Бақыт оларға. Жалқаулық:

– Мына Қиыншылық: «Менің адамдарға зияным жоқ, сенің ғана зияның бар», – дейді.

– Ол дұрыс айтады, – деді Бақыт, – өйткені сен, Жалқаулық, үнемі зиян әкелесің. Қиыншылық та зиян әкеледі, бірақ арты пайдаға айналады.

– Қалайша? – деді Жалқаулық.

– Қиыншылық көрген адам еңбектеніп, сол қиыншылықтан шығу жолдарын іздейді. Қиыншылық адам-

ның жолын уақытша бөгейді. Ал сен, Жалқаулық, адамның жолын үнемі бөгейсің, – деп Бақыт сөзін аяқтайды.

І. Төлен

- Мәтінге тақырып қой.
- Негізгі ойды анықта.
- Бақыттың жауабымен келісесің бе? Неліктен?
- Саған жалқаулық кедергі жасады ма?
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құра.
- Мәтін мазмұнын жоспар бойынша әңгімеле.

Жоспар:

1. Жалқаулық пен Қиыншылықтың дауласуы
2. Бақыттан жөн сұрауы
3. Бақыттың жауабы



323-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтап жаз.

Мен бұл мәтіннен ... білдім.
Мен үшін ең маңызды ой ...
Мен енді жалқау болмас үшін ...



324-жаттығу. Сөздерді оқы. Сөз құрамына талдап, кестені толтыр.

Күзетші, күтуші, әдепті, жұмысшы, көрші, бұлт, диқан, аспаз, қойшы, әдіскер, қайшы.

Түбір сөздер	Туынды сөздер

- Жауабыңды дәлелде.

Бүгін сабақта:

- мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтауға жаттығасың;
- тірек сөздер арқылы мәтін құрап жаза аласың.



325-жаттығу. Мақалды жаз, мағынасын түсініп ал.

Жолдасын тастаған жолда қалар.

Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа.



326-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз:

– Аблан, қаш, өне, ит келіп қалды, – деп қатты қорқып, айғайлап жіберді.

Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенінде, шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, – деп жатыр.

– Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, – деді Аблан.

– Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

М. Төрежанов

- Мәтінге тақырып қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықта.
- Абланның және Абыздың мінездерін сипатта.
- Осы оқиғада сен қай кейіпкерге ұқсағың келеді? Неліктен?
- «Достық» сөзіне 3 сын есім қосып айт.



327-жаттығу. «Нағыз дос» тақырыбында шағын әңгіме жаз. Тірек сөздерді пайдалан.

Тірек сөздер: *дос, көмектесті, бірге, адал, мейірімді.*

Үлгі: *Менің досым – Әли. Ол өте адал және мейірімді. Мен құлап қалғанда, ол бірден көмектесті. Біз әрқашан бірге ойнаймыз.*



328-жаттығу. Сөздерді оқып, олардың қай сөз табына жататынын анықта.

Ит, батыл, екі, ұмтылды, сырқат, шыбық, ашулы, шалбар, бір, қалу, қашу.

Сөздер	Зат есім	Етістік	Сын есім	Сан есім

135–136.

**Қорытынды бақылау
диктанты**

Түсіндірме сөздік

Алау – лаулап жанған от, жалын.

Акция – қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет.

Ауызбірлік – тату-төтті, ынтымақтастық, ұйымшылдық.

Әбзел – белгілі бір нәрсеге қажетті жабдық, ер-тұрман.

Әшекей – киімді, тұрмыстық бұйымдарды безендіруге және адамның сыртқы келбетін әсемдеуге арналған сәндік бұйым.

Балетмейстер – би нөмірінің авторы және қоюшысы.

Бастау – жер астынан шымырлап шығып жатқан таза, тұнық су көзі.

Безендіру – әшекейлеу, сәндеу, көркемдеу.

Бурка – Кавказ халықтарының қой немесе ешкі жүнінен жасалған жеңіл, желбегей сырт киімі.

Ғалым – үлкен оқымысты, көп білетін білгір, білімді.

Дивизия – 3–4 полктан құралған құрама әскер.

Дүбір – ат тұяғының дүрсілдете басуынан шыққан дыбыс.

Жас түлек – жас ұрпақ, жеткіншек.

Жырау – ауыз әдебиетінің өкілдерінің бірі, қоғамдық мәселелерді қозғайтын толғау-жырларды шығарып айтушы, жыршы болумен қатар ойшыл, ақылшы.

Жыршы – жырды орындаушы.

Кесе – көлденең.

Көзайым – көп күткен адамы келіп қуанышқа бөленді, шаттанды.

Қабілет – адамның бір нәрсеге деген бейімділігі мен икемділігі, ерекше қасиеті.

Қагілез – ұғымтал, ширақ қозғалатын, әр нәрсеге икемді.

Қолөнер – қарапайым еңбек құралдарының көмегімен қажетті бұйымдар жасайтын қол өндірісі.

Қалпына келтіруші – жөндеу, бұрынғыдай ету.

Құн – баға.

Найза – ұшы істік металдан істелген ұзын ағаш сабы бар, қадалғыш немесе лақтырмалы соғыс құралы.

Нақыл – даналық пен ғибратты өнеге етуге негізделген терең ойлы, түйінді сөз.

Ойпаң жер – төмен, ойлау жер.

Опера – музыкалық өнер жанры.

Оттатпа – «атыңды жайма» деген мағынада.

Өрнек – әртүрлі үлгімен істелген оюлы бедер.

Пейзаж – табиғаттың сұлу көрінісі.

Рәсуа – босқа кетіру, ысырап ету, қадірін кетіру.

Батырлардың рухы – ел мен жерді қорғаудағы қайсарлық, ұлттық намыс, отаншылдық және асқан ерлік қасиеттерінің жиынтығы.

Сал-сері – өткен дәуірдегі әрі әнші, әрі ақын, сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі жігіт.

Сүңгі – ұзын сапты, үшкір ұшты қару. Ол көбіне найзаға ұқсайды, жауынгерлер оны соғыста қолданған.

Табиғатты қорғаушы – табиғи ресурстарды ысырапсыз пайдалану үшін жүргізілетін түрлі шараға қатысушы.

Тана – сәндік үшін жағаға, баскиімге, омырауға тағатын түйме сияқты, дөңгелек пішінді жалтырап тұратын әшекей.

Ұлыс – рулық бірлестік; әулет.

Ұңғыма – тереңдігі бірнеше метрден 10 км дейін және одан да терең цилиндр тәрізді тау қазбасы.

Үнемдеу – затты тиімді, ұқыпты пайдалану.

Шабандоз – бөйге атына мініп шабатын адам.

Шалғай – алыс, қашық, қиыр-шет.

Шешен – сөзге ағып тұрған шебер, тілге жүйрік адам.

Орфографиялық сөздік

тұтасу
қошамет
көзайым
сәйгүлік
өнертапқыш

балетмейстр
ісмер
өдеби-мемориалдық
шипажай
еңбекқор

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыргүйектегі № 399 бұйрығына 12-қосымша (жаңа редакцияда).
3. Қазақ тілінің анықтағышы. Рәбиға Сыздық. 12-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2018.
4. Орфографиялық сөздік/ Тіл комитеті/Тіл білімі институты/ Құрастырғандар: Н.Уәли, Қ.Күдеринава және т.б. – Алматы, 2013.
5. Тілдік пәндер сабақтарында мәтіндерді пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.
6. Бастауыш сынып пәндерін оқытуда базалық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (МЖМБС аясында) – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.
7. Қазақ тілі: Оқушы анықтамалығы. Бастауыш сыныптарға арналған оқу құралы. / Бапиева Ә.Б., Мұқашева П.Е. – Астана, 2015.
8. Қазақ жаңылтпаштары. Құрастырған Жаңыл Нұралиева. – Алматы: Балауса, 2013.

Электрондық ресурстар

1. <https://sozdikqor.kz/>
2. <https://library.mtdi.kz/main/> – Мемлекеттік тілді дамыту институты сайты. /жұмбақтар, мақалдар/

Мазмұны

Алғы сөз	4
5-БӨЛІМ. ӨНЕР	5
65. Өнер – ұлттың мәңгілік қазынасы. Сөз таптары	6
66. Адамның сәні – өнер. Сөз таптары	8
67. Ата өнері – балаға мұра. Зат есім	10
68. Сырмақ өнері. Зат есім	12
69. Өнер көзі – халықта. Зат есім	14
70. Өнер – ағып жатқан бұлақ. Зат есім	16
71. Талаптыға нұр жауар. Негізгі және туынды зат есім	18
72. Өнер таппай баптанба. Негізгі және туынды зат есім	20
73. Өнер алды – қызыл тіл. Негізгі және туынды зат есім	22
74. Өнерлі өрге жүзер. Негізгі және туынды зат есім	24
75. Өнерлі бала сүйкімді. Негізгі және туынды зат есім	26
76. Өнерлінің қолы алтын. Зат есімнің тәуелденуі	28
77. Бейнелеу өнері. Тәуелдік жалғаулары	31
78. Қолөнер – бабадан қалған байлық. Зат есімнің тәуелденуі	33
79. Ат өнері білінбес, бөйгеге түсіп жарыспай. Зат есімнің тәуелденуі	35
80. Өн – көңілдің ажары. Зат есімнің тәуелденуі	37
81. Өнерлі балалар. Нәтиже сабақ	39
82. Мазмұндама	40
6-БӨЛІМ. АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР	41
83. Атақты күйші. Етістік	42
84. Ұлт ұстазы. Дара, күрделі етістік	44
85. Абай ата өсиеті. Дара, күрделі етістік	46
86. Абай – ұлы ақын. Негізгі және туынды етістік	48
87. Абайды оқы, ерінбе. Негізгі және туынды етістік	50
88. Батыр туса – ел ырысы. Негізгі және туынды етістік	52

89. Ұлт мақтаныштары. Негізгі және туынды етістік.....	54
90. Халық суретшісі. Болымды және болымсыз етістік	56
91. Биші болу – арманым. Болымды және болымсыз етістік	58
92. Еліңді сүйсең, ерлік істейсің. Болымды және болымсыз етістік	60
93. Әдебиет алыптары. Болымды және болымсыз етістік.....	62
94. Дана, дара би. Болымды және болымсыз етістік.....	64
95. Қазақтың балуаны. Сын есім.....	66
96. Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ұстаз. Сын есім.....	68
97. Театр өнері. Сын есім.....	70
98. Әнші Димаш. Сын есім.....	72
99. Нәтиже сабақ. Не үйрендім?.....	74
100. Нәтиже сабақ. Не үйрендім?	75
101–102. Мазмұндама	76
103–104. Қорытынды бақылау диктаны.....	76
7-БӨЛІМ. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ.....	77
105. Су – тіршілік негізі. Негізгі және туынды сын есім	78
106. Судың пайдасы. Негізгі және туынды сын есім	80
107. Судың табиғи көздері. Негізгі және туынды сын есім.....	82
108. Жаңбырменен жер көгерер. Негізгі және туынды сын есім.....	84
109. Су – нәр. Негізгі және туынды сын есім	86
110. Шипалы су. Сан есім	88
111. Арал теңізі. Сан есім	90
112. Неліктен су ішу керек? Сан есім	92
113. Жетісу. Есептік және реттік сан есім.....	94
114. Су анасы – бұлақ. Есептік және реттік сан есім.....	96
115. Табиғаттағы су айналымы. Есептік және реттік сан есім	98
116. Балқаш көлі. Есептік және реттік сан есім.....	100

117. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	102
118. Мазмұндама	104
8-БӨЛІМ. ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР	105
119. Мерекені ұнатамын. Мәтінді қайталау	106
120. Анаға құрмет. Мәтін және сөйлемді қайталау	108
121. Наурыз мерекесі. Сөйлемді қайталау	110
122. Ынтымақ күні. Дыбыс және әріптерді қайталау	112
123. Отан қорғаушылар күні. Дыбыс және әріпті қайталау	114
124. Жеңіс күні. Дыбыс және әріптерді қайталау	116
125. 28 панфиловшылар саябағы. Сөз және оның құрамын қайталау	118
126. Отбасылық мереке. Түбір мен қосымшаны қайталау	120
127. Серуен. Жалғау мен жұрнақ	122
128. Театрда. Сөз таптарын қайталау	124
129. Музейге саяхат. Зат есімді қайталау	126
130. Достармен демалу. Етістікті қайталау	128
131. Ауылым. Сын есімді қайталау	130
132. Көлдегі демалыс. Сан есімді қайталау	132
133. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	134
134. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	136
135–136. Қорытынды бақылау диктанты	137
Түсіндірме сөздік	138
Пайдаланылған әдебиеттер	140

Оқулық басылым

Салтанат Молотовна Нурбекова
Гулжан Жайлауовна Тенгебаева
Айнагуль Маратовна Адилова
Мария Амангельдиновна Шокубасова
Гульшира Кожаметовна Султанова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

2-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

Мәтінді оқыған Э.Исабаева

Бас редакторы А.Бекболатова

Редакторы Э.Исабаева

Техникалық редакторы В.Бондарев

Көркемдеуші редакторы И.Кипчакбаева

Бильд-редакторы А.Умбетқалиева

Видеомейкер А.Байдолданова

Арт-директоры О.Подопригора

Суретшісі Д.Туранская

Беттегендер С.Сулейменова, Г.Илишева, Л.Костина

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Теруге 23.10.25 берілді. Басуға 21.07.26 қол қойылды.

Пішімі 70 x 100 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 11,61. Таразымы 2000 дана.

«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

Артикул 803-007-002к-26